Заведующий кафедрой осуществляет анализ и контроль входных данных для проектирования нормативного рамочного документа концептуального характера, определяющий общие подходы к содержанию и к организации учебного процесса. В данном документе отражены основные принципы, правила и условия проведения учебно-воспитательного процесса подготовки будущих педагогов-дошкольников. В соответствии с запросами обучающихся, требованиями стейкхолдеров и рынка труда, политикой государства в сфере высшего дошкольного образования содержание подготовки кадров ежегодно корректируется через каталог элективных дисциплин, обновление рабочих программ учебных планов, индивидуальные академические планы обучающихся.

В рамках образовательной программы предусмотрено присвоение обучающимся академической степени «Бакалавр дошкольного образования по специальности 5В010100 – Дошкольное обучение и воспитание и предлагается образовательная траектория по направлениям «Менеджмент в системе дошкольного образования со знанием языков (казахский, английский, русский)» и «Менеджмент в дошкольном образовании». Это позволяет каждому студенту сформировать уникальные сочетания знаний и профессиональных компетенций, значительно повысить свою конкурентоспособность на рынке труда [10].

## ВЫВОДЫ

Основные направления образовательной программы дошкольного обучения и воспитания – это совокупность востребованных элементов целенаправленного образовательного поля, направленная на целевую подготовку студентов к работе на рынке дошкольного объекта.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Жумабаева З.Е. Қазақ білім академиясының баяндамалары.–2017.–№4.–70 б.
- 2 Жумабаева З.Е. Қазақ білім академиясының баяндамалары.–2018.–№1.–27 б.
- 3 <http://www.pspu.kz/>
- 4 Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.
- 5 Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 360 б.
- 6 Шваб Клаус. Төртінші индустриялық революция. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 200 б.
- 7 Куратко Д.В. Кәсіпкерлік теория, процесс, практика. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 464 бет.
- 8 Майерс Д., Туенж Ж. Әлеументтік психология. 12-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 648 б.
- 9 ГАмреева Т.И. Болонский процесс: практика внедрения в вузах Республики Казахстан: Сборник статей. – Астана, 2010. – С. 172.
- 10 Гриффин Р. Менеджмент. 12-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 648.
- 11 Эллиот Аронсон. Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеументтік психологияға кіріспе. 11- басылым. Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 408.
- 12 Бринкерхоф Д., Уейтс Р., Орега С. Әлеуметтану негіздері. 9-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 464 бет.
- 13 Джордж Ритцер, Джеффи Степница. Әлеуметтану теориясы. 10-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. 360.
- 14 Кошенова Р.Н. Педагогические взгляды М. Жумабаева. – Алматы. –1995. – №3. – 75 с.
- 15 Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б. Жарикбаев, С.К. Калиев. – Алматы: Рауан, 2005. – 512 с.
- 16 Дуейн Шульц, Сиддни Эллен Шульц. Қазіргі психология тарихы. 11-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 448 бет.
- 17 Алпысбаева Н.А. Технологии работы методической службы в развитии профессиональной компетентности современного педагога ДО // Ребенок в детском саду = Бала мен балабақша. – 2017. – №5. – С. 8-10.
- 18 Жилкибаева Қ. Мектепке дейінгі мекемелердегі білім мен тәрбие берудегі инновациялар / Қ. Жилкибаева, Қ. Кенжетаева // Ребенок в детском саду = Бала мен балабақша. – 2017. – №4. – С. 2-3

19 Прорешкина С.Б. Инновационные формы и методы работы методиста мини-центра как фактор успешной профессиональной компетентности педагогов // Ребенок в детском саду = Бала мен балабақша. – 2017. – №4. – С. 8-9.

20 Арзанбаева Б.О. Управление дошкольной организацией в условиях модернизации образования / Б.О. Арзанбаева, Б.Л. Смагулова // Менеджмент в образовании = Білім берудегі менеджмент. – 2017. – №3. – С. 19-21.

З.Е. Жумабаева<sup>1</sup>, Г.К. Байжунусова<sup>1</sup>,  
Г.М. Курманова<sup>1</sup>, Р.Ш. Модахметова<sup>1</sup>  
**«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»  
білім беру бағдарламасы туралы шолу ақпаратты**

<sup>1</sup>Педагогикалық факультет,  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Павлодар қ, Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы

Z.E. Zhumabaeva<sup>1</sup>, G.K. Baizhunosova<sup>1</sup>,  
G.M. Kurmanova<sup>1</sup>, R.Sh. Modahmetova<sup>1</sup>  
**An overview of the educational program  
«Preschool education and upbringing»**

<sup>1</sup>Pedagogical faculty,  
Pavlodar State Pedagogical University,  
Pavlodar, Pavlodar Region, Republic of Kazakhstan

#### Аңдатпа

Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беру педагогтарын даярлаудың білім беру бағдарламасының кейбір аспектілері ашылады. Мамандарды даярлау базасы туралы фактологиялық мәліметтер белгіленді». Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»мамандығының білім беру бағдарламасының нормативтік-құқықтық негіздеріне сілтеме жасалынды.

Авторлар мектепке дейінгі білім беру мәселелеріне назар аударудың шиеленіскен жағдайларын, мектепке дейінгі білім беру қызметінің жаңартылған даму енгізілу сәтінде, білім беру өрісінде болып жатқан елеулі оң өзгерістерді белгілейді. Өзгеріс әрбір мектепке дейінгі білім беру субъектісінің шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруына қолайлы білім беру қызметтеріне жаңа көзқарастар жасау мәселелеріне бағытталған.

Мақалада мектепке дейінгі білім берудің нормативтік-бағдарламалық құжаттарына шолу жасалған, онда педагогикалық көзқарастың креативтілігін дамытуды, мектепке дейінгі жастағы балаларды жаһандық өзгерістер жағдайында өмірге дайындауды ескере отырып қайта құру қажет екендігі атап көрсетілген.

Түйін сөздер: білім беру бағдарламасы, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, кадрларды даярлау, мектепке дейінгі педагог, мақсат, еңбек нарығы, бәсекеге қабілеттілік.

#### Summary

This article reveals some aspects of the educational program of teachers training for preschool education. The author outlines the factual information about the training base, references were made to the legal framework of the educational program of the specialty «pre-School education and upbringing».

The authors note the conditions of acute attention to the issues of pre-school education at the time of the updated development of pre-school educational services due to the fact that in the educational field there are significant positive changes. The change is aimed at issues related to the creation of new approaches to educational services, conducive to the creative self-realization of each preschool educational entity.

The article reviews the normative-program documents of pre-school education, where it is noted that it is necessary to restructure pedagogical activity taking into account the development of creativity of views, preparation of preschool children for life in the conditions of global changes.

Keywords: educational program, pre-school education and training, training, preschool teacher, goals, labor market, competitiveness.

МРНТИ 14.34.07

**Б.Д. Габдулина<sup>1</sup>**<sup>1</sup>Педагогикалық факультет

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университет,  
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы  
e-mail: rus\_nau@mail.ru

## МЕКТЕПАЛДЫ ТОБЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Аңдатпа

Мақалада мектепалды тобындағы балаларды мектепке даярлаудың ерекшеліктері көрсетілген. Мектепке баратын балалардың оқуға деген көзқарасын және мотивациясының дұрыс құрылуы мектепте табысты болу себептерін дамытудың шарттары жан-жақты анықталған. Сол сияқты барлық таным процестердің дұрыс дамып, қалыптасуына себеп болатын түрткілерге, мотивтерге анықтама берілген. Ғылыми-әдістемелік еңбектерді талдау, мектепке даярлық тобындағы балалардың және мектепке жаңадан қабылданғандардың таным процестерін бағалау үшін жасалған теориялар мен концепциялар жүйеленген. Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің мектеп жасына келген балалармен жүргізетін жұмыстардың мазмұны және олардың таным процестерін зерттеу проблемасы бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектер талданды, мектепалды тобындағы балалардың таным процестерін зерттеу және нәтиже көрсеткіштеріне байланысты түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру жолдары анықталды, мектепалды тобындағы балалардың мектепке психологиялық дайындығын анықтауға арналған әдістер жүйесі құрылып, балалардың оқуға қызығушылықтарын қалыптастыру үшін арнайы дамыту жаттығулары анықталды.

*Тірек сөздер:* мектеп, оқушы, даярлау, мектепалды топ, таным процестері, дамыту, психологиялық даярлық.

### КІРІСПЕ

Мектепке психологиялық дайындық – баланың психикасының дамуына қажетті және де жеткілікті деңгейде белгілі бір жағдайларда оқу бағдарламасын меңгере алу процесі. Қазіргі таңда мектепке дейінгі кезеңдегі балалардың мектепке дайындығына ерекше мән берілуде. Соңғы жарияланған реформаларға байланысты орта мектеп 12 жылдық жүйесіне ауыстырылған. Осыған байланысты мек-

тепке қабылданған балалар мектепалды тобында бастауыш сыныптар бағдарламаларын меңгеруге даярлықтан өткізу ұйымдастырылуда. Ол топтардың балаларды бастауыш мектепте оқытатын білім мазмұнын толық меңгеруге даярлықтан өткізу жұмысы тиімді болуының ең тиімді жолы балаларды психодиагностикалық зерттеуден өткізіп, оқытуға даярлығы төмен балалармен арнайы дамыту жұмысын жүргізу. Осы психологиялық мәселелерді тиімді шешу үшін мектепалды тобында жұмыс істейтін мұғалім балалардың даму ерекшеліктерін және оларды үйрету әдістемелерін жан-жақты меңгеруі қажет [1].

Балардың таным процестерін және жалпы интеллектуалдық қабілеттілігін зерттеу және дамыту жолдарын зерттеушілер Ж. Пиаже, Л.С. Выготский, Л.И. Божович, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин, А.Ф. Обухова, және т. б. еңбектерінде осы проблеманы шешу жолдары көрсетілген. Мектеп жасына дейінгі балалардың мінез – құлық қиыншылықтарымен айналысқан қазақстандық ғалымдар Х.Т. Шерьязданова, У.И. Ауталипова, Г.М. Қасымова, Б.П. Мырзатаева және балаларды 1-сыныпқа қабылдаудағы психологиялық даму деңгейлерін анықтау мәселесі бойынша Р.Т. Әлімбаева, Г.Қ. Айқынбаева, С.Б. Татманова және т. б. мамандарды атап айтуға болады.

Мектеп психологиялық қызметі осы мәселелерді қолға алғанда ғана баланың мектеп тәртібіне үйренуі және оқу барысында табысты болуы қамтамасыз етіледі.

Мектепке психологиялық дайындық – бұл кешенді түсінік: белгілі білім қоры, мотивациялық, психикалық үрдістердің өз еркінше дамуы, эмоциялық жетілу және т.б. Қазіргі таңда мектепке дайындық ең алдымен мектепке оқуға немесе оқу әрекетіне дайындық деп қарастырылып жүр.

Е.Е. Кравцованың пікірі бойынша, мектепке психологиялық дайындық мәселесі, бұл осы кезеңдегі балалардың негізгі іс-әрекетінің, яғни сюжеттік рольдік ойындарының оқу әрекетіне ауысуымен байланысты дейді. Бұл мәселе өзекті әрі маңызды, бірақ оқу әрекеті мектепке психологиялық дайындық мәселесін тұтастай қамтымайды [2].

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мектепке дейінгі баланың психикалық даму көрсеткішінің бірі оның мектепке оқуға дайындығы болып табылады. Әрбір алты жасар баланың тұлғалық белгілері, мінез-құлық мотивтері және өмірлік позициясы айқын көрінеді. Бұл жастағы балалардың танымдық мүмкіндіктері олар мектепте жүйелі оқуды бастай алады. 6 жасар баланың зейіні, есте сақтауы, қиялы жақсы дамыған. Ол өз зейінін оңай ауыстыра алады, өзіне ерекше әсер берген нәрсені есіне сақтайды, қиялы алған

әсеріне байланысты дамиды. Мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеуі де жеткілікті дамыған. Ол өзі қатысқан ойынның мазмұнын түсіндіріп бере алады, сурет бойынша әңгіме құрастырады, көлемі шағын өлеңдерді жатқа мәнерлеп айта алады. Оның ойлауы бейнелік сипатта болады, бірақ ол назарын аударған жағдайды түсіне алады. 6 жасар балалардың барлық психикалық үрдістері біртіндеп басқарылатын бола бастайды. Әсіресе бұл арнайы ұйымдастырылған жағдайда тиімді байқалады. Бұл жастағы балалардың мектепке оқуға интеллектуалдық дайындығы олардың танымдық үрдістерінің дамығандығымен, жүйеде меңгерілген қажетті білім көлемінен анықталады.

Эмоционалды-еріктік дайындығы жаңа әрекет мазмұнына жағымды қатынас орнатуында, қиындықты жеңуге тырысуында, өз іс-әрекетінің нәтижесіне жетуінде, өзінің жұмыс орнын ұйымдастыра білуінде және оны таза әрі тәртіпті ұстауында, жаңа адамдармен (ересектермен және құрдастарымен) байланыс жасауында және т.с.с. байқалады.

Ересек адам мектеп жасына дейінгі баланың танымдық, эмоционалды-еріктік, психикалық үрдістерінің ерекшеліктерін, іс-әрекетімен, мінез-құлық мотивациясының ерекшеліктерін білуі тиіс, мектептің талаптарын білу керек және «бала-мұғалім», «бала-сыныптастар», «бала-ата-ана» арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін түсінуі керек.

Баланы мектепке оқуға дайындау үшін:

- оқуға дайындығымен қызығушылығын қалыптастыру;
- бала өмірін және іс-әрекетін мектепке оқуға байланысты ұйымдастыру;
- әр түрлі іс-әрекеттерді балалармен бірлесіп орындау;
- 6–7 жасар балалардың психикалық дамуын қадағалау;
- ата-аналармен психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстарын жүргізу.

Мектепке оқуға психологиялық дайындық – бұл баланың өзімен қатарлас құрдастарының ортасында оқу бағдарламасын меңгеру үшін қажетті және жеткілікті деңгейде психологиялық дамуы [3].

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу жүйесін реформалау мектепке дейінгі білім беруді гуманизациялауға және мектеп жасына дейінгі баланың жеке тұлғасын дамытуға бағытталған. Мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке оқуға дайындық деңгейін анықтау көп қырлы мәселе. Баланың 5–6 жас кезеңі оның дамуындағы ең жауапты кезең, себебі осы кезде баланың ақыл-ой қабілеттері, адамгершілік қасиеттері, эстетикалық сезімдері қалыптасады.

Баланың мектепте оқытуға даярлығының көптеген көрсеткіштері бар. Балалардың мектепте оқуға даярлық проблемасын зерттеуші А. Анастаси,



Л.И. Божович, В.В. Давыдов т.б. ғалымдардың тұжырымдамасы бойынша даярлық көрсеткіштерін үш топқа бөліп көрсетуге болады:

1-ші – жеке тұлғалық даярлығы;

2-ші – таным процестерінің жетілгендігі немесе интеллектуалдық дайындығы;

3-ші – оқу мотивациясының қалыптасқандығы.

Баланың санасымен ойлауының даму дәрежесі неғұрлым жоғары болса, оның пайдаланатын және игеретін ұғымдары да соғұрлым көптеген бай белгілермен және күрделілікпен сипатталады. Бұл сананың заттардың сыртқы қасиеттерін жай механикалық бейнелеу емес, керісінше, онда бала бұрын бөліп шығарған түрлі мазмұнды байланыстыру, қайта өңдеу болып жататынымен түсіндіріледі. Сондықтан сананың дамуының маңызды көсеткіштерінің бірі – баланың түрлі белгілерді біріңғай, тұтас затта байланыстыра, біріктіре білу қабілеті. Сана дамуының маңызды критерийі баланың ойланып толғану дәрежесі, заттар мен жүргізетін өз іс-әрекеттерін, түрлі қасиеттегі заттарды және ең соңында өзін, өзінің «менін» түсінуі болып табылады. Өзіндік «менді» түсіну баланың жеке басы дамуының әр жағын дәнекерлейтін негізгі механизмге айналады.

Бала дамуының тұтас процесінің үш негізгі жағын бөліп шығаруға болады:

1) оқыту процесінде білім мен іс-әрекет тәсілдерінің дамуы;

2) игерілген тәсілдерді қолданудың психологиялық механизмдерінің дамуы;

3) жеке адамның жалпы қасиеттерінің (бағыттылығы, іс-әрекет, сана және ойлаудың психологиялық құрылымы) дамуы.

Дамудың көрсетілген бағыттарының әрқайсысы өзіне тән ерекшеліктермен сипатталып, ақиқат түрде барлығы өзара байланыста болады да, тек барлығы қосылғанда ғана психикалық даму деп аталынатын жеке адамның өзгеріс процесін құрайды [4].

Психологиялық құрылымдардың қалыптасуы мен дамуының жалпы заңдылықтарын да, бала дамуының жоғаыда бөлініп көрсетілген үш түрінің әрқайсысына тән ерекшеліктерін де ажыратып қарастыруға болады. Баланың жеке басының белсенділігі – психикалық даму шарты. Осындай жалпы заңдылықтардың бірі мынада: балада жаңа психологиялық құрылымдардың пайда болуы міндетті түрде баланың өз белсенділігімен байланысты. Жаңа құрылым, тіпті ол оқыту үстінде, мысалы, тәсіл түсінде сырттан берілсе де, іс-әрекетке енгізілуі, осы іс-әрекеттің өзгеріске түсуімен байланыстырылуы тиіс. Сонымен қатар баланың бегілі бір материалды игерудің өзі түрліше жүзеге асады, демек, баланың даму дәрежесіне қарай түрлі педагогикалық шарттарды талап етеді [5]. Игеру процесінде бала бағыттылық, сана және іс-әрекет ерекшеліктері бар жеке адам ретінде көрінеді. Баланың жеке басының негізгі жақтарының дамуы игеру механизмінің

өзгерісін туғызады, бұлар оқыту әдістерінде көрінуге тиіс. Мысалы, белгілі бір жастағы балалаға тән жетекші бағыттылық ерекшеліктері ескеріліп отырылуы қажет. Мектепкі дейінгі шақта көптеген аса маңызды жаңа құрылымдарының ойын әрекеті негізінде пайда болатыны белгілі. Сондықтан бұл арада сабақтар көбіне дидактикалық ойын түрінде өтеді; мұнда баланың жаңа білімдер мен тәсілдерге ие болу үстіндегі белсенділігі неғұлым көбірек дәрежеде көрінеді [6].

Білімдерді қолдану механизмдерін және жеке адамның жалпы қасиеттерін дамытудың педагогикалық шарттары. Балаларды оқыту процесінде дамудың жалпы заңдылықтарынан басқа, бала психикасы дамудың әр жағынан тән нақтылы педагогикалық шарттарды да ескерудің маңыздылығы дәлелденіп отыр. Оқыту процесінде оқушылар түрлі оқу пәндерінен білімдер мен іс-әрекет тәсілдерін игереді. Оқу үстінде балалар адамзаттың және тұтас алғанда, ғылымның өткен жолын қайталамайды. Білімдер мен іс-әрекет тәсілдерін балалар жаңадан ашып жатпай, сыттан берілгенді игеріп отырады. Өзіндік міндетіне байланысты жаңа іс-әрекет, жаңа тәсіл міндетті түрде оқытуға енгізіледі де, сол мәселені шешудің құралы болады. Балалар жаңа міндеттің өздері бұрын орындалмағандармен салыстырғанда, қандай өзгешелігі және оны шешу құралы ретіндегі жаңа іс-әрекеттің қандай ерекшелігі бар екенін түсінуі тиіс. Тек осы жағдайда жаңа іс-әрекетті, әсіресе белгілері бар операцияларды игеру саналы мағыалы болады [7].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысының нәтижесінде, балалардың таным процестерін бағалау және дамыту тестерінің мазмұндары, оларды пайдалану жолдары анықталды. Таным процестері адамның барлық интеллектуалдық қызметтеріне негіз болып, жаңа білімді, техниканы, технологияны тез меңгеруге жол ашады. Сондықтан психологиялық қызметтің мазмұнын анықтағанда, балалардың танымдық әрекеттерін дамытуға ықпал жасау жолдары нақты көрсетілуі қажет.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Bozhovich L.I. (1981). Personality and its formation in childhood.
- 2 Kristofer E., Smit L. (2001). Leadership training. pp. 73-74.
- 3 Granovskaya R.M. (1997). Elements of practical psychology. pp. 101.
- 4 Anciferova L.N. (1981). Psychology of the formation and development of personality. pp. 181.

- 5 Vallon A. (1967). Psychological development of the child. pp. 79-81
- 6 Volkov B.S., Volkova N.V. (2005). Age-related psychology. pp. 49.
- 7 Petrovskiy A.V. (1987). Psychology of pedagogical and age specifics. pp. 135.
- 8 Власова Н.В., Шабажанова С.К. Мектептегі психологиялық диагностика.
- 9 Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. Республикалық педагогикалық журнал. – 2006. – №5.
- 10 Психология. Социология. Дефектология. Республикалық педагогикалық журнал. – 2005. – №3.
- 11 <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%>
- 12 [https://moeobrazovanie.ru/chto\\_takoe\\_informatsionnye\\_tehnologii.html](https://moeobrazovanie.ru/chto_takoe_informatsionnye_tehnologii.html)
- 13 <http://it-uroki.ru/uroki/urok-1-chto-takoe-it.html>
- 14 <https://proforientator.ru/publications/articles/informatsionnye-tehnologii-i-svyaz-mozhno-li-sdelat-kareru-v-it.html>
- 15 [https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc\\_tech/475/%D0](https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc_tech/475/%D0)
- 16 [http://psu.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=7881&Itemid=29&lang=rus](http://psu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=7881&Itemid=29&lang=rus)
- 17 <http://www.psychologies.ru/glossary/29/ya-kontsepsiya/>
- 18 <http://psystudy.ru/index.php/num/2011n2-16/457-rikel16.html>
- 19 <https://cyberleninka.ru/article/n/o-reguliruyushey-rol-i-ya-kontsepsii-v-sotsialnom-povedenii>
- 20 <https://4brain.ru/blog/%D1%8F>

Б.Д. Габдулина<sup>1</sup>

**Особенности подготовки детей дошкольного возраста к школе**

<sup>1</sup> Педагогический факультет,  
Павлодарский государственный педагогический университет,  
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан.

B.D. Gabdulina<sup>1</sup>

**Special features of children's school training in schools**

<sup>1</sup> Pedagogical Faculty  
Pavlodar State Pedagogical University  
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

#### Аннотация

В статье представлены особенности дошкольной подготовки детей. Условия для успешного посещения школы были определены всесторонним образом, чтобы определить отношение и мотивацию детей, посещающих школу. Точно так же все познание было определено для мотиваторов, мо-

тивов, которые приводят к правильному развитию и формированию процессов. Существуют систематизированные теории и концепции для анализа научно-методических работ, оценки познавательных процессов у детей и дошкольников. Проведен анализ научно-методической работы по изучению психологического обслуживания детей с психологическим обслуживанием школьного возраста и изучению их когнитивных процессов, изучению познавательных процессов у детей дошкольного возраста и способов организации коррекционно-развивающих мероприятий по показателям результатов, система методов создания особого интереса детей к обучению. Развивающие упражнения были определены.

Ключевые слова: школа, ученик, подготовка, дошкольная группа, когнитивные процессы, развитие, психологическая подготовка.

#### Summary

In the article features peculiarities of preschool preparation for children. The conditions for the success of school attendance have been defined in a comprehensive way to determine the attitudes and motivation of children attending school. Similarly, all cognition has been defined for motivators, motives, which lead to the proper development and formation of processes. There are systematized theories and concepts for the analysis of scientifically-methodical works, the assessment of children's and preschoolers' cognitive processes. The scientific and methodological work on the study of psychological service of children with school-aged psychological service and the study of their cognitive processes has been analyzed, the study of cognitive processes of children in pre-school age and ways of organizing correctional-development activities according to the results indicators, a system of methods for creating special children 's interest in learning development exercises have been identified.

Key words: school, student, preparation, pre-school group, cognitive processes, development, psychological preparation.

МРНТИ 14.35.07

*Г.С. Денисламова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> Педагогикалық факультет  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университет,  
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы  
e-mail: gulnazik\_pvl@mail.ru

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

### *Аңдатпа*

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының психикалық дамуының жалпы заңдылықтары, психикалық және педагогикалық өзіндік ерекшеліктері анықталып көрсетілген. Бастауыш сынып оқушыларының бойында жалпы адамгершілік қалыптармен гуманистік, моральдық, қайырымдылық, ізгілік, өзара түсінушілік, ізеттілік, кішіпейілділік, адалдық, сыпайылық тәрізді қасиеттерді сіңіріп, олардың өзара қарым-қатынас мәдениеті мен қоршаған ортамен қарым-қатынасына мән беруінің маңыздығы жайлы ой қозғалған. Баланың оқу әрекетінің қалыптасуында да, мінез-құлқындағы кейбір көріністерінің не жойылып, не күшейіп ұстаздың алатын орны зор екендігі, оның балаға қарым-қатынасының қаншалықты маңызды екендігі анықталған. Мектептегі оқу үдерісінде оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, дамыту болашақта білімді өз бетінше жинап алу қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқаратыны және пәндерді оқыту барысында көзделетін білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту және қалыптастыруда сабақта әртүрлі әдіс – тәсілдерді қолданудың тиімділігі дәлелденді.

*Тірек сөздер: бала, психикалық даму, заңдылықтар, құндылықтар, таным, дамыту.*

### КІРІСПЕ

Бастауыш мектеп – үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы ретінде өзінің белгілі қызметін атқарады. Бастауыш сынып оқушыларының бойында жалпы адамгершілік қалыптармен гуманистік, моральдық, қайырымдылық, ізгілік, өзара түсінушілік, ізеттілік, кішіпейілділік, адалдық, сыпайылық тәрізді қасиеттерді сіңіріп, олардың өзара қарым-қатынас мәдениеті мен қоршаған ортамен қарым-қатынасына мән беруіміз керек. Бастауыш сынып оқушыларын сабақ барысында тәрбиелеудің – өзіндік ерекшеліктері бар, күрделі үрдіс. Оқу үрдісіндегі тәрбие

міндетін іске асырудағы қиындықтың бірі сыныптағы оқушылардың адамгершілік түсініктерінің әр түрлі болуында және де тәрбие күрделі үрдіс болғандықтан, бір сабақта баланы адалдыққа, қайырымдылыққа, батылдыққа, шындыққа тәрбиелеу мүмкін емес.

Бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығы өте жоғарғы деңгейде емес. Бірақ үлгерімі жақсы оқушыларда әртүрлі, соның ішінде ең күрделі оқу пәндері қызықтырады. Олар әрі сабақта, оқу материалына деген қызығушылықтарын көрсетеді.

Қазіргі уақытта бейнелеу өнері арқылы, баланың танып білу қабілетін жеткізу мәселесі, кеңінен қолға алынуда. Бұл орайда психолог мамандарының да өзіндік қосар үлесі көп. Яғни бейнелеу өнері пәнін жүргізу барысында психолог балаларға практикалық сабақтарды тиімді өткізу арқылы, баланың жас ерекшеліктерін, жеке даралық даму заңдылықтарын ескерту қажет. Сонымен қатар психологиялық тесттерді тиімді пайдалану арқылы ғылыми зерттеу жұмыстарының жолдарын жетік меңгере білу керек.

Әлемдік психологиялық практикада қолданылатын диагностикалық құралдарын ішінде бейнелеу әдістері бірінші орынға ие. Бейнелеу өнері – баланың психологиялық ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік беретін шығармашылық акт. Бейнелеу өнері – қоршаған орта мен әлеуметтік шындықтың бала санындағы бейнесі ғана емес, сонымен қатар баланың оларға деген қатынасының бейнесі.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бүгінгі бірінші сынып оқушысы, мұғалімдер айғақтағандай, бұдан он жыл бұрынғы өз қатарларынан көптеген мінез бітістерімен ажыратылады. Қоғамның әлеуметтік қарама – қарсылықтары асқынған, балалыққа симайтын теледидар жойқыны жаулаған имандылық пен инабаттылықтың кеміген, бұғаусыз еркіндік шарпыған кезең жағдайларында өскен бала бұл үдерістер астарында жатқан жақсы мен жамандықтың бәрін талғаусыз өз бойна сіңіреді. Шектен тыс түсініксіз және қажеті жоқ ақпараттармен бойын да, ойын да толтырған бала әлбетте жете дамыған, осыдан өз сезімдерін білдіруде үлкен еркіндікке құштар келеді. Адамдар арасында елеулі жік пайда болды. Ал балалар мұны көріп те, түсініп те жүр. Мектеп енді олардың ұлғая түскен талаптарын қанағаттандыруды елеулі қиыншылықтарға тап болуда. Тәрбие осы өзгерістер ізімен үлгеріп, өз міндеттерін қайта қарастыру қажет.

Кіші мектеп жасындағы балалар биологиялық тұрғыдан екінші даму кезеңіне өтеді: бой өсуі бәсеңдейді, салмағы қосыла бастайды, денесі сүйектенеді, бірақ

үдеріс мұнымен аяқталмайды. Бұлшық еттер жүйесі қарқынды дамуда болады. Осыдан майда нәзік қимылдарды орындау қабілеттері пайда болып, бала тез жазу дағдыларына жетеді. Бала ағзасының барлық ұлпалары даму жағдайында болады.

Кіші мектеп жасында жүйке жүйесі жетіліп барады, бас миы үлкен жарым шарларының қызметтері қарқынды дамып, даралана бастайды, ми қабығының талдау және біріктіру қызметтері күшейе түседі. Кіші мектеп жасындағы баланың бас миы салмақ жағынан үлкендердің миымен теңдесіп, орта есппен 1400г дейін ұлғаяды. Баланың психикасы шапшаң дами бастайды, қозу және тежелу үдерістерінің арақатынастары өзгереді: тежелу үдерісі күшейе түседі, бірақ қозу үдерісі әлі де болса басымдау, осыдан – кіші мектеп оқушысының тұрақты шыдамдылығы кем, сабырлылық оған әлі тән емес. Сезім ағзаларының дәлдік қызметі көтеріледі.

Балалардың ойлау қабілеті олардың тілімен дамиды. Қазіргі күндегі үшінші сынып оқушыларының сөздік қоры 3500–4000 сөзді құрайды. Мектептік оқудың ықпалы тек қана бала сөздік қорының ұлғайуынан көрінбейді, ең алдымен сол игерілген сөздерді ауызша және жазбаша ой білдіруде пайдалана алу ептілігінен байқалады.

Балалардың даралық ерекшеліктерін ескеру – өте маңызды, тартымды және қажетті бола тұрса да, сыныпта 20–30 оқушыны оқытып, тәрбиелеп жатқан бір мұғалімге өте қиын. Мұғалім қызметі өте ауыр. Балалар әр қилы, бірі жолдасын өкпелетіп, өз қылығына қиналады, істегенінің қателік болғанын сезінеді. Ал екінші бала, тіпті де қылығына ұялмайды, тек жазадан қорқады. Ал үшінші біреуі өз қылығын ақтап, жазаның әділетсіз екенін дәлелдеп, бағады.

Әр балада оны басқалардан ерекшелейтін даралық болады. Мұндай даралық оқушылардың түйсігінде, қабылдауында, ойлауында, есінде, қиялында, қызығуларында, икемділігінде, қабілеттерінде, темпераментінде, мінезінде көрінеді. Даралық ерекшеліктер тұлға дамуына ықпал жасайды.

Бастауыш мектеп оқушыларының психикалық және педагогикалық өзіндік мынандай ерекшеліктері бар:

- Жүйке жүйесі жетіле түседі.
- Психикасы жедел дамуға келеді.
- Тежелу кемде де, қозуы күшті.
- Танымдық іс-әрекеті тікелей оқумен байланысты.
- Қабылдау тұрақсыз, ұйымдаспаған, көрнекі қызығушылық басым.
- Зейіні ырықсыз, тұрақтылығы кем, шектелген.
- Ойлауы бастапқыда көңіл шарпуы (эмоция) мен бейнелі негізде, кейін дерексіз – логикалық кейіпке келе бастайды, тіл дамуымен бірге жүреді.

- Есі қызықты, нақты, жарқын материалға бейімдеу, көрнекі – бейнелі сипатқа ие.

- Кіші мектеп жасы ізгілік, адамгершілік сапаларды баулуға ең қолайлы кезең.

- Өзін – өзімақтау мен басқалар мадағын жақсы көреді.

Оқу-тәрбие үдерісінде, әсіресе, бастауыш сынып оқушылары үшін ұстаздың алатын орны ерекше екені белгілі. Баланың оқу әрекетінің қалыптасуында да, мінез-құлқындағы кейбір көріністерінің не жойылып, не күшейіп кетуінде де ұстаздың алатын орны зор. Сондықтан да осы жас кезеңіне сай, бала психикасын қалыптасу ерекшеліктерін қарастыру, даму процесінің қалыптасуының жеткіліксіз деңгейлерін анықтауымыз қажет. Соның нәтижесінде мінез-құлқында қиындығы бар оқушылармен арнаулы жұмыстар жүргізу қажеттілігі де кездеседі [1].

Л.И. Божовичтің [2] пікірі бойынша 7 жастағы дағдарыс бұл баланың әлеуметтік «Менінің» пайда болу кезеңі.

Өзіндік сананың өзгеруі құндылықтарды қайта бағалауға алып келеді. Бұрынғы мәні бар нәрселер, екінші деңгейге түсіп қалады. Ескі қызығушылықтар, мотивтер өзінің бастапқы күшін жоғалтады, олардың орнына жаңалары пайда болады. Оқу әрекетіне қатынасы бар барлық нәрселер (бірінші кезекте бағалар) құнды болады. Кішкентай оқушы әліде ойнайды, бірақ ойын оның өмірінде негізгі әрекеті болудан қалады.

Мектепке дейінгі кезеңнің соңында бала өз уаймдарын сезе бастайды. Қазір сезілген уаймдар тұрақты аффекті кешенді құрайды. Баланың 4 жасында сезілген эмоциясы мен сезімдері уақытша еді, оның есінде де қалмайды. Өзінің қандайда бір жұмысында кезеңдік сәтсіздіктермен соқтығысуының негізінде ренжитін, бірақ бұл оның жеке тұлға болып қалыптасуына кедергі болмайтын. Мектепке дейінгі кезеңдегі балардың кейбіреулері ғана алаңдаушылықтың жоғарғы деңгейін және өзін бағалауды байқатады, бұл отбасында оларға деген көңіл толмаушылықтан және шектен тыс талап қоюдан және керісінше, шектен тыс мақтағаннан өзін-өзі бағалауы мектепке дейінгі кезеңге тән бағалаудан жоғары болады. Бұл жағдайлардың барлығы оның жақын адамдарының үнемі қайталап отырған бағаларының нәтижесі.

7 жастағы дағдарыс Л.С. Выготскийдің [3] айтуы бойынша, уаймдардың ортақтасқан кезеңі.

Сәттіліктер мен сәтсіздіктер тізбегін (оқуда, қарым-қатынастың кең түрінде) баланың әр кезде уаймдауы тұрақты аффекті кешенінің қалыптасуына алып келеді (кемсіту, шектету, қатарға қоспау т. б.). Әрине, келешекте бұл аффектілер өзгеруі мүмкін. Бірақ олардың кейбіреулері сәйкес келген жағдайлармен нығайып, жеке тұлғаның құрылымында байқалып баланың өзін-өзі бағалауына ықпал етеді.



Эмоциялық мотивациялық аймақтың күрделенуі баланың ішкі өмірінің көшірме бедері емес. Сыртқы жағдайлар, қатынастар уайым мазмұнын құрайды, олар өзара санада ұйғарылып және эмоциялық елестер баланың логикалық сезімдерінен құралады. Сабақта әр түрлі балалармен алынған бір баға, олардан әртүрлі эмоциялық ұшқын тудырады: «төрт» біреу үшін қуаныш, екінші біреуіне көңіл қалушылық, реніш. Бір жағынан ішкі өмір уайымы балалардың мінез-құлқына бала белсене қатысатын сыртқы жағдайларға ықпалын тигізеді.

Бала өмірінің ішкі және сыртқы дифференциациясы оның мінез-құлқының өзгеруіне алып келеді. Әрекетті бағдарлаушы негіз пайда болады. Бір нәрсені орындау тілегін көңілі қалған әрекеттер арасындағы буын. Өзінің жеке әрекеттеріне мәндік бағдар беру өз өмірінің маңызды жағы бола бастайды. Сонымен қатар, бала мінез-құлқындағы өзінділік және албырттық ерекше көрініс береді. Осы механизмге байланысты бала әрекет жасамас бұрын ойланады, өз уайымы мен қобалжуын басқаларға көрсетпеуге тырысады. Баланың сыртқы келбеті «ішкі» өмірі сияқты емес, бірақ бастауыш сыныптық кезеңде эмоциясын балаларға немесе жақын адамдарына шығаруға ұмтылу, қатты орындағысы келіп тұрған нәрсені орындау әлі де байқалады.

Мектепке дейінгі кезеңде бірлескен түрткілер және өзіндік сананың болуымен сәйкес басталған жеке тұлғаның дамуы бастауыш сыныптық кезеңде де жалғасады. Бірақ бастауыш сынып оқушысы басқа жағдайда болады – ол нәтижесінің жоғарғы немесе төмен екендігін үлкен адамдар бағалайтын, қоғамдық мәні бар оқу әрекетін қосылған. Мектептегі үлгеріміне байланысты баланың бағалары жақсы немесе жаман болуы осы кезеңде оның жеке тұлғасының дамуына байланысты.

А.Н. Леонтьевтің [4] ойы бойынша, – мотивациялық аймақ – тұлға ядросы. Балаға не әсер етеді, қандай тілектер пайда болады? Өзінің мектеп өмірінің басында, оқушының ішкі позициясын сезініп, оның оқығысы келеді және де жақсы, үздік оқиды. Әртүрлі әлеуметтік оқу мотивтерінің арасында, басты орынды жоғарғы баға алу мотиві алады. Кішкентай оқушы үшін жоғарғы баға – басқа мақтаулардың, оның эмоциялық саулығының кепілі, мақтанышының қайнар көзі. Бала жақсы оқыған кезде оны мұғалімі, ата-анасы да мақтайды, басқа балаларға үлгі тұтады, оның жетістіктерін сыйлықтармен марапаттайды.

Сонымен қатар сыныпта мұғалімнің пікірі шешуші болғандықтан жоғарғы белгілер және басқа да бағалар сәйкес статусты қамтамасыз етеді. Басқа кең әлеуметтік оқу мотивтері – парыз, жауапкершілік, білім алу, сауатты болу. Міне баға – оқу үдерісіне шынайы әсер ететін түрткі, жақсы баға немесе мақтау алу үшін бала тез отырып тапсырманың барлығын мұқият орындауға тырысады [5].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бастауыш сынып оқушылары қандай да бір объектіні бейнелей отырып еріксіз, кейде тіпті саналы түрде оған өзінің қатынасын жеткізеді. Сурет – бейнелермен берілетін мәлімет. Диагностикалық зерттеу жүргізетін психологтың міндеті суреттің мәнін ашып, зерттеушінің не айтқысы келгенін түсіну. Суреттерді диагностикалауда қолдану өте маңызды, олар біріншіден, адамның саналы емес керісінше санасыз импульстерін, уаймдарын бейнелейді. Сондықтан да суреттік тесттерді «жасанды» ету қиынғасоғады, себебі өзінің шын болмысыңды суретке өзгеше етіп түсіру мүмкін емес.

Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Осыған орай мектептегі оқу үдерісінде оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, дамыту болашақта білімді өз бетінше жинап алу қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқарады және пәндерді оқыту барысында көзделетін білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту және қалыптастыруда сабақта әртүрлі әдіс – тәсілдерді қолданудың тиімділігіне көз жеткізуге болады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Autilipova U.I., Abdrahmanova D.E. (2010). Psychology of young age. pp. 189.
- 2 Bozhovich L.I. (1968). Personality and its formation in the children's age. pp. 74.
- 3 Vigotskiy L.S. (1997). Imagination and creativity in childhood. pp. 87-89.
- 4 Leontiyev A.N. (1950). Mental development of the child. pp. 59-61.
- 5 Lisina M.I. (1997). Communication, personality and psyche of the child
- 6 Власова Н.В., Шабажанова С.Қ. Мектептегі психологиялық диагностика.
- 7 Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. Республикалық педагогикалық журнал. – 2006. – №5.
- 8 Психология. Социология. Дефектология. Республикалық педагогикалық журнал. – 2005. – №3.
- 9 <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%>
- 10 [https://moeobrazovanie.ru/chto\\_takoe\\_informatsionnye\\_tehnologii.html](https://moeobrazovanie.ru/chto_takoe_informatsionnye_tehnologii.html)
- 11 <http://it-uroki.ru/uroki/urok-1-chto-takoe-it.html>
- 12 <https://proforientator.ru/publications/articles/informatsionnye-tekhnologii-i-svyaz-mozhno-li-sdelat-kareru-v-it.html>
- 13 [https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc\\_tech/475/%D0](https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc_tech/475/%D0)

14 [http://psu.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=7881&Itemid=29&lang=rus](http://psu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=7881&Itemid=29&lang=rus)

15 <http://www.psychologies.ru/glossary/29/ya-kontsepsiya/>

16 <http://psystudy.ru/index.php/num/2011n2-16/457-rikel16.html>

17 <https://cyberleninka.ru/article/n/o-reguliruyuschey-rol-i-ya-kontseptsii-v-sotsialnom-povedenii>

18 <https://4brain.ru/blog/%D1%8F>

Г.С. Денисламова<sup>1</sup>

**Общие закономерности психического развития  
школьников начальных классов**

<sup>1</sup> Педагогический факультет,  
Павлодарский государственный педагогический университет,  
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан.

G.S. Denislamova<sup>1</sup>

**General patterns of mental development of primary school students**

<sup>1</sup> Pedagogical Faculty  
Pavlodar State Pedagogical University  
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

В статье изложены общие закономерности психического развития учащихся начальных классов, их психолого-педагогические особенности. У школьников начальной школы есть общее представление о гуманистическом, нравственном, филантропическом, гуманном, взаимопонимании, доброте, смирении, верности, восхищении и важности их отношений с культурой общения и окружающей средой. Учебные установки ребенка показали, что некоторые из его поведенческих установок либо значительно возросли, либо возросли, и насколько важны их отношения с ребенком. Эффективность использования различных методов обучения в развитии классной комнаты и развитии познавательного интереса учащихся к учебным, развивающим, образовательным целям, которые обеспечиваются в процессе преподавания дисциплин, доказана в школьной программе для повышения познавательного интереса учащихся, для развития их способности самостоятельно собирать знания в будущем.

Ключевые слова: ребенок, психическое развитие, закономерности, способности, познание, развитие.

Summary

The article describes the general patterns of mental development of primary school students, their psychological and pedagogical features. Primary school students have a general understanding of

humanistic, moral, philanthropic, humane, mutual understanding, kindness, humility, loyalty, admiration and the importance of their relationship with communication culture and the environment. The child's educational attitudes have shown that some of his behavioral attitudes have either increased significantly or increased, and how important their relationship with the child is. The effectiveness of the use of various teaching methods in the development of the classroom and the development of students' cognitive interest in educational, developmental and educational goals that are provided in the process of teaching disciplines is proved in the school curriculum to increase students' cognitive interest in developing their ability to independently collect knowledge in the future.

Key words: child, mental development, laws, abilities, cognition, development.

МРНТИ 14.23.17

**З.Е. Жұмабаева<sup>1</sup>, С.Б. Жанғазина<sup>1</sup>**

<sup>1</sup> Педагогикалық факультет  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы  
e-mail: zezh@mail.ru, saulet67@mail.ru

## БАЛАБАҚША ОҚЫТУ МАЗМҰНЫНЫҢ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНА БЕЙІМДЕУДІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

### *Аңдатпа*

Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарды жаңартылған білім мазмұнына бейімдеудің дидактикалық мәселелері қарастырылған. Қазіргі уақытта заман талабына сай білім беру жүйесін жаңарту, әлемдік жаһандану, ақпараттану, технологияландыру процесстері орын алуда. Осыған орай мемлекет басымылық тарапынан қабылдаған Білім беруді дамыту бағдарламасында мектепке даярлық топтарының, 5-6 жасынан іске асыруға бағыт берілген. Бұл тұрғыдан мектепке дейінгі мекемелер алдына қойылатын жаңа мақсаттарды қалыптастырады, ең алдымен, балалардың жалпы, ақыл-ой тәрбиесін, дене тәрбиесін жаңартылған ұстанымдарға сәйкес дамыту, оқу іс-әрекетіне қатысты жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру алға қойылды. Осы мақсаттарды іске асыру үшін мектепке дейінгі ұйымдардың мұғалімдері, тәрбиешілері өзінің педагогикалық іс-әрекетінде жаңартылған бағдарламаға сай оқыту, тәрбиелеу және қалыптастыру мақсаттарына сай әдіс-тәсілдер мен технологияларды өзгертуді талап етеді

*Кілт сөздер:* Мектепке дейінгі мекеме, балабақша, жаңартылған білім, танымдық қызмет, дидактикалық ойын, зерттеу-ізденістік іс-әрекет

### КІРІСПЕ

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 2018 жылы 10 қаңтарда «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арнайы Жолдауын жариялап мұнда білім беру жүйесінің алдына «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту тиіс. Мектепке дейінгі білім беруге балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше үйрену дағдысы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет» деп белгіледі [1].

Қазіргі уақытта заман талабына сай білім беру жүйесін жаңарту, әлемдік жаһандану, ақпараттану, технологияландыру процестері орын алуда. Осыған орай мемлекет басшылық тарапынан қабылдаған Білім беруді дамыту бағдарламасында мектепке даярлық топтарында, 5–6 жасынан іске асыруға бағыт берілген [2].

Әрине, жалпы білім беру саласында аталған міндетті іске асыру үшін зор көлемді ұйымдастырушылық мәселелерді шешу керек (мектепке дейінгі және бастауыш білім беру мекемелерінің бағдарламасының өзара байланысы, қажетті әдістемелік негіздер, мектепке дейінгі мекемелердің оқытушылары мен тәрбиелеушілерінің мамандығын арттыру курстарын ұйымдастыру, ынталандырушы бағдарламалар, т.с.с.). Дегенмен біздің мақалада балабақша оқыту мазмұнының бастауыш мектептің жаңартылған білім мазмұнына бейімдеудің дидактикалық негіздері ғана қарастырылады.

Бұл тұрғыдан мектепке дейінгі мекемелер алдына қойылатын жаңа мақсаттарды қалыптастырады, ең алдымен, балалардың жалпы, ақыл-ой тәрбиесін, дене тәрбиесін жаңартылған ұстанымдарға сай дамыту, оқу іс-әрекетіне қатысты жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру алға қойылды. Осы мақсаттарды іске асыру үшін мектепке дейінгі ұйымдардың мұғалімдері, тәрбиешілері өзінің педагогикалық іс-әрекетінде жаңартылған бағдарлама мазмұнына қарай оқыту, тәрбиелеу және қалыптастыру мақсаттарына сәйкес әдіс-тәсілдер мен технологияларды өзгертуді талап етеді [3, 2 б.].

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Заманауи дидактикалық, педагогикалық технологиялар еліміздің жаңартылған білім беру мазмұнына сай келесі талаптарды іске асыру қажет:

– Оқыту, тәрбиелеу, дамыту баланың жеке тұлғалық қасиеттерін ескере отырып іске асырылуы керек (дәстүрлі дидактикада баланы білім беру, тәрбиелеу, дамыту талаптарына бейімдеу ұстанымы үстем болды);

– Баланың ынтасын арттыру мақсатында тиісті педагогикалық жағдайлар, іс-шаралар жасау;

– Мотивациялық механизмдерді іске асыратын технологияларды, әдіс-тәсілдерді қолдану;

– Балаларда ақыл-ой, қиял, ойлау т.б. таным процестерін қалыптастыратын инновациялық ұстанымдарды қолдану.

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру салалары арқылы іске асырылады.

Біздің зерттеу жұмысымыз «Таным» білім беру саласында жаңартылған білім берудің дидактикалық негіздеріне арналған. Бұл саланың мазмұны балаларда танымдық-коммуникациялық қабілеттірді қалыптастыруға, қоршаған ортаға деген қызығушылық тудыруға, математикалық және логикалық ойлауды дамытуға, шығармашылық қиялды дамытуға, зияткерлік мәдениетті қалыптастыруға негізделген.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі іс-әрекеті ойын әрекеті болып табылады. Сондықтан да балалардың танымдық қызметін дидактикалық ойындар арқылы қалыптастырудың маңызы зор

Мектепке дейінгі педагогикада ойындарды ұйымдастыру мәселесі бір топ зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған, солардың ішінде Н.А. Короткова, Н.Я. Михайленко, А.И. Сорокина, Н.Р. Эйгес, т. б. атауға болады. П.П. Блонский, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, Д.Б. Эльконин мектепке дейінгі жастағы балалардың ойын іс-әрекетін зерттеу жұмыстарын жүргізген. Бұл зерттеулердің қорытындылары қазіргі кезде өзінің өзектілігін жоғалтқан емес.

Дидактикалық ойындар ол оқытушы, дамытушы, тәрбиелеуші ойындар болып табылды. Олардың басты міндеті – білімдер, икемдер мен дағдыларды игерту, бекіту, ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Кез келген дидактикалық ойында дидактикалық міндет, ойын әрекеті және ойын ережелері болады.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін зерттеушілердің бірі Е.И. Тихеева балаларды оқыту және тәрбиелеу тиімділігін баланың қызығушылығына байланыстырады, яғни дидактикалық ойындар баланың белсенділігі мен дербестігін тудыру керек. Е.И. Тихееваның оқытушы ойындары ақыл-ой операцияларды қалыптастыруды мақсат етеді. Бұл мектепке дейінгі балалардың зерттеу-танымдық қызметтің арттырып зерттеу-ізденіс әрекеттерін тудыруға жағдайлар жасайды [4, 25 б.].

Дүниежүзіне танымал болып, еңбегі түрліше бағаланған оқытушы М. Монтессори әдістемесі бойынша қызықты дидактикалық ойындары бар. Олар сенсорлық тәрбие үшін маңызы зор және бала ойын барысында өз қателерін іздеп тауып түзетуге мүмкіншілігі болады [5, 25 б.].

Мектепке дейінгі педагогикада дидактикалық ойынның теория және тәжірибе мәселелерін көптеген зерттеушілер қарастырған: А.П. Усова, Е.И. Радина, Ф.Н. Блехер, Б.И. Хачапуридзе, З.М. Богуславской, Е.Ф. Иваницкая, А.И. Сорокина, Е.И. Удальцова, В.Н. Аванесова, А.К. Бондаренко, Л.А. Венгер. Барлық зерттеулер оқыту мен ойынның ара байланысын анықтады, ойын үдерісінің құрылымы бекітілді, дидактикалық ойындарды басқарудың формалары мен әдістері анықталды.

Дегенмен, ойын үрдісіне қатысқан балалар үшін білімдер мен икемдер екінші қатарда сезіледі, себебі бала үшін ең басты қызығушылық оқытушылық міндет емес, ойын әрекеті болып табылады. Бала дидактикалық ойын талап ететін икемдер мен білімдерді жақсы игерген жағдайда ғана дидактикалық ойынға белсенді қатыса алады. Нәтижесінде бала мұқиятты болып, өз білімдерін есте сақтауға, салыстыруға, топтауға, нақтылауға тырысады.

Дидактикалық ойындардың бұл қыры заманауи білім беру салада болып жатқан реформалау талаптарына сай қолдануға болады. Дидактикалық ойындарды мектепке дейінгі балалардың зерттеу-танымдық дағдыларын қалыптастыру үшін барынша қолдануға болады және жаңартылған білім беру шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды оқыту үрдісі кезінде қолданудың мүмкіншілігі зор [6, 62 б.].

Мектепке дейінгі жастағы балалардың зерттеу әрекетіне келетін болсақ оның келесі ерекшеліктерін анықтауға болады.

Зерттеу әрекеті кезінде балалар анықталмаған ортаға түседі, бұл олардың танымдық және шығармашылық әрекетін белсендіреді. Зерттеу әрекетін құру практикалық әрекеттің барлық кезеңдерінде балаларды енгізуге негізделеді. Зерттеу әрекеті баланың өз бетімен жұмыс жасауға, қарым-қатынас жасай білу сияқты тұлғалық сапаларының дамуына, жоспарлау, рефлексиялауға, ақпаратты іздеу және өңдеуге, сонымен қатар психикалық және танымдық процестердің дамуына ықпал етеді.

Мектепке дейінгі білім беретін бүлдіршіндердің зерттеушілік қабілеттерін арттыру – заман талабынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі. Ғылымның барлық саласының жедел дамуы, техникалық прогресс, акселерация ықпалы, барлығы да мектепке дейінгі білім беретін мекемесі баласының терең теориялық ойлауға қабілеттілігін арыттырып отыр.

Қазіргі мектепке дейінгі ұйымдарда зерттеу арқылы оқыту балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға ең тиімді технология. Кішкентай балалардың бір нәрсені зерттеуге деген талпынысы биологиялық құбылыс. Үнемі бір нәрсені зерттеуге деген талпынысы бала мінезіне тән қасиет. Ол өзін қоршаған ортаны үнемі танып білгісі келеді. Баланың бір нәрсені зерттеп білсем деген талпынысы, оны зерттеп оқу іс-әрекетіне итермелейді.

Зерттеу ісі қазіргі кезде аясы тар мамандандырылған қызмет емес, ғылыми қызметкерлердің белгілі топтарына ғана тән емес, сондай-ақ бүгінгі заман талабына, өмір сүру тәсіліне енген, кәсіби шеберлігін танытуда өзіндік көзқарасына сәйкес қызмет болып табылады. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып санала-



ды. Егер әр баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы қажет болса, онда баланың қабілетін түрлі әрекеттерде көрсету үшін зерттеуге дайындау қажет [7, 24 б.].

Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды зерттеу жұмысының толық циклын жүргізеді. Алдымен зерттеу тақырыбын тандағанда, балаларға қызықты болатынын, сол затты көре алатындай, ұстай алатындай мүмкіндік болуы қажет. Оның мақсаты — тандалған зат бойынша жан-жақты ақпаратты ата-анасымен жинастырып, шағын баяндама дайындайтынын алдын-ала түсіндірілуі керек. Қалай жұмыс істейміз? — деген сұрақтар туындайды. Әрине, бұл жұмыс түрі кішкентай балалар үшін күрделі және жаңа.

Жұмысты қарапайым сұрақтардан бастау қажет, мысалы: «Ең алдымен не істеу керек? Зерттеуді ғалымдар неден бастайды?» Әңгіме барысында балалар ең негізгі әдістерді өздері ұсынады: «Кітаптан оқу», «Қолмен ұстап көру», т.б. Әр жауаптан кейін бүлдіршінді мадақтап, алдына сол әдістің үлестірімесін қою қажет. Осындай жұмыс барысында балалардың алдында зерттеу жұмысының тізбегі құрылады (балалар айтпағанды, тәрбиеші өзі айтып кету керек). Балаларға «Эксперимент», «Компьютерден қарау», «Мамандарға сұрақтар қою», «Байқау» деген әдістерді ұсынылады да, ал «Өзіме ойлану керек» дегенді ұмытып, айтпайды. Сонымен, алдымызда зерттеу жұмысының жоспары құрылады.

Жеке ойлану, кітаптардан қарау, компьютерден қарау, эксперимент сияқты жұмыстар ұйымдастырылады. Бұл жұмысқа кірісу үшін, фиксация тәсілдері бойынша келісім жүргізу керек. Жиналған ақпараттарды есте сақтау қиын, сондықтан оларға белгі ұсыну керек. Белгілер әртүрлі болуы мүмкін: яғни сурет, символ, т.б. Алған ақпараттарды пиктографиялық жазу арқылы түсіргенде, біз баланың әртүрлі сенсорлық жолдарымен жұмыс істегенін бақылаймыз (есту, көру, иіскеу, т.б.) Ендеше, пиктографиялық жазудан алған әсерлері бала үшін ұмытылмайтын, қымбат ақпарат болып есептеледі. Әдемі салғанына, дұрыс салғанына біз тоқталмауымыз керекпіз, біздің мақсатымыз баланы осы белгілерді тез және өзіне түсінікті етіп салғызуға үйрету.

Белгілерді түрлендіруінде баланың ассоциативті және шығармашылық қасиеттері бірден оның дамуына әсер етеді. Зерттеу тақырыптары қыркүйек айында оқушылардың қызығушылықтарына байланысты тандалады. Балалардың зерттеушілік қызығушылықтарының бағыттарын анықтау бағытында жыл басында төмендегідей мазмұндама сауал алынып, қорытындысы негізінде тақырыптар берілді. Тақырыптарды бүлдіршіндердің өздері тұжырымдауға тиісті.

Тәрбиешінің ғана қолынан келетін нәрсе — ол балалардың ісіне деген қызығушылығын өшіріп алмай, ары қарай дамытуы. Яғни, ойлау қабілетінің ерекшеліктерін дамыту, белсенділіктерін арттыру, қызығушылығын дамыту, балаларға берілетін тапсырмалардан ерекше тапсырмаларды беру, көбірек ойлан-

дыру, танымдық, дидактикалық ойындар беру арқылы қызығушылығын арттыру, сұрақтармен мәселелерді шешуді, өз бетімен іс істеуге үйрету, зерттеуге баулу. Тәрбиеші өз жұмысында баланың барлық мүмкіншілігін, белсенділігін көрсетуге жол ашып, алынған білімі мен біліктілігін дұрыс колдана білуге үйрету, берген материалдың ең түйінді негізін, құндылығын, өз бетінше қорытынды жасай білуге, зерттеушілікке, арманшылдыққа баулу үшін түрлі әдіс-тәсілдер колдануы керек. Бала өзі оқып, өзі зерттесе өзін-өзі тексеріп, өз қатесін өзі түсінсе ғана жоғары жетістіктерге жетуге болады. Себебі, бала тапсырманы орындау барысында:

- Өзі жұмыс істейді;
- Жолдастарына көмектеседі;
- Олардан көмек алады;
- Тәрбиеші түсінігін колданады;
- Өз ойын тұжырымдауға үйренеді;
- Қате жіберу арқылы түзетулер жасауға үйренеді;

– Есте сақтауы жақсарады, яғни топтық жұмыста ол топтың мүддесін қорғау үшін талпынады, тырысады, өзін сол қоғам мүшесі ретінде толық сезінуге, сезіне отырып, топ ішіне жолдастарынан қалып қалмауға тырысады.

Зерттеу әрекеті-мектеп жасына дейінгі балалардың жеке шығармашылығына бағытталған әрекет. Мұндай әрекет мектеп жасына дейінгі балалардың жеке білім аумағын қалыптастыру арқылы нәтиженің туындауына мүмкіндік береді. Мектеп жасына дейінгі балаларда арнайы білімді қалыптастыруға, сондай-ақ жалпы зерттеушілік ізденіске қажет білік пен дағдыны дамытуға қажетті бағдарламаны өңдеу қағидаларын анықтайды [8, 42 б.].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу әрекетін құра отырып, балалар өздерінің білімдері мен өмірлік тәжірибесін ғана пайдаланбайды, сонымен бірге өз ойларын нақты, әдемі, дұрыс білдіруді үйренеді. Мектепке дейінгі кезеңнен зерттеу элементтерін қолдану кезкелген өзгермелі ортаға бейім тұлғаны даярлауда қолайлы деп санаймын.

Білім-бәсекеге қабілеттіліктің басты өлшемі екені белгілі. Тәрбиешілер, ұстаздар қауымы ұлы істердің ұйытқысы болып, еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етіп, қазақ елінің гүлденуіне өз үлесін қоса береді.

Балабақшалардың, ата-аналардың және тәрбиешілердің өздерінің кішкентай азаматтарынан күтетін үміттері жоғары деңгейде екені баршаға мәлім. Сондықтан, қоғамдық ортада өз ойын еркін де толық, жеткізе білетін, бәсекеге қабілетімен

күзыретті, шығармашыл, кез келген іс-әрекетке жан-жақты көзқараспен қарайтын, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру тәрбиешінің мақсаты деп ойлаймын.

Сонымен, жаңартылған білім беру бағдарламасына сай, мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың танымдық қызметін арттырудың бірден бір жолы дидактикалық ойындар мен зерттеу-ізденушілік әрекеттерді біріктіріп, балалардың танымдық, шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін дамыту, мектепке даярлығын арттыру деп танимыз.

### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕРІ ТІЗІМІ

1 Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы

2 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/>

3 Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2018–2019 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. – Астана: 2018. – 33 бет.

4 Тихеева Е.И. Игры и занятия малых детей [Текст] / Е.И. Тихеева. – М.: Наука, 2001. – 180 с.

5 Фаусек Ю. Детский сад Монтессори / Составители С.И. Сумнительная, К.Е. Сумнительный. – М.: Образование, 2007. – 150 с.

6 Рычагова Е.С. Развитие речи и начал грамоты как основа успешного обучения в школе / Е.С Рычагова // Детский сад от А до Я. – 2009. – №5. – С. 112–118.

7 Глазырина О.В. Организация познавательно-исследовательской деятельности в ДОУ: содержательный и организационный аспекты // Сборник материалов Ежегодной международной научно-практической конференции «Воспитание и обучение детей младшего возраста». – 2016. – С. 516-517 // <https://cyberleninka.ru/article/n/organizatsiya-poznavatelno-issledovatel'skoy-deyatelnosti-v-dou-soderzhatelnyy-i-organizatsionnyy-aspekty>

8 Поздеева С.И. К проблеме использования проектной и исследовательской деятельности в детском саду // Вестник ТГПУ (TSPU Bulletin). 2017. 8 (185) // <https://cyberleninka.ru/article/n/k-probleme-ispolzovaniya-proektnoy-i-issledovatel'skoy-deyatelnosti-v-detskom-sadu>

9 Савенков А.И. Методика исследовательского обучения младших школьников. – Самара: учебная литература: Федоров, 2010. – 224 с.

- 10 Тимофеева Л.Л. Проблемный подход в образовании старших дошкольников // Детский сад: теория и практика. – 2012. – №6. – С. 40–49.
- 11 Руденко И.В. Современные образовательные технологии в работе с дошкольниками // Вектор науки ТГУ. – 2013. – №2 (24). – С.423–426.
- 12 Лашкова Л.Л., Макаренко Е.В. Сотрудничество детей и взрослых в проектной деятельности // Детский сад: теория и практика. – 2015. – №12. – С. 84–95.
- 13 Семенова Н.А. Преимущество в исследовательской деятельности на разных этапах обучения // Вестник Томского гос. педун-та (TSPU Bulletin). – 2016. – Вып.5. – С.23–25.
- 14 Семенова Н.А. Исследовательские действия как основа включения дошкольников в познавательно-исследовательскую деятельность // Детский сад: теория и практика. – 2015. – №9. – С. 18–24.
- 15 Матяш Н.В. Инновационные педагогические технологии. Проектное обучение: учебное пособие для студентов. – М.: Академия, 2011. – 144 с.
- 16 Киреева О.В. Развитие исследовательской активности детей старшего дошкольного возраста в процессе экспериментирования. Дис. канд. пед. наук. – СПб., 2009. – 209 с.
- 17 Короткова Н.А. Образовательный процесс в группах детей старшего дошкольного возраста. – М.: Наука, 2007. – 208 с.
- 18 Савенков А.И. Противодействие исследовательскому поведению ребенка в современном образовании // Высшее образование в России. – 2012. – №8-9. – С. 67-73.
- 19 Короткова Т.А. Познавательно-исследовательская деятельность старшего дошкольного ребенка в детском саду // Дошкольное воспитание. – 2003. – №3. – С. 12.
- 20 Куликовская И.Э., Совгир Н.Н. Детское экспериментирование. – М.: Пед. общество России, 2005. – 125 с.

З.Е. Жумабаева<sup>1</sup>, С.Б. Жангазинова<sup>1</sup>

**Дидактические основы адаптации дошкольных учреждений  
к обновленной программе образования**

<sup>1</sup> Факультет педагогики

Павлодарский государственный педагогический университет,  
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан.

Z.E. Zhumabayeva<sup>1</sup>, S.B. Zhangazinoval<sup>1</sup>

**Didactic basics of preschool institutions adaptation to the updated education program**

<sup>1</sup> Faculty of Pedagogy

Pavlodar State Pedagogical University  
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

В статье рассмотрены дидактические проблемы дошкольных учреждений к обновленной программе образования. В настоящая время в связи с мировой глобализацией информатизации общества и развития различных технологий, имеет место обновление системы образования в соответствии с требованием времени. Внесены изменения в программу дошкольного воспитания и образования, которая рассматривает обучение детей с 5-6 лет. Это в свою очередь выдвигает новые цели перед дошкольными учреждениями. На первый план выносятся развитие умственных и физических способностей детей в соответствии с новыми принципами, которые предполагают значимость личностных качеств в учебном процессе. Для реализации этих целей педагоги и воспитатели дошкольных учреждений должны использовать технологии, методы и приемы, соответствующие целям обучения и воспитания по обновленной программе.

Ключевые слова: Дошкольное учреждение, детский сад, обновленное образования, познавательный процесс, дидактические игры, исследовательская-поисковая деятельность

Summary

The article discusses the didactic problems of pre-school institutions to the updated education program. At the present time due to the globalization of informatization of society and the development of various technologies in the world, there is a renewal of the education system in accordance with the requirements of the time. Changes have been made to the program of pre-school education and upbringing, which considers the education of children from 5-6 years old. This in turn sets forth new goals for pre-school institutions. The development of mental and physical abilities of children is brought to the forefront in accordance with the new principles, which presuppose the importance of personal qualities in the educational process. To achieve these goals, teachers and educators of preschool institutions should use technologies, methods and techniques that meet the goals of training and education in the updated program.

Key words: Preschool, child garden, updated education, educational process, didactic games, research and search activities.

МРНТИ 14.35.07

**С. Жусупбаев<sup>1</sup>**

<sup>1</sup> Педагогикалық факультет  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университет,  
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы, 140002  
e-mail: Sayatzhussupbaev@mail.ru

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТТЕРІН ДАМУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ

### *Аңдатпа*

Мақалада университеттік білім беру жүйесіндегі студенттердің ұйымдастырушылық мәдениетін қалыптастырудың теориялық кезеңдері анықталып көрсетілген. Университеттік білім беру жүйесіндегі студенттердің ұйымдастырушылық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің психологиялық-педагогикалық негіздері анықталған. Сонымен қатар тұлғаның таным әрекеттерінің элементтерін, түрлерін, формаларын дамыта отырып, университеттердегі студенттердің ұйымдастырушылық мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері анықталған. Студенттердің ұйымдастырушылық мәдениеттерін дамытудың мазмұны мен жүесі анықталып көрсетілген. ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін және жетістіктерін айқындайтын факторлары, ұйымдастырушылық мәдениеттің деңгейлері, құрылымдары және элементтері қарастырылған. Ұйымдастырушылық мәдениеттің деңгейлік үлгісі, жоо-ның ұжымдық мәдениетінің негізгі элементтері, ұжымдық құндылықтардың негізгі формалары, ұжымдық мәдениеттің құрылуын және дамуының «құндылықтар пирамидасы» көрсетілген. Заманауи университеттердің ұжымдық мәдениетінің құрылымын қарастыра отырып, университеттердегі ұжымдық мәдениеттің ерекшеліктерінің негізгі түрлері айқындалған.

*Тірек сөздер:* ұйымдастырушылық қабілет, студент, құндылықтар, форма, таным, дамыту.

### КІРІСПЕ

Бүгінгі жаһандану заманына сай әлеуметтік білім беру кеңістігіне сай бейімдеп білім алу, жалпы танымды, ойлауды дамыту, ғылыми тұжырым жасауға, олардың қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, студенттің өзінің іс әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу – аза маңызды мәселе. Себебі,

қазіргі таңда тек жоғары білімді маман ғана қоғам мен экономиканың, әлеуметтік және мәдени өркендеудің көшбасшысы бола алады. Жоғары білім – маманға білім, іскерлік және дағды ғана беріп қоймайды, ол жеке тұлғаны қалыптастырады. Заман талабы өзгерген сайын жоғары оқу орындарына қоғам тарапынан қойылатын талап та өзгерді. Өз кезегінде, студенттердің заманға сай қоғамда кешенді жүйеде білім алуы олардың ұйымдастырушылық мәдениетінің қалыптасуы мен әртүрлі жағдайларда өзін қоршаған ортада ұстай алуының басты элементі болып табылады.

ЖОО-ның жетістігі басқа да ұйымдар секілді оқу мекемесінің құрылымы мен бөлімдеріндегі ұйымдастырушылық мәдениеттің даму деңгейіне тәуелді екені белгілі. Университеттегі ұйымдастырушылық мәдениеттің зерттелуі оның өзіндік құрылымы мен алдына қойылған мақсат пен міндеті, сол мәдениетті таратуы мен қалыптасуына ықпал етуші мұғалім мен қызметкерлер ғана емес, сонымен қатар үздіксіз ұжымды ауыстырып отыратын студенттер болып табылады. Ұйымдастырушылық мәдениеттің ЖОО-на ықпал етуі студенттік өмірде аса маңызды, себебі студенттер мәдениетті, дәстүрді, құндылықтарды өзінің оқу орнының беделін оқу процесі кезеңінде ғана емес, сонымен қатар жылдар бойы насихаттаушысы болып саналады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ұйымдастырушылық мәдениет ұғымын әлеуметтік зерттеулердің объектісі ретінде қарастырмас бұрын, бұл ұғымға әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарау керек. Бұл үшін «мәдениет» және «ұйым» түсініктерін нақтылап, мағыналық шектерді анықтап алу қазіргі заманғы ұйымдардың мәдени ортасында болып жатқан процесстер мен құбылыстарды жүйелі түрде және нақты қарастыруға, талдаулар жасауға мүмкіндік береді. Ең маңыздысы бізді қызықтырып отырған түсініктерді мазмұндық тұрғысынан анықтау қажет.

«Мәдениет» ұғымы қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымда фундаменталды ұғымдардың құрамына енсе, менеджмент ұйымы аясындағы мамандар кез келген ұйым ұлт сияқты өз мәдениетіне ие екендігін айтады. Мәдениет – (латын тілінен аударғанда *cultura* – өңдеу, тәрбие, білім беру, даму, оқу деген мағына білдіреді) материалдық және рухани еңбек өнімдеріндегі, әлеуметтік нормалар мен мекемелер жүйесіндегі, рухани құндылықтардағы, адамдардың табиғатқа, өзге адамдарға өздеріне қатынастарының жиынтығында, адамзаттың өмірлік іс-әрекетінің және ұйымның дамуының спецификалық тәсілі [1].

Ең алдымен «мәдениет» ұғымын тар және кең аспектіде қарастырған дұрыс. Тар мағынада «мәдениет» ұғымы – «индивидтің өзі тарапынан құндылық ретінде қабылданған, саналанған тұлғалық жүйе және қоғамда бағаланатын, сонымен қатар тәрбие мен білім беру нәтижесінде қалыптасқан ақыл, мінез, қиял, ес сапалары, яғни «мәдениет» ұғымының бұл мағынасында адамгершілік, эстетикалық, саяси, тұрмыстық, кәсіби, гуманитарлық және ғылыми-техникалық мәдениет туралы тұжырымдалған. Әдеттегі, үйреншікті сана бойынша мәдениет түрлі шығармашылықты қабілеттермен, эрудиция, жасанды өнер өнімдерін түсіне білумен, тілдерді еркін меңгерумен, ұқыптылық, сыпайылық, сабырлықпен, жауапкершілікпен, көркемдік талғаммен, мәдени мұраны дұрыс пайдалана білу, индивидуалды қабілеттіліктердің даму дәрежесімен байланысады. Кең мағынада мәдениет – «функционалды пайдалы нормалар мен құндылықтармен ұйымдастырылған және қоғамдық тәжірибе мен қоғам санасында іс-әрекет формасы ретінде бекітілген ұйымдастырылған әлеуметтік жүйе» [ 2].

А.А. Радугин мәдениетті «мағына» түсінігі арқылы сипаттайды: «Мәдениет – адамның ойлау арқылы, адамзат өмірінің мәні мен мағынасын ашуға, түсінуге және нақтылауға деген талпынысы арқылы өзін-өзі жүзеге асыруындағы әмбебап тәсіл. Мәдениет адам алдында адамдарды шабыттандыратын, оларды белгілі бір бірлестікке (ұлтқа, діни және кәсіби топтарға және т.б) топтастыратын мағыналық әлем ретінде көз алдына елестейді. Бұл мағыналық әлем ұрпақтан ұрпаққа беріліп, адамдардың тұрмыс-тіршілігінің тәсілі мен әлемді қабылдауды анықтайды» [3].

Осы бір тұжырымдаманы толықтыра түсетін, мәдениетті сапалық тұрғыда қарастыратын, ой-пікірлердің бірі: «Мәдениет тұтас түрде биологиялық инстинкттермен реттелетін және табиғатта кездеспейтін, қоғамда пайда болатын әлеуметтік құбылыстардың (рухани және материалды) сапалық жағдайы ретінде көрініс табады. Мәдениет бұл өзінде белгілі бір нақты қоғамның, әлеуметтік қауымдастық пен топтардың және жекелеген тұлғалардың белгісін көрсететін ерекше бейнелер, ойлар, елестетулер, білімдер, құндылықтар, әрекеттер мен мінез-құлық бейнелер, өмір жоспарларының жүйесі» деп анықтайды Э. Капитанов [4].

Қазіргі заманғы ғалымдар мәдениеттің көпқызметтілігін, яғни мәдениет қызметінің көп түрлілігін оның ішінде мәдениеттің оң функцияларын көрсетіп өткен (индивидтің немесе қоғамның ортаға бейімделуінің(адаптация) дәрежесін көтеруге байланысты), сонымен қатар мәдениеттік зиянды немесе теріс функцияларының ішіндегі ашық және жасырын (латентті) түрлерін атап өткен, яғни бұл функциялар адаптация процесіне кедергі келтіреді. Мұның барлығы мәдениет құбылыстарын анықтаушы мәдениеттік анализдердің күрделілігі мен бағалаудың субъективтілігін айқындайды.



Сонымен қатар, мәдениетті өткен ұрпақтардың тәжірибелерін көрсететін, қазіргі заманғы жағдайлардың әсерімен өзгеріп отыратын және қоғамның мүшесі ретінде адаммен меңгерілетін ойлар, мағыналар, елестетулер, білімдер, құндылықтар, нормалар, әрекеттер, мінез-құлық, өмір сүру образдарының жүйесі ретінде анықтауға болады.

Қазіргі заманғы ұйымдар арасында мәдениетпен тығыз байланыстағы өзге де терминдердің қарастырылуына назар аударар болсақ, «ұйым» термині қазіргі кезде үш жалпы қабылданған мағынаға ие:

– Объект ретінде (яғни белгілі бір ішкі реттелген құрылымға ие, нақты функцияларды атқару үшін тағайындалған, қоғамда белгілі бір маңызды орынды алатын қолдан біріктірілген институттар);

– Процесс ретінде, объектіге саналы әсер етумен байланысты (яғни ұйымдастырушы фигура(тұлға) мен ұйымдастырылатын топ бар жердегі функцияларды өзара бөлісіп, байланыстар мен координациялар орнататын адамдардың әрекеті ретінде); бұл мағынада «ұйым» түсінігі толық түрде осы ұғымды білдірмесе де «басқару» түсінігімен сәйкес келеді;

– Қасиет ретінде, атрибут (яғни белгілі бір объектінің реттілік дәрежесі; объектілердің барлық түрлерінде жүйелі түрде болатын нақты бір құрылымдар, бөліктердің тұтастыққа бірігуіндегі байланыстар типтері) [5].

В.В. Щербина ұйымды «бірлескен әрекет процесінде, әлеуметтік жүйені біріктіруші, координациялайтын және адамдардың (әлеуметтік топтардың) мінез-құлқын бағыттайтын әрекеттің ұжымдық әлеуметтік субъектісі» тұрғыда қарастырады [6].

Осыған орай ұйымның мәні бірігу, бірлесе жұмыс жасау деген қорытынды жасап, ұйымның:

– мақсатқа бағытталуы ;

– ұйымды құраушы элементтер арасындағы тұрақты байланыстың болуы (ұйымдасқан құрылым);

– өзара қарым-қатынасты анықтайтын ережелердің болуы (Ұйымдастырушылық мәдениет);

– қоршаған ортамен тұрақты өзара қарым-қатынас;

– ресурстарды алдына қойылған мақсатқа жету жолында пайдалану белгілерін бөліп көрсетеді [7].

Осы белгілер жиынтығынан ұйымды негізі тек әлеуметтік қатынастармен байланысты әлеуметтік құрылым, яғни топ қана емес, сонымен қатар топтық тұтастықты сақтап қалуға мүмкіндік беретін әлеуметтік тәжірибе де болатын әлеуметтік кеңістік ретінде де қарастыруға болатынын болжай аламыз.

Ұйым деңгейінде атқаратын мәдениеттің бірнеше жалпы функцияларын атап көрсетейік:

– Бағалаушылық-нормативті функция (адамның, топ пен ұйымның шынайы мәдени мінез-құлық нормаларымен, идеалдармен салыстыру, яғни адам, топ немесе ұйымның негативті және позитивті әрекеттері; гуманды және адамгершіліктен тыс, сыпайылық және дөрекілік, прогрессивті және консервативті әрекеттер);

– Мәдениеттің регламенттеуші және реттеуші функциясы, яғни мәдениетті индивидтің мінез-құлық индикаторы немесе регуляторы ретінде қолдану;

– Танымдық функция (мысалы, жұмысшының адаптациялану кезеңдерінде жүзеге асып, қызметкердің ұжымға кірісіп кетуі мен ұжымдық әрекеттер ұйымдағы мәдениетті тану мен меңгерудің сәтті жүзеге асуына себеп болады);

– Қалыптастырушы функция: ұйымдастырушылық мәдениет адамның әлемге деген көзқарасына әсер етеді және жиі түрде ұйымның құндылықтары, ұйым мүшелерінің және ұжымның жеке құндылықтарына айналады немесе осы құндылықтармен адамның жеке құндылықтары арасында конфликт пайда болады;

– Коммуникациялық функция – құндылықтар, ұйымның қабылдаған мінез-құлық формалары және мәдениеттің өзгеде элементтері арқылы топтағы қызметкерлер арасындағы өзара түсіністік пен өзара әрекеттестік пайда болады;

– Қоғамдық есте сақтау, ұйымның тәжірибесінің сақталуы мен жинақталуы;

– Реактивті функция – ұйым қызметкерлерінің ұйымдағы мәдениет құндылықтарын өзара бөлісуі мен ұйымдағы мәдениеттің адамгершілікті потенциалының жоғары дәрежесінде ғана ұйымдағы мәдени іс-әрекетті қабылдау процесінде рухани күшті қайта қалпына келтіру жүзеге асады.

Жоғарыда аталып өткен функциялар ұйымның дамуы мен жетістікке жетуге ықпал етеді. М. Тевене пікірінше ұйым мәдениетіне байланысты бірнеше шектеулер болады. Ол үш қағидатты шектеулерді бөліп көрсетті.

Қоғамдық өмірдің барлық салаларында білім берудің маңыздылығының жоғарылауына байланысты, әлемде білім беру мәселелелерін зерттеу, оның құрылымдық компоненттерін жетілдіру, қызмет етуін оптимизациялау туралы ғылыми ойлар ерекше мәнге ие болып отыр.

Кез келген ұйым секілді жоғары мектеп басқарылатын жүйе болып табылады. Дегенмен, жоғары мектеп ішінде жүзеге асырылатын басқару іс-әрекетіне өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл ең алдымен, оның жоғары «өнімі» қазіргі өзгермелі күрделі шарттарға бейімделуге қажетті дағдылар мен қабілеттіліктері бар мақсатты, тұлғаның қалыптасуы болып табылатын біліктілікті, интеллектуалдық еңбекті қажет ететін сипаттамасымен айқындалады. Университетті ерекшелік бөліп қарастыруды қажет ететін және өз субмәдениетін қалыптастыруды

қажет ететін адамдар шоғыры – студенттер болып табылады себебі, студенттер ЖОО-ның ұйымдастырушылық мәдениетінің, дәстүрінің, құндылықтарының, имиджінің жылдар бойы насихаттаушысы болып саналады. Сондықтан да жекелей алғанда олардың қызығушылықтары, талап-тілектері мен қажеттіліктері ескерілуі керек. Студенттердің ғылыми ізденушілігін дамыту тек оқу үдерісінің шеңберінде ғана емес, сонымен қатар кафедра клубтарының, ғылыми үйірмелер, жеке шығармашылық, әлеуметтік-мәдени әрекеттердің әртүрлі формалары мен бағыттарын қамтамасыз ету мен елдердегі жоғары оқу орындары арасындағы байланыс орнатылып, бірігіп шаралар өткізілсе, онда студенттердің белсенділігі жоғары, бәсеке қабілетті қоғам мен экономиканың, әлеуметтік және мәдени өркендеудің көшбасшысы бола алады.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысының нәтижесінде, студенттердің ұйымдастырушылық-коммуникативтік мәдениет деңгейлері мен оқу үлгерімі арасында өзара тығыз байланыс бар екені дәлелденді. Дегенмен, бұл байланыс аталып өткен қосалқы мәселелер негізінде әлсізденуі мүмкін. Көптеген зерттеулерді талдау нәтижелері көрсеткендей, үлгермеушілік бірқатар мәселелерге байланысты, соның ішінде сабаққа үлгермеу, бағаға қанағаттанбау, жеке психологиялық және педагогикалық ерекшеліктерге байланысты туындайды. Ал оқытудың табыстылығы білімді, іскерліктер мен дағдыларды меңгеру сапасын өлшеу әдістерін табумен байланыстырылады. Талдаулар көрсеткендей, студенттердің жекелік ерекшеліктері тікелей оқу әрекетінің табысты болуына әсер етеді.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Gvishiani, D.M. (1989). Concise Dictionary of Sociology. pp. 73-74.
- 2 Radugin A.A. (2003). Cultural Studies: Study Guide. pp. 74.
- 3 Kapitonov E.A. (2003). Corporate Culture and PR. pp. 266.
- 4 Shatalova N.I. (2006). Organizational culture. pp. 49.
- 5 Sherbina V.V. (2000). Social Theories of Organization. pp. 132.
- 6 Spivak V.A. (2000). Organizational behavior and personnel management. pp.19.
- 7 Stankin M.I. (2006). Psychology of communication: lectures.
- 8 Мектептегі психологиялық диагностика. Власова Н.В. Шабаянова С.Қ.
- 9 Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. Республикалық педагогикалық журнал. – 2006. – №5.

10 Психология. Социология. Дефектология. Республикалық педагогикалық журнал. – 2005. – №3.

11 <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%>

12 [https://moeobrazovanie.ru/chto\\_takoe\\_informatsionnye\\_tehnologii.html](https://moeobrazovanie.ru/chto_takoe_informatsionnye_tehnologii.html)

13 <http://it-uroki.ru/uroki/urok-1-chto-takoe-it.html>

14 <https://proforientator.ru/publications/articles/informatsionnye-tehnologii-i-svyaz-mozhno-li-sdelat-kareru-v-it.html>

15 [https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc\\_tech/475/%D0](https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc_tech/475/%D0)

16 [http://psu.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=7881&Itemid=29&lang=rus](http://psu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=7881&Itemid=29&lang=rus)

17 <http://www.psychologies.ru/glossary/29/ya-kontsepsiya/>

18 <http://psystudy.ru/index.php/num/2011n2-16/457-rikel16.html>

19 <https://cyberleninka.ru/article/n/o-reguliruyushey-rol-i-ya-kontsepsii-v-sotsialnom-povedenii>

20 <https://4brain.ru/blog/%D1%8F>

С. Жусупбаев<sup>1</sup>

#### **Направления развития культур студенческой организации**

<sup>1</sup> Педагогический факультет,  
Павлодарский государственный педагогический университет,  
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан.

S. Zhusupbaev<sup>1</sup>

#### **Directions of development of student organization cultures**

<sup>1</sup> Pedagogical Faculty  
Pavlodar State Pedagogical University  
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

#### **Аннотация**

В статье изложены теоретические этапы организационной культуры студентов в системе университетского образования. Определены психолого-педагогические основы проблемы формирования организационной культуры студентов в системе университетского образования. В то же время были выявлены особенности организационной культуры студентов в вузах, выработаны элементы, формы и формы познавательной деятельности. Содержание и содержание организационной культуры студентов определены. Рассмотрены факторы, определяющие конкурентоспособность и достижения вуза, уровни, структуры и элементы организационной культуры. Пример организационной культуры, основные элементы коллективной культуры университета, основные формы коллективных ценностей, «пирамида ценностей», формирование и развитие коллективной культуры. С уче-

том структуры коллективной культуры современных вузов определены основные типы особенностей коллективной культуры в вузах.

Ключевые слова: организаторские способности, студент, ученики, форма, познание, развитие.

#### Summary

In the article presents the theoretical stages of the organizational culture of students in the system of university education. The psychological and pedagogical foundations of the problem of forming the organizational culture of students in the system of university education are determined. At the same time, features of the organizational culture of students in universities were revealed, elements, forms and forms of cognitive activity were developed. The content and content of the students' organizational culture are determined. The factors determining the competitiveness and achievements of the university, the levels, structures and elements of organizational culture are considered. An example of organizational culture, the main elements of the university's collective culture, the main forms of collective values, the "pyramid of values", the formation and development of a collective culture. Taking into account the structure of the collective culture of modern universities, the main types of characteristics of the collective culture in universities have been determined.

Keywords: organizational skills, student, pupils, form, cognition, development.

МРНТИ 14.35.07

**А.С. Кирибаева<sup>1</sup>**<sup>1</sup>Педагогикалық факультет

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университет,  
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы, 140002  
e-mail: aizhan.sagnaeva@mail.ru

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ***Аңдатпа*

Мақалада оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары анықталып көрсетілген. Оқушылардың бойында жалпы адамгершілік қалыптармен гуманистік, моральдық, қайырымдылық, ізгілік, өзара түсінушілік, ізеттілік, кішіпейілділік, адалдық, сыпайылық тәрізді қасиеттерді сіңіріп, олардың өзара қарым-қатынас мәдениеті мен қоршаған ортамен қарым-қатынасына мән берудің маңыздығы жайлы ой қозғалған. Сонымен қатар оқушылардың жас ерекшелік психологиялық ерекшеліктерін есепке алып жұмыс жасау маңызды екендігі анықталған. Қабілеттерді бірнеше сипаттамалар арқылы сапалық пен сандыққа бөліп, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, дамыту болашақта білімді өз бетінше жинап алу қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқаратыны және пәндерді оқыту барысында көзделетін білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту және қалыптастыруда сабақта әртүрлі әдіс – тәсілдерді қолданудың тиімділігі дәлелденді.

*Тірек сөздер: оқушы, таным, заңдылықтар, құндылықтар, жүйе, дамыту.*

**КІРІСПЕ**

Қабілет – бұл тұлғаның қандайда бір іс-әрекет түрін табысты орындау шарты болып табылатын индивидуалды – психологиялық ерекшелігі [1].

Қабілеттерді бірнеше сипаттамалар арқылы сипаттайды. Ол сапалық пен сандыққа ие болады. Сапалық бойынша жиі жалпы қабілеттер (білімдерді игерумен іс-әрекеттердің әртүрлі түрлерін жүзеге асыруда өнімділік пен оңайлықты қамтамасыз ететін, тұлғаның индивидуалды – ерікті қасиеттер жүйесі) және арнайы немесе жекеше (қандай да бір арнайы іс-әрекет аумағында – музыкалық, сахналық, математикалық, жоғары нәтижелерге жетуге көмектесетін, тұлғаның

қасиеттер жүйесі). Жекеше қабілеттердің нышандарда ерекше қолайлы (оларды сензитивті деп атайды), соның барысында айқын көрінетін кезеңдер болады.

Қабілет туралы бірнеше концепциялар бар.

1. Тұқымқуалаушылық теориясында қабілетті дамуы мен көрінуі тұтастай және толығымен тұқымқуалаушылық қорына тәуелді биологиялық детерминді құбылыс ретінде түсінеді. Бұл ұстанымды белгілі адамның генеологиясы және энциклопедиялық сөздіктерге сүйене таланттың тұқымқуалаушылығын зерттеген Ф. Гальтон ұстанған [2].

2. Жүре пайда болған қабілеттер теориясы. XVIII ғасырдағы Гельвецийдің тұжырымдауынша, тәрбие арқылы данышпандылықтың кез-келген деңгейін қалыптастыруға болады. Эшби бұл тұжырымды қабілет бұл тума бағдарламалар және жұмысқа деген қабілеттілік арқылы қалыптасады дейді [3].

3. Негізінен Кеңестік психологияда дамыған қабілеттегі тума және жүре пайда болған диалектиканы нақтылаған үшінші концепция болды. Анатомо-физиологиялық ерекшеліктер ғана тума бола алады, ал қабілеттің өзі – қалыптасу нәтижесі. Қабілеттер іс-әрекетте қалыптасатындықтан оның мазмұнына және балаға іс-әрекеттер мен жетістіктер этолонын беретін ересектермен қарым – қатынасқа тәуелді. Осыны негізге ала отырып, П.Я. Гальперин қабілет интериоризация нәтижесі болып табылатындығын анықтаған [4].

Б.М. Теплов музыкалық қабілеттілікті өте жоғары деңгейде тәрбиелеуге болады деген, бірақ, қабілеттілікті бүтіндей алғанда әлеуметтік, ал нышандар тұқымқуалаушылық арқылы ғана берілетіндіктен индивидтік сипаттамалар болады деген өз қарсыластарымен де келісті [5].

Нышан деп – қабілеттің дамуына негіз болатын анатомиялық және физиологиялық ерекшелігін айтамыз. Нышанның табиғи негізі – жоғары жүйке жүйесінің қызметтері, бас миындағы миллиардтаған жасушының қозу, тежелу сияқты сан қилы әрекеті және олардың алмасып отыруы. Ол іс-әрекет нәтижесінде үнемі дамып жетіледі. Нышан сан қилы мағынады көрініс береді. Мысалы, әлеуметтік ортаның, тірбие мен оқыту істерінің және түрлі жағдайлардың әсерінен келген бір нышандар нагізінде түрлі қабілеттердің дамуы мүмкін. Мәселен, бойында шапшаңдық пен дәлдік, ептілік пен шеберлік нышандары бар оқушылар тіршілік жағдайы мен оқу саласына сай әр түрлі қабілетке ие болуы мүмкін. Нышанның ерекше түрі оқушыда бала кезінен байқалады.

Тума талант иелері көбінде атақты туындыларымен 30 жасқа жетпей-ақ танылады екен. Шығармашыл тұлға шабыттанған кезде, сананы әлдебір тосын күш жаулап алады да көркемдік бейненің немесе идеяның ұрығы миына себіледі. Моцарт өзінің шығармашылық күдіреті қалай пайда болатынын түсіндіре алмай, «Қайдан және қалай шығатынын өзімде білмеймін» десе, Фет былай дейді: «Қандай ән

салатынымды білмей тұрғанымда бір әуен көмекейді бүлкілдетіп келе қалады». С. Тургенов «өзімнен тысқары бірдеңе әбден билеп алады да, бірден ілгері сүйрей жөнеледі» деп түсіндіреді.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Шет елдерде ХХ ғасырдың 50-ші жылдары ортасында талант пен дарындылықтың психологиялық зерттеулері қарқынды дами бастады. Оңтүстік Калифорния университетінің маңындағы тұлғаны зерттеу институтының ұйымдастыруымен және Мак Коннен жетекшілігімен (1949), Дж. Гилфорд, П. Торренс, Ф. Баррон, К. Тейлор және тағы басқа да ғалымдар тобымен теориялық зерттеулердің индивидуалды айырмашылық бірлестіктерінің жобаларын жүзеге асыра отырып, оқытудың дифференциалды аймағында практикалық жұмыстардың оқу бағдарламалары жасалды.

Осы зерттеулердің арқасында «дарындылық» деген ұғым кеңінен пайдаланылып, адам іс-әрекетінің әлеуметтену саласында үздік жетістікке жететін қабілеті ретінде қарастырылды.

Барлық бала дарынды немесе өзіндік жеке дара ерекше қасиеті бар деген тұжырым педиатрлардың, педагогтардың, спорттық және көркем студиялардың маңызды мәселесіне айналды.

Психологияда «дарындылық» ұғымы «сый» деген сөзден шыққын, дамудың қолайлы ішкі алғышарттарын білдіреді. Бұл ұғымға педагогикалық энциклопедияда мынадай анықтама береді: «Дарындылық – белгілі бір іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізілетін адам қабілеті дамуының жоғарғы деңгейі». «Дарындылық» ұғымы «қабілеттілік» ұғымына өте жақын.

Дарынды деп өз қатарларынан әлде қайда дамыған немесе ерекше бір зейін бар (музыкалық, көркемдік, спорттық т.б. қасиеттер бар) балаларды айтады; ғылыми тұрғыдан кәдімгі сөзде оларды жиі вундеркиндтер деп те айтады. Психология көзқарасынан дарындылық екі мағына береді – жалпы рухани зейінділік және нақты дарындылық. Жалпы зейінділікті ғалымдар – жалпылау икемділігі, кез-келген тақырыпта әңгемелесу, мәселелерді шешу және өз тәжірибесінде үйрену деп тұжырымдайды.

Н. Ожеговтың сөздігінде дарындылық «Табиғаттан берілген ерекше қабылет» деп түсіндіріледі. Адами ойлау, ізденімпаздық – табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылары да сөзсіз. Дегенмен, табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей, біреуге көптеу, біреуге аздау, ал үшіншілеріне мүлдем жарытпай тарататыны да анық.



Сонымен қатар, дарындылықты былай түсінуге болады:

1) іс-әрекет жетістігін қамтамасыз ететін, қабілеттердің өзгеше сапалы үйлесімі;

2) адамның мүмкіндіктерінің кеңдігін шарттайтын жалпы қабілеттер;

3) ақыл-ой потенциалы – логикалықты, жалпылау кеңдігін анықтайтын интеллект;

4) қандай да бір іс-әрекетте бастапқы жоғары деңгейді қамтамасыз ететін табиғи мәліметтер мен нышандар жиынтығы;

5) таланттылық.

Жасөспірімдік шақ бала мен ересектің арасындағы аралық жағдайда болады. Баланың жағдайы оның ересектерге тәуелділігімен сипатталады, бұлар оның өмірлік іс-әрекетінің басты мазмұнымен бағытын белгілейді. Баланың атқаратын ролі ересектердің ролінен сапалық тұрғыда өзгеше болады және екі жағы да мұны анық ұғынады.

Жасөспірімдік шақтың аса маңызды міндеттері – мамандық таңдау, еңбек пен қоғамдық-саяси қызметке даярлау, некелесуге өз семьясын құруға әзірлеу. Өзара байланысты бұл міндеттердің жүзеге асырылуы белгілі бір уақытты талап етеді және олардың жүзеге асу мерзімдері жас адамның іс-әрекетінің сипатына тәуелді.

Жасөспірімдік – жеке адамның толысуы мен қалыптасуының аяқталатын кезеңі. Жыныстық толысуға байланысты өз организмі мен сырт келбетіндегі үлкен өзгерістер, жағдайдың біршама тиянақсыздығы, өмірлік іс-әрекеттің күрделенуі, жеке адамның өз мінез-құлқын үйлестіруге тиісті адамдар тобының ұлғаюы – осының бәрі қосыла келіп жас өспірімдік шақта бағалаушылық – бағдарлаушылық іс-әрекетін күрт арттырады [46].

Эмоциялық автономияның үлкен қиыншылықтары бар. Жасөспірімдерге әке-шешелері балаларында болған өзгерістерді жете бағаламайтындай болып көрінеді және көбіне бұлары әбден дұрыс та.

Моральдық нұсқаулар мен құндылық бағдарлар саласында жасөспірімдер өздерінің автономиялы болу правосын барынша қорғайды. Кейде ерекше болсам деген талабын тиянақтай түсу үшін ғана әдейі ұшқары көзқарастар айтылады. Бірақ іс жүзінде әке-шешенің ықпалы бұл арада басым болып қала береді. Сән, талғам, көңіл көтеру тәсілдері секілді бірсыпыра жеңіл-желпі мәселелерде ұрпақтар арасындағы айырмашылықтар әжептәуір. Кейбір тәрбиешілердің шалбардың балағының енін, шаштың ұзындығы мен би ырғағын әкімшілікке басып жөндеуге әрекеттенуі ешкімге қажетсіз дау-жанжалға ғана әкеліп соғады.

Балаң жастық – өзіне-өзі талдау жасайтын шақ қана емес, сонымен бірге нағыз «коллективтік» шақ. Кішкентай жеткіншекке коллективтік өмірге қатысқаны, басқалармен бірге болғаны жетіп жатыр. Жоғары сынып оқушысы үшін бәрінен

маңыздысы құрбы-құрдастарының мұны қабылдауы, топқа өзін қажет сезінуі, онда белгілі бір бедел мен құрметке жетуі.

Ғалымдар дарындылықты жалпы және арнаулы деп екіге бөледі. Неміс ғалымы В. Штерн жалпы дарындылықты – интеллектіден өзгеше, оны индивидтің өз ойын жаңа талаптар, мақсаттар мен міндеттерді орындауға саналы түрде бағыттай алатын қабілеті деп түсіндіреді. Арнаулы дарындылық дегеніміз – бұл белгілі бір бағытта ерекше қабілеттер таныта алатын қабілеті деп білуі. Мысалы: қолөнер, сурет, ақындық және тағы басқалары. Сонда көптеген біріне – бірі байланыссыз арнаулы факторлар түбінде ақыл – ой қабілетін яғни интеллектіні құрайды.

Дарындылықтың бірден-бір белгісі – тілдің ерте шығуы. Әсіресе, егер бала бөлек-бөлек сөздерден қарапайым сөйлемдерге көшсе, бұндай балалардың сөз байлығы да мол, әңгімесі де мәнерлі болып келеді және олар сөздің реңі мен нюанстарын іштей сезеді. Сөйлемдері ұзақ және орынды. Көп балаларда юмор қасиеттері кездеседі. Олардың есте сақтау қабілеті жақсы дамыған, ойлау қабілеті де жан-жақты. Дарынды балалар әдетте 4 жасында хат таниды, оқи алады. Тәжірибелі психолог мұндай баланы өткір көзқарасынан және өзінің ерекше іс әрекетіне қарап көпшілік ішінен иез тауып алады. Егер үлкендер мен бала қарым-қатынасында сенімділік болмаса, ең үлкен дарын да танылмай қалады. Дарындылық, сол сияқты қарапайым зейінділік жылулық сүйіспеншілік және қамқорлық ортада ғана ашылады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қабілет – адамның индивидуалды – психологиялық ерекшелігі болып табылады. Зерттеу жұмысымыздың бірінші тарауында қабілеттің табиғаты туралы мәселені қарастырған шетел психолого-педагогикалық ғалымдарының (А.Н. Леонтьев, К.К. Платонов, С.Л. Рубинштейн, Б.М. Теплов, В.Д. Шадриков және т. б.) еңбектері қарастырылды. Жалпы қабілеттер мағынасы арнайы қабілеттер дамуының негізі ретінде зерттеулер (Б.Г. Ананьев, С.Л. Рубинштейн), қабілетті дамытудың жалпы заңдылықтарын (А.В. Брушлинский, Л.С. Выготский, Н.С. Лейтес, Р. Стенберг және т. б.), қабілетті зерттеудің әдістері (А. Бине, Дж. Гилфорд, Л. Термен, П. Торренс және т. б.) қарастырған. Ал отандық педагог-психологтардан М.А. Құдайқұлов, А.Р. Мандыкаева осы тақырыпта зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Қазіргі оқыту технологиялары мұғалімнің дайын білімді баяндауымен байланысты. Оқушылардың танымдық білімі мен білігін қалыптастыру мақсаты

арнайы үш әдістемелік ұсыныс жүйесінің негізінде ұйымдастырылуы тиіс: жаңа білім беруге дайындық, жаңа білім беру және жаңа білімді бекіту. Бұл ұсыныстар оқытудың әдіс-тәсілдерін құралдары мен түрлерін жетілдіру, қазіргі технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Adam. General provisions Man. Society. Law, grade 9 Publishing house «Мектеп», 2009.
- 2 Davydov V.V. analysis of the structure of the mental act // Reports of the Academy of pedagogical Sciences of the RSFSR, 1960, № 2.
- 3 Galperin P.Ya., Methods of teaching and mental development of the child. – М., 1985.
- 4 Leontiyev A.N. (1950). Mental development of the child. pp. 59-61.
- 5 Власова Н.В., Шабажанова С.Қ. Мектептегі психологиялық диагностика.
- 6 Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. Республикалық педагогикалық журнал. – 2006. – №5.
- 7 Психология. Социология. Дефектология. Республикалық педагогикалық журнал. – 2005. – №3.
- 8 <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%>
- 9 [https://moeobrazovanie.ru/chto\\_takoe\\_informatsionnye\\_tehnologii.html](https://moeobrazovanie.ru/chto_takoe_informatsionnye_tehnologii.html)
- 10 <http://it-uroki.ru/uroki/urok-1-chto-takoe-it.html>
- 11 <https://proforientator.ru/publications/articles/informatsionnye-tekhnologii-i-svyaz-mozhno-li-sdelat-kareru-v-it.html>
- 12 [https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc\\_tech/475/%D0](https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc_tech/475/%D0)
- 13 [http://psu.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=7881&Itemid=29&lang=rus](http://psu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=7881&Itemid=29&lang=rus)
- 14 <http://www.psychologies.ru/glossary/29/ya-kontseptsiya/>
- 15 <http://psystudy.ru/index.php/num/2011n2-16/457-rikel16.html>
- 16 <https://cyberleninka.ru/article/n/o-reguliruyuschey-rol-i-ya-kontseptsii-v-sotsialnom-povedenii>
- 17 <https://4brain.ru/blog/%D1%8F>

А.С. Кирибаева<sup>1</sup>

**Пути развития познавательных способностей учащихся**

<sup>1</sup> Педагогический факультет,  
Павлодарский государственный педагогический университет,  
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан.

A.S. Kiribayeva<sup>1</sup>

**Ways of development of cognitive abilities of students**

<sup>1</sup> Pedagogical Faculty  
Pavlodar State Pedagogical University  
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

**Аннотация**

В статье отражены пути развития познавательных способностей учащихся. Стандартами у учащихся гуманистических общечеловеческих, моральных, милосердия, добра, взаимопонимания, вежливость, доброжелательность, честность, вежливость, говорит, как и качеств, их взаимодействия с окружающей средой, культура и отношения берудің мысль о важности обстоятельств дела. Также установлено, что важно работать с учетом возрастных психологических особенностей учащихся. Целью данного мероприятия является формирование у учащихся чувства патриотизма, любви к Родине, уважения к государственным символам Республики Казахстан, воспитание уважительного отношения к государственным символам Республики Казахстан, формирование уважительного отношения к государственным символам Республики Казахстан, воспитание уважительного отношения к государственным символам Республики Казахстан, воспитание уважительного отношения к государственным символам Республики Казахстан, воспитание уважительного отношения к государственным символам Республики Казахстан.

Ключевые слова: ученик, познание, закономерности, ценности, система, развитие.

**Summary**

The article reflects the ways of development of cognitive abilities of students. Standards in students humanistic humanistic, moral, mercy, kindness, understanding, politeness, goodwill, honesty, politeness, says, as well as qualities, their interaction with the environment, culture and relationships beruidin thought about the importance of the circumstances of the case. It is also established that it is important to work taking into account the age psychological characteristics of students. The purpose of this event is to develop in students feelings of patriotism, love of country, respect for state symbols of the Republic of Kazakhstan, education of respect for the state symbols of the Republic of Kazakhstan.

Key words: student, cognition, regularities, values, system, development.

МРНТИ 14.35.07

**И.Н. Брауэр<sup>1</sup>, Р.Н. Демиденко<sup>1</sup>**<sup>1</sup>Педагогический факультет

Павлодарский государственный педагогический университет

г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

e-mail: ilona-brauer@mail.ru, e-mail: r.n.demidenko@gmail.com

## СТРЕССОУСТОЙЧИВОСТЬ В ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

### Аннотация

Статья посвящена актуальной проблеме – преодолению стресса в условиях педагогической деятельности. Выделены различные группы стрессогенных факторов, являющиеся специфическими для педагогической деятельности. Уточнены, дополнены и систематизированы научные представления о стрессоустойчивости как: системной; интегративной и динамической характеристике: личности, которая определяется способностью субъекта осознанно включать, консолидировать и развивать собственные психологические ресурсы. Выявлены и описаны, особенности проявления стресса и стрессоустойчивости у педагогов, включающие эмоциональный, когнитивный и поведенческий компоненты. Показана зависимость, стрессоустойчивости педагога от его способности включать, консолидировать и совершенствовать психологические ресурсы адаптации, защиты и преодоления, что позволяет ему адекватно воспринимать и эффективно действовать в стрессовых ситуациях без ущерба для качества деятельности и собственного здоровья. Приведены результаты экспериментального исследования, направленного на комплексную оценку проявления симптомов стресса у педагогических работников. Описаны приемы саморегуляции в стрессовых ситуациях, используемые для эффективного преодоления отрицательных последствий стресса и стабилизации эмоционального состояния.

*Ключевые слова:* стресс, стрессогенные факторы, стрессоустойчивость, саморегуляция.

### ВВЕДЕНИЕ

В условиях современных социокультурных реалий, модернизационных процессов, происходящих в системе образования, интенсифицируется деятельность педагогических работников, повышаются психофизиологические нагрузки, обусловленные высоким темпом и разносторонностью педагогической деятельности.

В этой связи траектория профессиональной деятельности педагога характеризуется большим объемом информационных потоков и социальных контактов, может сопровождаться наличием различных стрессиндуцированных расстройств, что ведет к нарушению эмоциональной, физиологической, интеллектуальной стабильности и снижению качества педагогической деятельности. Поэтому представляется весьма важной проблема развития стрессоустойчивости педагогических работников, формирования у них готовности к преодолению стрессогенных факторов внешней социальной и внутренней образовательной сред, построению индивидуальных стратегий регуляции стресса.

Профессиональная деятельность современного педагога требует постоянной и максимальной мобилизации его собственных ресурсов.

Данной проблематикой занимались такие видные психологи, однако, несмотря на наличие значительного количества работ, раскрывающих психологические проблемы стресса и стрессоустойчивости педагога (К.А. Абульханова-Славская, В.А. Бодров, А.М. Боковиков, П.Г. Зильберман, В. Журавкова, В.Л. Марищук, Л.М. Митина, Н.А. Подымов и другие), еще остается немало вопросов, связанных с пониманием специфических особенностей стресса и стрессоустойчивости педагогов в процессе осуществления ими профессиональной деятельности.

Имеющиеся психолого-педагогические исследования, однако, не дают достаточно четкого представления о структурных компонентах стрессоустойчивости педагогов, о способах, позволяющих личности мобилизоваться для адекватной оценки стрессовых воздействий и эффективного преодоления стресса в профессиональной деятельности, вследствие чего невозможно отразить всю природу изучаемого явления. Анализ состояния проблемы стрессоустойчивости педагога в опубликованной психолого-педагогической литературе обнаруживает следующие противоречия:

– между признанием значимости стрессоустойчивости как важной профессиональной характеристики педагога и недостаточной разработанностью проблемы ее повышения;

– между требованиями профессионального соответствия педагога и отсутствием разработанной технологии повышения его стрессоустойчивости, а также соответствующей системы профессиональной психолого-педагогической поддержки педагога;

– между потребностью педагогов эффективно справляться со стрессовыми ситуациями и несформированностью способов активизации собственных психологических ресурсов для преодоления стресса.

Эти противоречия и актуальность избранной темы позволили сформулировать проблему исследования: выявление и описание особенностей, структурных

компонентов, психологических ресурсов стрессоустойчивости педагога, определение практически действенных путей ее повышения.

Цель исследования: изучение стрессоустойчивости педагога как системного, интегративного, динамического свойства личности, состояния стрессоустойчивости педагогов и путей ее повышения.

Решение поставленных задач основывалось на использовании комплекса теоретических и эмпирических методов исследования: теоретические, ретроспективный, сравнительно-сопоставительный, управленческой документации, теоретическое обобщение, прогнозирование.

Были использованы диагностические методики: тест «Определение уровня стрессоустойчивости личности» Ю.В. Щербатых; методика комплексной оценки проявлений стресса Ю.В. Щербатых; многоуровневый личностный опросник «Адаптивность» А.Г. Маклакова, С.В. Чермянина; опросник «Индекс жизненного стиля» Р. Плутчика, Г. Келлермана, Х.Р. Конте (в адаптации Л.И. Вассермана, О.Е. Ерышева, Е.Б. Клубовой и др.); тест «Копинг-поведение в стрессовых ситуациях» (С. Нормана, Д.Ф. Эндлера, Д.А. Джеймса, М.И. Паркера (адаптированный вариант Т.А. Крюковой).

## ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Современный человек в процессе жизнедеятельности постоянно сталкивается с различными критическими ситуациями, которые вызывают стресс. Чтобы справиться с негативными обстоятельствами, он осуществляет постоянно внутреннюю работу по восстановлению психического равновесия.

Многие люди испытывают стрессы в течение всей жизни. Стрессы влияют на поведение человека, здоровье, взаимоотношения с окружающими и взаимоотношения в семье, его работоспособность.

Профессиональная деятельность человека влечет стрессы, свойственные той или иной профессии. У представителей профессий системы «человек – человек», в которой профессия педагога занимает одно из первых мест, стресс встречается наиболее часто. Деятельность в условиях постоянного стресса порождает утомление, повышенную тревожность, ослабление умственных способностей, рост кровяного давления, пассивное отношение к работе, снижение уровня организованности, нарушения трудовой дисциплины и т. п. Кроме того, стресс может способствовать эмоциональному выгоранию педагога.

Следовательно, стресс является серьезной и актуальной проблемой в профес-

сиональной деятельности педагога, а формирование стрессоустойчивости личности – важнейшей из задач по профилактике профессиональной деформации.

Обзор основных современных источников по этой проблеме позволяет утверждать, что стресс может описывать разнородные явления, такие как реакция на воздействия холода и на услышанную в свой адрес критику, гипервентиляция легких в условиях форсированного дыхания и радость успеха, усталость и унижение и др. [1].

«Состояние, в котором личность оказывается в условиях, препятствующих ее самоактуализации» – определяет психический стресс (Ю.С. Савенко) [2].

Это определение в большей степени характеризует аспект профессиональной деятельности человека, процесс его самоактуализации. Причиной стресса может быть всякая неожиданность, нарушающая привычное течение жизни.

При этом, по мнению Г. Селье, не имеет значения, приятна или неприятна ситуация, с которой сталкивается человек. Имеет значение лишь интенсивность потребности в перестройке или в адаптации личности. [3].

Специфические результаты двух событий – горе и радость – совершенно различны, даже противоположны, но их стрессорное действие – неспецифическое требование приспособления личности к новой ситуации – может быть одинаковым. Стресс может оказывать как положительное, мобилизирующее так и отрицательное влияние на деятельность человека.

Исходя из этого, стрессоустойчивость – это совокупность личностных качеств, позволяющих человеку переносить значительные интеллектуальные, волевые и эмоциональные нагрузки, обусловленные особенностями профессиональной деятельности, без особых вредных последствий для деятельности, окружающих и своего здоровья [4].

Согласно теории стрессоустойчивости выделяют четыре типа стрессоустойчивости личности [4]:

– стрессонеустойчивые: максимально возможная ригидность по отношению к внешним событиям. Такие люди не склонны менять свое поведение и адаптироваться под внешний мир. Их установки и понятия незыблемы. Поэтому любое неблагоприятное внешнее событие или даже намек на его возможность в будущем для них – стресс;

– стрессотренируемые: готовы к переменам, но только не глобальным и не мгновенным. Они стараются трансформировать свою жизнь постепенно, непридуманно, безболезненно, а когда это по объективным причинам невозможно, делаются раздражительными или впадают в депрессию. Однако по мере повторения примерно схожих по содержанию напряженных ситуаций «стрессотренируемые» привыкают и начинают реагировать на стрессы более спокойно;



– стрессотормозные: отличаются жесткостью своих жизненных принципов и мировоззренческих установок, однако к внезапным внешним изменениям относятся достаточно спокойно. Они принципиально не готовы меняться постепенно, но могут пойти на быстрое и однократное изменение той или иной сферы их жизни, например, резко сменить работу. Если же стрессы следуют один за другим, а особенно имеют вялотекущий характер, они постепенно теряют присутствие духа и контроль над своими эмоциями;

– стрессоустойчивые: готовы относительно спокойно принимать любые перемены, какой бы характер – длительный или мгновенный – они не носили. Наоборот, все стабильно и заранее предопределенное им чуждо и вызывает иронию по причине всеобщей неустойчивости, столь остро ощущаемой представителями этой группы. Они обычно сами начинают процессы преобразований или даже революций, возглавляют их, при этом в самый острый момент могут отойти в сторону, так как при всей любви к переменам вовсе не в восторге от возможности нанесения ущерба себе. Умеют эффективно действовать в нестабильных, кризисных условиях, но плохо приспособлены для работы в организациях с устоявшимися традициями. Стрессом для них являются только самые тяжелые события, касающиеся их самих или близких. Нередко «стрессоустойчивые» выбирают себе профессии, связанные с риском и постоянным нахождением в экстремальных ситуациях [5].

С точки зрения профессиональной деятельности педагога, наибольший интерес представляют организационные факторы, которые вызывают стресс на рабочих местах в образовательных учреждениях и организациях.

Источники могут быть связаны с трудовой деятельностью, ролью работника и его взаимоотношениями в организации, карьерой, организационной структурой и психологическим климатом организации личными проблемами работника.

Причинами стресса могут быть самые разнообразные факторы внешней среды («экология» рабочего места, природные факторы); эмоциогенные факторы (конфликты в педагогическом коллективе, неуважение учеников, необоснованная критика начальника и др.). Это все, что может волновать педагога: несчастье, грубое слово, незаслуженная обида, внезапное препятствие действиям.

В последние годы все чаще говорится о взаимосвязи и взаимовлиянии профессионального стресса, и синдрома психологического сгорания или выгорания работников.

Без рационального подхода к их использованию в стрессовых ситуациях, не владея навыками активного и эффективного преодоления, при отсутствии системы поддержки педагог начинает испытывать проявления стресса на всех уровнях: эмоциональном, поведенческом, когнитивном.

По мере того как усугубляются последствия рабочих стрессов, истощаются моральные и физические силы человека, он становится менее энергичным, ухудшается его здоровье, снижается трудовая мотивация, развивается безразличие к работе, ухудшаются качество труда

По данным Н.А. Морозовой, Ю.Э. Макаревной, Л.Н. Ожиговой, синдрому профессионального выгорания подвержены педагоги, отличающиеся беспокойством, тревожностью, чувствительностью к сложным и конфликтным ситуациям, раздражительностью, замкнутостью и необщительностью, с несколько ограниченным кругом интересов, формализующие свои профессиональные обязанности, избегающие сложностей и ответственности, недисциплинированные и плохо организованные [6].

Также «сгоранию» в большей степени подвержены «трудоголики», т. е. работающие с высокой самоотдачей и ответственностью, те, кто нашли свое призвание в работе, трудятся до самозабвения, с установкой на постоянный рабочий процесс [7].

Выгорание представляет собой комплекс психических переживаний и поведения, которые сказываются на работоспособности, физическом и психологическом самочувствии, а также на интерперсональных отношениях работника. Синдром «профессионального выгорания» – ответная реакция на длительные рабочие стрессы межличностного общения.

Таким образом, можно сделать вывод о том, что эмоциональное выгорание – это состояние физического, эмоционального и умственного истощения, которое возникает вследствие длительного воздействия неблагоприятных факторов. Развитие синдрома носит стадийный характер. По мере развития синдрома могут возникнуть различные психосоматические заболевания, стресс и профессиональная дезадаптация личности. Поэтому каждый человек может осознанно выбрать – будет ли он выгорать под напором внешних обстоятельств, иногда действительно очень неблагоприятных, или прилагать энергию для поиска новых ресурсов своей личности через нахождение новых смыслов, позитивных моментов и просто через переживание сиюминутных приятных ощущений.

Экспериментальное исследование, направленное на оценку проявлений стресса у педагогических работников (в диагностической работе приняли участие 68 педагогов Павлодарской области), было организовано с применением методик «Определение уровня стрессоустойчивости личности» (Ю.В. Щербатых), методика комплексной оценки проявлений стресса (Ю.В. Щербатых), опросник проявлений стресса у педагогов «Адаптивность» (А.Г. Маклакова, С.В. Чермянина); «Копинг-поведение в стрессовых ситуациях» (С. Норман, Д.Ф. Эндлер, Д.А. Джеймс, М.И. Паркера; адаптированный вариант Т.А. Крюковой).

После первичной обработки результатов респонденты были распределены по трем группам: низкоустойчивые (37%), среднеустойчивые (32%) и высокоустойчивые (31%) к стрессу. В группе педагогов с низкой и средней устойчивостью к стрессу выявлен высокий коэффициент выраженности эмоциональных, поведенческих и когнитивных проявлений стресса. Это означает наличие у значительной части обследуемых педагогов выраженного напряжения систем организма в ответ на воздействие сильного или длительного стрессового фактора, нарушение механизмов регуляции, отсутствие активных осмысленных действий, направленных на решение предъявляемых задач при сохранении здоровья.

Статистическая обработка данных подтвердила наличие корреляционной связи между уровнем стрессоустойчивости и комплексной выраженностью эмоциональных, поведенческих и когнитивных проявлений стресса (уровень значимости  $p \leq 0,01$ , то есть весьма высокий). Полученные данные подтверждают наше положение о стрессоустойчивости как о системной, интегративной характеристике: изменения в одних структурных компонентах обуславливают качественные изменения в других.

Анализ данных проведенного исследования позволил выявить специфические особенности проявлений стресса, характерные для педагогов, представляющих разные ступени образования (дошкольную, среднюю и высшую). Педагоги дошкольных учреждений демонстрируют полимодальность выраженности эмоциональных, поведенческих, когнитивных проявлений стресса: отсутствие видения альтернативных действий, пассивность, желание переложить ответственность на другого, повышенную тревогу, низкую продуктивность деятельности. У педагогов средних образовательных учреждений преобладающими являются эмоциональные проявления стресса: равнодушие, уменьшение чувства уверенности в себе, недовольство своей работой. Педагоги высших образовательных учреждений демонстрируют выраженность эмоциональных и поведенческих проявлений стресса: раздражительность, уменьшение чувства уверенности в себе, снижение самооценки, уменьшение удовлетворенности жизнью.

В рамках мероприятий, смягчающих воздействие стресса на психическое и физическое здоровье личности педагога, существует: социальная поддержка, стойкость, оптимизм, реактивность вегетативной нервной системы, релаксация, занятие физической культурой, правильный отдых.

Таким образом, формирование стрессоустойчивости является залогом психического здоровья педагога. Путь к психическому здоровью – это путь к интегральной личности, не разрывающейся изнутри конфликтами мотивов, сомнений, неуверенностью в себе. На этом пути важно познавать особенности своей психики,

что позволит не только предупреждать возникновение болезней, укреплять здоровье, но и совершенствовать самих себя и свое взаимодействие с внешним миром.

Итак, стресса не следует избегать, – советует Г. Селье, поскольку «полная свобода от стресса означает смерть» [3]. А педагогам, людям, страдающим от стрессов, необходимо овладеть двумя науками: справляться с обстоятельствами жизни, ведущими к стрессам, и со свойствами личности, способствующими возникновению стресса, как в процессе осуществления своей профессиональной деятельности, так и на этапе получения данной профессии.

Подводя итог изложенному, отметим, что проблема стрессоустойчивости в деятельности педагогических работников в современном, динамично развивающемся информационно-образовательном пространстве как сфере деятельности отдельных людей, профессиональных групп, субъектов государственного управления, требует дальнейшей проработки технологических механизмов ее формирования и развития, вооружения педагогов эффективными стратегиями преодоления стресса, что, безусловно, окажет позитивное влияние на качество педагогической деятельности и субъектную стабильность.

## ВЫВОДЫ

В результате проведенного исследования, выявлено, что стрессоустойчивость является очень важным качеством личности преподавателя. Поэтому актуальной является необходимость изучения способов повышения стрессоустойчивости.

В соответствии с поставленными задачами мы провели исследование, которое позволяет нам сделать следующие выводы:

1) Стрессоустойчивость это способность переносить стрессовые ситуации, не теряя самообладания, трезвой оценки ситуации и умение приспосабливаться к внешним раздражителям.

2) Стрессоустойчивость – это совокупность личностных качеств, способствующих преодолению психологических нагрузок, обусловленных особенностью профессиональной деятельности педагога, без серьезных последствий для своего психического и физического здоровья, самой деятельности, а так же окружающих людей.

3) Профессиональная деятельность педагогов является одним из наиболее напряженных в психологическом плане видов социальной активности и входит в группу профессий с большим присутствием стрессфакторов, что предъявляет повышенные требования к такой характеристике как стрессоустойчивость.

4) Стрессоустойчивость можно сформировать, так как эта способность не является врожденным свойством личности.

5) Для формирования стрессоустойчивости необходимо уметь пользоваться мимической мускулатурой, совершенствовать дыхание, уметь сознательно концентрировать внимание, использовать приемы воображения и визуализации.

Также были описаны особенности профессии педагога, именно из-за которых учитель становится восприимчивым к стрессу. Было доказано, почему профессия преподавателя является напряженным трудом. Мы рассмотрели различные стрессогенные факторы, влияющие на преподавателей. Профессиональная деятельность многих педагогов сегодня проходит в условиях интенсивного воздействия стрессовых факторов. В ряде случаев нагрузки на психику преподавателя достигают высокого уровня, что превышает адаптационные возможности организма. В результате возникают высокое эмоциональное напряжение, нервные срывы и различные заболевания, приводящие к временному, а иногда и полному прекращению работы по специальности. Последствия таких перегрузок, свойственных данной профессии, объясняют, почему вопрос устранения эмоциональной напряженности и формирования стрессоустойчивости педагогов так актуален в настоящее время.

Таким образом, на педагога как субъекта педагогического процесса оказывает влияние большое количество различных стрессогенных факторов, которые требуют от педагога определенных поведенческих реакций, обусловленных проявлением повышенной выдержки, самоконтроля и управления эмоциональными переживаниями, что позволяет сделать вывод о преобладающем значении стрессоустойчивости педагога как важнейшего условия благоприятного осуществления педагогической деятельности в образовательном учреждении.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Миронов Е. Стресс. – СПб.: ДИЛЯ, 2003. – 160 с.
- 2 Бодров В.А. Проблема преодоления стресса. Ч. 3. Стратегии и стили преодоления стресса // Психол. журн. – 2006. – №3. – С. 106–116.
- 3 Селье Г. Стресс без дистресса. – М.: Прогресс, 1979. – 125 с.
- 4 Леви Л. Эмоциональный стресс. – Л.: Медицина, 1970. – 326 с.
- 5 Щербатых Ю.В. Психология стресса и методы коррекции. – СПб.: Питер, 2006. – 256 с.
- 6 Водопьянова Н.Е, Старченко Е.С. Синдром выгорания: диагностика и профилактика. – СПб.: Питер, 2005.

7 Малюченко Г.Н. Теория и практика диагностики в медиапсихологии и медиапедагогике: учебное пособие / Г.Н. Малюченко, А.С. Коповой. – Саратов: Изд-во Саратов. ун-та, 2011.

8 Психология и этика делового общения: учебник для студентов вузов / под ред. В.Н. Лавриненко. 5-е изд. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2006.

9 Безрукова В.С. Педагогика: Учебное пособие / В.С. Безрукова. – Рн/Д: Феникс, 2013. – 381 с.

10 Бордовская, Н.В. Психология и педагогика: Учебник для вузов. Стандарт третьего поколения / Н.В. Бордовская, С.И. Розум.. – СПб.: Питер, 2013. – 624 с.

11 Вайндорф-Сысоева М.Е. Педагогика: Краткий курс лекций / М.Е. Вайндорф-Сысоева. – М.: Юрайт, 2013. – 197 с.

12 Вульф В.З. Педагогика: Учебное пособие для бакалавров / В.З. Вульф, В.Д. Иванов, А.Ф. Меняев; Под ред. П.И. Пидкасистый. – М.: Юрайт, 2013. – 511 с.

13 Гуревич П.С. Психология и педагогика: Учебник для бакалавров / П.С. Гуревич. – М.: Юрайт, 2013. – 479 с.

14 Дубицкая Е.А. Педагогика: Учебник для бакалавров / Л.С. Подымова, Е.А. Дубицкая, Н.Ю. Борисова. – М.: Юрайт, 2012. – 332 с.

15 Жуков Г.Н. Общая и профессиональная педагогика: Учебник / Г.Н. Жуков, П.Г. Матросов. – М.: Альфа-М, НИЦ ИНФРА-М, 2013. – 448 с.

16 Князева В.В. Педагогика / В.В. Князева. – М.: Вузовская книга, 2016. – 872 с.

17 Коржуев А.В. Педагогика в зеркале исследовательского поиска: На перекрестке мнений / А.В. Коржуев, А.С. Соколова. – М.: Ленанд, 2014. – 208 с.

18 Кравцова Е.Е. Психология и педагогика. Краткий курс / Е.Е. Кравцова. – М.: Проспект, 2016. – 320 с.

19 Крысько В.Г. Психология и педагогика: Учебник для бакалавров / В.Г. Крысько. – М.: Юрайт, 2013. – 471 с.

20 Марцинковская Т.Д. Психология и педагогика: Учебник / Т.Д. Марцинковская, Л.А. Григорович. – М.: Проспект, 2013. – 464 с.

21 Павленко Н.Н. Психология и педагогика: Учебное пособие / Н.Н. Павленко, С.О. Павлов. – М.: КноРус, 2012. – 496 с.

22 Пастюк, О.В. Психология и педагогика: Учебное пособие / О.В. Пастюк. – М.: НИЦ ИНФРА-М, 2013. – 160 с.

И.Н. Брауэр<sup>1</sup>, Р.Н. Демиденко<sup>1</sup>

**Педагогикалық қызметтегі күйзеліске төзімділік**

<sup>1</sup>Педагогикалық факультеті

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

г. Павлодар, Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы

I.N. Brauer<sup>1</sup>, R.N. Demidenko<sup>1</sup>

**Stress tolerance in pedagogical activity**

<sup>1</sup>Faculty of pedagogical

Pavlodar state pedagogical University

Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

#### Аңдатпа

Мақала өзекті мәселеге – педагогикалық қызмет жағдайында стрессті жеңуге арналған. Педагогикалық іс – әрекет үшін ерекше болып табылатын стрессогендік факторлардың әртүрлі топтары анықталды. Күйзеліске төзімділік туралы ғылыми көзқарастар: жүйелік; интегративті және динамикалық сипаттамасы: субъект өзінің психологиялық ресурстарын саналы түрде қосу, топтастыру және дамыту қабілеттілігімен анықталатын жеке тұлға ретінде нақтыланды, толықтырылды және жүйеленді. Педагогтарда эмоциялық, когнитивті және мінез-құлық компоненттерін қамтитын күйзеліс пен күйзеліске төзімділіктің көріну ерекшеліктері анықталды және сипатталды. Педагогтың бейімделу, қорғау және жеңудің психологиялық ресурстарын қосу, топтастыру және жетілдіру қабілетіне тәуелділігі, күйзеліске төзімділігі көрсетілген, бұл оған қызмет сапасы мен өз денсаулығына зиян келтірмей стресстік жағдайларда барабар қабылдауға және тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді. Педагогикалық қызметкерлердің стресс симптомдарын кешенді бағалауға бағытталған Эксперименталды зерттеу нәтижелері келтірілген. Күйзелістің теріс салдарын тиімді жеңу және эмоциялық жағдайды тұрақтандыру үшін қолданылатын стресстік жағдайларда өзін-өзі реттеу тәсілдері сипатталған.

Түйінді сөздер: стресс, стрессогендік факторлар, стресс тұрақтылығы, өзін-өзі реттеу.

#### Summary

The article is devoted to the actual problem-overcoming stress in the conditions of pedagogical activity. Various groups of stress factors that are specific for pedagogical activity are identified. Clarified, supplemented and systematized scientific ideas about stress resistance as: system; integrative and dynamic characteristics: personality, which is determined by the ability of the subject to consciously include, consolidate and develop their own psychological resources. The features of manifestation of stress and stress resistance in teachers, including emotional, cognitive and behavioral components, are revealed and described. Dependence, stress resistance of the teacher on his ability to include, consolidate and improve psychological resources of adaptation, protection and overcoming is shown that allows him to perceive adequately and effectively act in stressful situations without damage to quality of activity and own health. The results of an experimental study aimed at a comprehensive assessment of the symptoms of stress in teaching staff. The techniques of self-regulation in stressful situations used to effectively overcome the negative effects of stress and stabilize the emotional state are described.

Keywords: stress, stress factors, stress resistance, self-regulation.

МРНТИ 14.23.08

*А.Б. Оразалина<sup>1</sup>, Б.Н. Абдрахманов<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Гуманитарлық факультеті,  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті  
Павлодар қ., Павлодар облысы Қазақстан Республикасы  
e-mail: orazalina1978.26@mail.ru*

## ТАРИХ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

### *Аңдатпа*

*Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетке айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Осы мақалада ақпараттық коммуникативтік технологияларды қолданудың жолдары, оқушылардың білім алу үрдісіндегі оның маңызы, оқытушылар мен студенттер үшін тиімді жақтары көрсетілген. Ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетке айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі.*

*Тірек сөздер: Тарих, сабағында, технологияны, қолданудың, тиімділігі.*

### КІРІСПЕ

*Осы тақырып аясында баяндама жазып, ой салғызған мәселе- заманымызда болып жатқан өзгерістер. Қазіргі заманауи қоғамда барлық мамандарға қызмет саласына қарамастан ақпараттық технологиялар бойынша білім қажет. Мақалада АКТ түсінігі, сабақта жаңа технология ретінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалануда өткізілетін сабақтарды жоспарлаудың талаптары, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалануда өткізілетін сабақтарды жоспарлаудың талаптары, оқу үрдісіндегі студенттер үшін оның маңызы және тағы басқа жақтары көрсетілген.*

*Тірек сөздер: ақпараттық технология, ақпаратты өңдеу, ақпараттық орта, тиімді пайдалану.*



## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері көрсетілген. «Орта білім берудің мақсаты – терең білім, кәсіби дағдылар негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамыту және өз бетінше дұрыс адамгершілік тұрғысынан шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» негізінде делінген. Ал ұстаздың міндеті – жеке тұлғаның өзіне, қоғамға қажетті қабілеттерін қалыптастыру, дамыту және өз бетімен білім алуына, өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасау. Осыған байланысты әр педагог сапалы білім мен саналы тәрбие берудің тиімді жолдарын іздестіру қажет, себебі ХХІ ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры. Білім беру жүйесін ақпараттандыру – заман талабы. Ақпарат технологиясы – объектінің, процестің немес құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын процесс. Ақпарат технологиясы дегеніміз компьютерді және телекоммуникациялық жабдықтарды деректерді сақтау, шығару, тасымалдау және өзгертуге арналған технология. Ақпараттық технологиялар термині» 1958 жылы Гарвард Бизнес шолуында алғаш рет пайда болды; Гарольд Дж.Я. Либет және Томас Л. Висслер былай деп жазды: Жаңа технология әлі де басқарылмайды. Біз ақпараттық технологиясы деп атаймыз. Анықтамасы үш санатты қамтиды: өңдеу әдістері, шешімдерді енгізу және модельдеудің статистикалық және математикалық әдістері, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз етудің жоғарғы тәртібін енгізу. Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік технология негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер жиыны.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау, құрылымдық қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптасатыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу. Сол себепті тарихшы ұстаз өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, дидактикалық әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан-жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуы қажет, әрі оқушылардың білімін арттыру үшін сабақта АКТ құралдарын қолдана білуі керек. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген

мұғалім болуы тиіс. Сабақта жаңа технология ретінде ақпараттық технологияны пайдалану сабақтың тиімділігі мен сапасын арттырып, білім берудің табысты болуына оң ықпал етеді. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны барлық деңгейлерде жүйелі пайдалану арқылы оқушы сабақтарда алынған ақпаратқа талдау жасай білуге, ақпаратты дұрыс таңдау жауапкершілігін қалыптастыруға және өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланады. Мектепте компьютерлік технологияны қолдану оқушы шығармашылығын арттыруда белсенді роль атқарады. Жеке оқушының компьютерде жұмысты салауатты орындауы, ақпарат көздерін ала білуі дара тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Компьютер оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса барлық сабақтарды компьютер арқылы жүргізу – оқу үрдісін белсендіруге, проблеманы шешуге және шешім қабылдай білуге, оқушының өзін-өзі бақылауына мүмкіндік туғызады әрі оқушы ерекшелігін ескере отырып, оқытуды жүзеге асырады. Оқытушы сабақты дұрыс жоспарлап, мақсатын нақты белгілеп алмайынша көздегеніне жете алмайды. Сабақтың мазмұнын, құрылысын, дәлдігін, жұмыс жүргізу тәсілін мұқият орналастыруы қажет. Сабақта жаңа технология ретінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалануда өткізілетін сабақтарды жоспарлаудың талаптары:

– ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен жұмыс істей білуге үйрету;

– тарих пәніне деген қызығушылығын тудыру;

– өз бетінше орындауға берілген жұмыстарға жауапкершілікпен қарауға, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету;

– өзіндік пікір, тұжырым, түсінік келтіру;

– дайынды көшіріп алмай, салыстырмалы жұмыс істеу;

– пікірін, тұжырымын дәлелдей және қорғай білуге дағдыландыру.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жету үшін оқытушының әрекеті:

– мұғалімнің білімділігі, тың идеяларды жеткізуі, компьютерлік сауаттылығы;

– сабақтың тақырыбына сай мақсаттың айқын болуы;

– білім мен тәрбиенің бірізділігі;

– сабақтың жүйелілігі;

– әр оқушының психологиялық ерекшелігін ескеру;

– әр сабақта интерактивті тақта мүмкіндіктерін кең түрде пайдалану;

– өз талаптарын бұйрық түрінде емес, кеңес түрінде ұсыну

– оқушылар пікірлерімен санасу, ерекше идеяларға қолдау жасау;

– үйге берілетін тапсырманың уақытылы және нақтылы берілуі;

– бағалау нормалары сақталып, әділ бағалануы.

Ақпараттық технологияның көмегімен жүргізілетін сабақтарда оқушылар өзін белсенді және еркін, оқытушымен тең дәрежеде ұстай алады. Тарих сабақтарында ақпараттық технологияны енгізу арқылы сабақтың белсенділігін арттыруға, дамыта оқу идеясын жүзеге асыруға, сабақты шапшаң жүргізуге, өздік жұмыстың көлемін көбейтуге болады. Тарихшы ұстаз АКТ қолдану арқылы әртүрлі сабақтарға презентациялар дайындап, интерактивті тақта мүмкіндіктерін шебер қолдана білсе сабақтың тартымды әрі қызық өтетіні анық, әрі оқушы белсенділігін арттырады. Әр сабақта интернет, электронды почта, электронды оқулық, ғаламдық ақпарат жүйесін пайдалана білуі тиіс. Кез келген пәндік әдістеме оқушыларға сол пәнді тереңдетіп игеруге, алған білімді практика жүзінде қолдануы мен проблемалық жағдайлардан шыға алуымен айқындалады. Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтары. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері мұғалімдерге баланы оқытуда бейне және ойын бағдарламаларын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлаймын, себебі қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану арқылы оқушыларды жаңа заман технологиясын игеруге үйретеміз. Демонстрациялық материалдар даярлау, сыныппен кері байланыс жүргізу үшін тақта мүмкіндігі шексіз. Интерактивті тақтаға термин сөздерді жазып сөздікпен жұмыстар жүргізу арқылы оқушылардың сөздік қорын да байытып, қажетті мәліметтерді есте сақтауына мүмкіндік береді және осы тақырыпқа деген қызығушылығын арттырады. Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатысымдық құрал бола білуі. Бұл мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Мысалы «Ішкі Бөкей ордасындағы 1837–1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс» деген тақырыпты өткен кезеңде көтеріліс басшылары туралы материал жинақтап, өте құнды презентация жасалды, толық мәлімет берілді. Бейнефильм көрсетілді, электронды оқулықтан мәліметтер берілді. Осындай жұмыс түрлерін қолдану оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың пәнге деген қызығушылығын оятуға, дарынды тұлғаны қалыптастыруға болады. 1 курс студенттері тарих пәні сабақтарында презентациялар жасап тақырыпты қорғауға жаттыққан. «Ежелгі дәуір» бөлімін өткен кезде слайдтар жасалды, мәліметтер берілді, тексеру жұмыстары орындалды. Мысалы: электронды оқулықты қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін-өзі тексеру жүйесі бар. Бұл электронды оқулықтың артықшылығы болып табылады. Сондықтан, өзін-өзі тексеру жүйесі оқушы мен оқытушының арасындағы байланысын алмастырады. Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу мате-

риалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді. Әр оқушы қажет жағдайда үйде де өз бетінше жұмыс жасай алады және анимацияларды көре отырып, меңгерілуі қиын тапсырмаларды есте сақтай алады. Өз сабақтарымда электрондық оқулықтарды жиі қолданамын. Мысалы, «Ұлы Жібек жолы және оның тармақтары» тақырыбын өткен кезде «Ұлы Жібек жолының пайда болу тарихынан» мәліметтер берген кезде электронды оқулықтан үзінді алынып, анықтама берілді. «Ұлы Жібек жолының шаруашылыққа тигізген әсері» тақырыпшасы бойынша берілген мәлімет, анықтамалар оқушылардың таным дағдысын қалыптастыруға ықпал етті. Сонымен қатар түрлі суреттер, кестелер мен сызбалар, слайдтар көрсетуге болады. Электронды оқулықты қолдану оқушылардың жоғары белсенді дүниетанымын және өзіндік жұмыс аясын кеңейтеді. Қорыта айтқанда, жаңа ақпараттық технологияларды тарих сабағында қолдану арқылы келесі нәтижелерге қол жеткіземіз:

- оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді;
- сабақтың нақты мәнін терең ашуға мүмкіндік береді;
- оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
- тіл байлығын дамытады;
- өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
- шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді;
- өз бетімен білім алып, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Біздің міндетіміз – бәсекелестікке лайық ұрпақ тәрбиелеу» – деген ойын басшылыққа ала отырып жаңа заман форматындағы күздіретті тұлғаны тәрбиелеу ұстаз міндеті деп есептеймін.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келсек, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, түрлендіріп өткізу арқылы сабақтың тиімділігін арттыруға болады. Жан-жақты дамыған, терең білімі бар, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырамыз. Ақпараттық технологияның көмегімен жүргізілетін сабақтарда оқушылар өзін белсенді және еркін, оқытушымен тең дәрежеде ұстай алады. Тарих сабақтарында ақпараттық технологияны енгізу арқылы сабақтың белсенділігін арттыруға, дамыта оқу идеясын жүзеге асыруға, сабақты шапшаң жүргізуге, өздік жұмыстың көлемін көбейтуге болады. Тарихшы ұстаз АКТ қолдану арқылы әртүрлі сабақтарға презентациялар дайындап, интерактивті тақта мүмкіндіктерін

шебер қолдана білсе сабақтың тартымды әрі қызық өтетіні анық, әрі оқушы белсенділігін арттырады. Әр сабақта интернет, электронды почта, электронды оқулық, ғаламдық ақпарат жүйесін пайдалана білуі тиіс. Кез келген пәндік әдістеме оқушыларға сол пәнді тереңдетіп игеруге, алған білімді практика жүзінде қолдануы мен проблемалық жағдайлардан шыға алуымен айқындалады.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Мұхамбетжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. – Алматы, 2008. – 253 б.

2 Иманбаева А. Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі // Қазақстан мектебі. – 2005. – №2. – 738 б.

3 Әлмұхамедова Б.А., Ғалымжанова М.А. Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолданылуы. – 97 б.

4 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

5 <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%>

6 [https://moeobrazovanie.ru/chto\\_takoe\\_informatsionnye\\_tehnologii.html](https://moeobrazovanie.ru/chto_takoe_informatsionnye_tehnologii.html)

7 <http://it-uroki.ru/uroki/urok-1-chto-takoe-it.html>

8 <https://proforientator.ru/publications/articles/informatsionnye-tekhnologii-i-svyaz-mozhno-li-sdelat-kareru-v-it.html>

9 [https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc\\_tech/475/%D0](https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc_tech/475/%D0)

10 [http://psu.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=7881&Itemid=29&lang=rus](http://psu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=7881&Itemid=29&lang=rus)

А.Б. Оразалина<sup>1</sup>, Б.Н. Абдрахманов<sup>1</sup>

**Эффективность использования информационных и коммуникационных технологий на уроке истории**

<sup>1</sup> Гуманитарный факультет,  
Павлодарский государственный педагогический университет  
Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

A.B. Orazalina<sup>1</sup>, B.N. Abdrakhmanov<sup>1</sup>

**A method and cognitions are in traditional educating**

<sup>1</sup> Humanitarian faculty,  
Pavlodar State Pedagogical University,  
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

## Аннотация

Информационные и коммуникационные технологии широко используются в обмене информацией и коммуникативными навыками современных людей, и необходимо быстро формировать информационное общество. В связи с этим формирование информационной культуры среди членов нашего будущего общества – молодежи является одной из основных задач, стоящих перед обществом. В этой статье описываются способы использования ИКТ, важность учащихся в образовательном процессе и преимущества для студентов и преподавателей. Необходимо быстро формировать информационное государство. В связи с этим формирование информационной культуры среди членов нашего будущего общества – молодежи является одной из основных задач, стоящих перед обществом.

Ключевые слова: история, урок, технология, использование, эффективность.

## Summary

Information and communication technologies are widely used in the exchange of information and communication skills of contemporary people, and it is necessary to form an information society at a rapid pace. In this regard, formation of informational culture among the members of our future society – young people is one of the main tasks facing the society. This article outlines the ways in which ICT can be used, the importance of students in the education process, and the benefits to students and faculty. Information society at a rapid pace. In this regard, formation of informational culture among the members of our future society – young people is one of the main tasks facing the society.

Keywords: History, lesson, technology, use, effectiveness.

МРНТИ 15.21.51

*А.М. Алькенова<sup>1</sup>, Б.Г. Сәрсенбаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Педагогика факультеті  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті  
Павлодар қ., Павлодар облысы Қазақстан Республикасы  
e-mail: aiganym2403@mail.ru*

## МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІНІҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА «МЕН» – ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ РӨЛІ

### *Аңдатпа*

*«Мен»-тұжырымдамасы – бізді алға жылжытатын және біздің мінез-құлықтарымызды бағыттайтын, өзін-өзі өзгертуге жетелейтін әлеуметтік стимул және шынайы әлем жағдайында шеберлікке ұмтылатын құзіреттіліктің белсенді компоненті. Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын ортасы бар екенін ескеріп, оқушының білімге, ғылымға деген ынтасын арттыру. Жеткіншектердің жаңа психологиялық мүмкіндіктерін қалыптастыруға бағыттау, баланың психикалық дамуы, оны ілгері өрбіту, мақсатқа бағдарлай ұйымдастыру, тәрбиелеуді басқару және өзін-өзі тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыруға кең өрісті жағдай тудырады. Сондықтан біздің зерттеуімізде оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері зейін қасиеттерін дамыта отырып қарастырылған. Бұл мәселелер Л.С. Выготскийдің адам тұлғасының жалпы дамуында «интеллект және аффект» байланыс идеялары арқылы зерттелді.*

*Қазіргі кезде білім беру жүйесіндегі психологиялық-педагогикалық үрдісте оқушының өзін-өзі тәрбиелеу мәселесі ерекше маңызды. Бұл зерттеу, өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық және эксперименталды әдістемелік мүмкіндіктерін қарастыруға бағдарланған.*

*Кілтті сөздер: «Мен»-тұжырымы, мектеп тұлғасы, болашақ мамандық, тұлғаның дамуы, бала психологиясы.*

### КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Педагогикалық психологияда қазіргі кездегі негізгі ағымдарды, жаңа тұжырымдамаларды негіздей отырып, жеткіншектердің өзін-өзі тәрбиелеу үрдісін белсендендіріп, өнегелілік қасиеттерін қалыптастыру білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі.

Бүгінгі әлеуметтік–психологиялық жағдайлар, білім беру жүйесінде тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуіне психологтардың, педагогтардың және физиологтардың ерекше назар аударуларын қажет етеді.

Тұлғаның өнегелілік – еріктік өрісін, адамгершілік санасын, түсініктерін, ұғымын, принциптерін, сенімдерін, қылығының адами негіздерін, басқаларға өзінің эмпатияларын, әлеуметке деген қатынасын көрсететін мінез-құлық сапалары мен әдеттерін дамытудағы психологиялық механизмдерді аша отырып, балалық шақтың түрлі кезеңдеріндегі тәрбиелеу үрдісін ұйымдастырудың шарттары мен ерекшелігінің жалпы заңдылықтарын қарастыру жұмысымыздың өзектілігіне дәлел.

Қазіргі психологиялық-педагогикалық үрдістің арнайы толығырақ міндеттерін бейнелейтін құбылыстардың ішінде өзін-өзі тәрбиелеу, әсіресе психикалық әрекеттердің (зейіннің қасиеттерін арнайы дамыту жолдарымен), маңызды мәселенің бірі деуге болады. Бұл бағытта мәдени құндылықты, психологиялық-педагогикалық және жалпы ғылыми категорияларының әлеуметтік өмір аумағында дәстүрлі және жанашыл байланыстары ерекше қалыптасуда.

Өскелең ұрпақты дамытуда соңғы жылдары өзін-өзі тәрбиелеу мәселесі жалпы тәрбиенің өзекті саласы ретінде әр түрлі ғылыми зерттеулердің объектісіне айналуда.

Тұлғаны мақсатты түрде қалыптастырудағы айқын заңдылықтарды табу, оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуін ғылыми негізде құру, сонымен бірге психологиялық теорияның даму мүмкіндіктерін ескеру бүгінгі күннің талабына сәйкес жалпы тәрбие үрдісін қамтамасыз етеді.

Тұлға дамуының әлеуметті түрде ұйымдастырылатын оқыту шарттарына байланысты ақыл-ой сияқты саласын дамытуда психикалық әрекеттердің шешуші міндеттері, оның ішінде зейіннің рөлі жетекші екені көптеген психологиялық зерттеулерден Л.С. Выготский, Н.Ф. Добрынин, И.В. Страхов, Ж.Ы. Намазбаева және т. б. еңбектерінен белгілі.

Адамның саналы белсенді іс-әрекеті – оның тұлғалығының психологиялық өзгешеліктерін дамытудың негізі. Қалыптасқан жеке адам өзінің көзқарасы, ұғымы, өнегелілік талаптары, бағалауымен, саналы қойған мақсатымен, өзінің қылығын, іс-әрекетін басқара білуімен сипатталады.

Өзін-өзі тәрбиелеудегі өзіндік сананың теориялары Л.С. Выготский, В.В. Столин, И.С. Кон, В.С. Мерлин, И.И. Чеснокова, М.И. Лисина, Ч. Кули, Дж. Г. Мид еңбектерінде жан-жақты қарастырылып талданған, ал педагогикалық психология саласында өзін-өзі тәрбиелеу мәселесін зерттегендер: В.И. Селиванов, Н.С. Ликин, А.Г. Ковалев, Ю.М. Орлов т. б.



Сонымен бірге зейінің әр түрлі аспектерін профессор Ж.Ы. Намазбаеваның жетекшілігімен қазақстандық психологтар О.С. Сангилбаев, Ш.С. Сатиева, И.В. Андреев, С.В. Тихомирова зерттеген.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Болашақта ел тұтқасын ұстайтын азаматтардың болашақ мамандығын анықтауға бағыт-бағдар беру – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселердің бірі. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «Әр оқушының білімі мен қабілеті деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасау керек» деп көрсетілген. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде көрсетілген. Оны шешуге мектеп психологының қосатын үлесі өте үлкен. Өйткені жеке тұлғаның барлық қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашып, оларды салауатты өмір салтына үйретіп, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін жоғары сынып оқушыларының психологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып, олардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдап алуына психолог көмек көрсетуі керек.

Қазіргі кезде болашақ мамандықты ерте таңдап, мектепте болашақ мамандығына бағытталған даярлықтан өтудің мән мағынасы өте терең болып отыр. Бұл проблеманы жан-жақты зерттеу мәселесі ХІХ ғасырда басталып, көптеген ғалым психологтар оның әр түрлі аспектілерін зерттеді. ХХ ғасырдың басында В. Вундт, Мюнстерберг, А. Бине, Ф. Парсонс, Д. Сьюпер, Е. Гинцберг т. б. ғалымдар ұйымдастырған зертханалық зерттеушілердің психофизиологиялық ерекшеліктерін бағалау арқылы олардың мамандыққа жарамдылығын анықтаған. Қазіргі кездегі мектепте жүргізіліп жүрген мамандыққа бағдар беру жұмыстарының негізін құрғандар Ю.В. Большакова, П.П. Блонский, В.И. Лебедев, В.А. Сухомлинский, Ю.П. Сокольников, А.П. Сейтешов, Л.К. Керимов, Е.П. Климов, Г.А. Уманов т. б. ғалымдар. Олар өз зерттеулерінде мамандыққа баулу жұмысының құрылымын, мазмұнын және пайдаланылатын әдіс-тәсілдерді анықтап, мектеп қабырғасында балалармен жүргізілетін мамандыққа икемділігін диагностикалау жұмыстарының бағдарламасын жасады [1].

Мамандыққа бағдар беру жұмысында әр балаға өзінің психологиялық ерекшеліктерін анықтап, барлық жұмысқа қажетті ашық-жарқындық, сыйысымдылық, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың мәні өте терең. Мектептерде психологиялық қызмет ұйымдастырылуына байланысты барлық оқушылардың жеке-даралық психологиялық ерекшеліктерін, әр баланың қызығушылықтары

мен қабілетін, таным процестері мен жекелік қасиеттерін сандық және сапалық жағынан толық бағалап шығуға болады.

Мамандықты таңдауға жастарды баулудың бастамасын Ф. Парсонс 1909 жылы ғылыми жолға қойып, ол жеке тұлға теориясын құрып, осы теория негізінде психометриялық әдістемелерді пайдалану жолдарын ұсынған. Оның ғылыми қағидаларына сүйене отырып, зерттеушілер адамдардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланысты дәру негіздері ретінде келесі қағидаларды ұсынды:

а) әр адам өзінің жекелік психофизиологиялық қасиеттеріне және таным процестерінің ерекшеліктеріне байланысты тек бір мамандыққа икем болады;

б) мамандық бойынша қызметте табысты болу және өз мамандығына көңілі толу адамның жекелік қасиеттерінің мамандық қызмет талаптарына сай келуіне тәуелді;

в) мамандыққа бағдар беретін кеңесші мамандық таңдаушының жекелік ерекшеліктері мен оның диспозицияларын ескере отырып, мамандықты таңдауды саналы жүретін процеске айналдырып, таңдаудың тиімділігін қамтамасыз етуі қажет [2].

Әр адам өзінің болашақ мамандығын анықтауға негіз болатын көптеген себептері бар. Мамандық бағдар беру проблемасын зерттеушілердің ішінде Д. Сьюпер өзіне дейін жүргізілген зерттеулерді жүйеге келтіріп, мамандық таңдауға негіз болатын келесі баптарды анықтады:

– әр адам өзіне тән қабілет, қызығушылық, мінез және басқа ерекшеліктермен сипатталады;

– осы ерекшеліктеріне байланысты адам бірнеше мамандықтарға икем болып келеді;

– адамның өмір тәжірибесімен байланысты оның мамандыққа көзқарасы және мамандық шеберлігі, оларға әсерін тигізетін объективтік және субъективтік факторлар өзгереді;

– мамандық таңдауға көзқарас бірнеше кезеңде жүреді;

– мамандыққа көзқарастың дамуы ата-аналарының әлеуметтік-экономикалық жағдайына, баланың жекелік ерекшеліктеріне және мамандыққа даярлықтан өту мүмкіндіктеріне байланысты жүреді;

– баланың мамандық таңдау ниетінің қалыптасу кезеңдерінде оның дамуын басқаруға және бағыт-бағдар беруге, мамандыққа қажетті қабілетін басқару мүмкіндіктері мол;

– мамандық бағдар берудің мәні жеке тұлғаның «Мен»-концепциясын дамыту және іске асыру болып табылады;

– психологиялық кеңес беру және коррекция жүргізу «Мен»-концепциясы мен ақиқаттың бір-бірімен түйісуін қамтамасыз етеді;

Белгілі бір мамандыққа деген ынтаның пайда болуына көп жайлар: оқу, адамдар, кітаптар, кино, теледидар, экскурсиялар себепші болуы мүмкін. Жасөспірімдер көп нәрсеге ден қояды, көбіне бірнеше бағытты бағдар етіп ұстайды, бірнеше үйірмеге барып жүреді. Жасөспірімдер өздеріне ұнаған кәсіптерді романтикаға бөлейді, көптеген қиыншылықтарды аңғармайды, өз мүмкіндіктерін асыра бағалайды. Кәсіптік мүдделер мен ниеттердің қалыптасуы үшін үйірмелердегі тыңғылықты ұйымдастырылған сабақтардың маңызы зор. Бұл сабақтар жасөспірімге өзінің бейімделіктерін, мүмкіндіктерін, кемшіліктерін ұғынып бағалауға көмектеседі. Өзін іс-әрекетте сынау, арманын жүзеге асыру үшін де, түңілуге жол бермеу үшін де жақсы әдіс.

Тұлғаның дамуы өзіндік сананың дамуымен қатар ұғынылмаған психикалық реттеуді, өзінің «Мені» жайлы түсініктердің (бейнелер, «Мен»-концепциясы) өзіндік бағалау, өзін сыйлау сезімдері, талаптану деңгейлері жүйесінен тұрады. Адамдағы «Мен»-концепциясы, «Мен кімін?», «Мен кім боламын?» деген сұраққа жауап береді. «Меннің құрылымы» дегеніміз ол өзіңе деген сенім, өзіңе қатысты информацияларды өңдеуге бағытталады, «мүмкін деген Мендер» болады ол қандай болғым келеді деген армандар және болашақта не болады деген қорқыныштар», «әлеуметтік мен» әлеуметтік тәжірибелер сәттіліктер мен сәтсіздіктер тәжірибесі, басқа адамдарды бағалау, «мен сезімі» деген болады, ол өз ойлары мен әрекеттерін ұйымдастыру [3].

Психологияда ғылыми зерттеулер басталып, тұлға жайлы анықтамалар көп. Көп жағдайда тұлғаны оның әлеуметтік мінез-құлқын түсіндіретін орнықты психологиялық қасиеттерінің, атап айтқанда жақсылық, жамандық, этика және мораль, оларды орнату немесе бұзу сияқты қасиеттердің жиынтығы ретінде анықтауға болады.

Адамның тұлға ретінде қалыптасуы жасөспірім жасында деп санайды, яғни 16–18 жаста. Осы жаста адамда барлық тұлғалық негізгі қасиеттері көрінеді, осы жаста адам орнықты тұлға бола бастайды бұдан кейін өтетін өзгерістер балалықта қалыптасқан тұлға негізін аз мазалайды. Адам тұлғасында өтетін өзгерістер оның индивидуалды тәжірибесі мен өмір бейнесімен байланысты мектепті аяқтағанда өтуі мүмкін.

Бейінді оқудан өткен мектеп түлектері қазіргі мектеп түлектерімен салыстырғанда өз мамандықтарын, өмір жолдарын таңдауға және оны тез, табысты меңгеруге әлдеқайда жақсы әзірлікте болмақшы. Бұл – қазіргі тез дамып, тез өзгеріп отырған, талғамы мол уақыт талабы [4].

Мектеп бітіруші түлек алдында бірнеше сұрақтар туындайды, «Кім боламын?», «Қандай мамандықты таңдап, оқуға барамын?», «15 20 жылдан кейін менің таңдаған мамандығыма деген сұраныс бола ма?», «XXI ғасырдың орта

шегіне қарай қоғам мамандыққа қандай талап қояды?» деген сан алуан сұрақтар шешімін таба алмауда. Қазіргі таңда оқушы өз таңдауын дұрыс жасай ма әлде таңдауы қате болып шыға ма деген күдік ата-ананы да, оқушы мен ұстазды да толғандырады. Сондықтан да «Кім боламын?» деген сұрақ жанында «қандай болуым керек немесе қажет?» деген сауал туындап отырады. Ал бүгінгі таңда бәсекеге қабілетті болу өте маңызды болып табылады.

Мамандық таңдау өте қиын мәселе. Өйткені таңдаған мамандығың ертеңгі сенің өмірің, яғни сенің болашағың, қоғамның болашағы, елдің ертеңі. Көптеген зерттеулердің қорытындысы бойынша жастардың 40% мамандық таңдау тәртібін білмегендіктен өздерінің икемділігіне, қабілеті мен қызығушылығына сәйкес келмейтін мамандықтарды таңдайтын көрінеді.

«Адам өзінің ыңғайымен, еркімен қызмет ететін зат. Іштен туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икемді болып туады. Басқаша айтқанда әр адамда бір нәрсе – талап, ыңғай, қабілет, яғни зеректік болады. Біреуі бала оқытуға, біреуі әкім болуға, біреуі дәрігерлікке берілуге, біреуі саудаға, біреуі сөзге ыңғайланып жаралады. Кейде кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен жүріп қызмет етсе, өз басына, әлеуметке де көп пайда келтірмек» – деген Ж. Аймауытовтың мұралы сөзі әлі күнге маңызын жойған емес [5].

12 жылдық білім жүйесіне көшу кезінде бейіндік оқытуды тиімді ұйымдастыру, мектеп түлегінің бейімін анықтау бойынша мұғалім қауымына үлкен жауапкершілікті жүктейді. 12 жылдық мектептегі жоғары сыныптардағы бейіндік оқыту үдерісінде болашақ мамандығы мен іс-әрекетіне бейімдеумен оқыту және бағыт беру жүзеге асырылатын болады.

Мамандыққа бағыт беру – жоғары сынып оқушыларының тілегін, денсаулық жағдайын, жеке басының ерекшеліктерін, сонымен қатар, қоғамға қажеттілігін ескере отырып, оқушыларға мамандық таңдауға көмек көрсету үшін ғылыми негізделген көп аспектілі жүйе.

Осындай жағдайларға байланысты, мамандыққа бағыт беруде бірнеше аспектілерді бөліп қарауға болады [6]:

- психофизиологиялық аспект – жасөспірімдердің жеке басының ерекшеліктері, оның қабілеті, жеке психофизиологиялық ерекшеліктері ескеріледі;
- медициналық аспект – оқушының денсаулық жағдайы ескеріледі;
- әлеуметтік экономикалық аспект – қоғамға әр саладағы мамандар қажеттілігі ескеріледі.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Мамандыққа бағдар беру жұмысы – тарихы өте терең, ежелден дамып келе жатқан әлеуметтік қызмет көрсетудің бір түрі. Психологиялық қызмет көрсету жұмысының қалыптасуы да мамандыққа баулу және мамандыққа бағдар беру зертханаларында басталған. Қазіргі кезде бұл жұмыс көпсалалы болып, әр саланың өзіне тән мақсаты мен міндеттері нақтыланды. Мектептің психологиялық қызметі мамандыққа бағдар беру барысында оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және мамандыққа икемділіктерін анықтау негізінде психологиялық кеңес беру жұмыстарын ұйымдастырады. Тұлғаның өмір сүру барысында қарым-қатынас ету ерекшелігі оның қоғамдағы статусын, жақындары арасындағы орнын белгілейді. Әлеуметтенудің үшінші аумағы, яғни өзіндік сапа жалпылама адамдардағы оның «Менің» қалыптасуын бейнелейді. Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық кестесі ретінде «Мен-концепциясының» психологиялық теориялық – концептуалды жоспарда толығымен феноменологиялық тұрғы немесе гуманистік психологияға интеракционизмге, аз дәрежеде психоанализмге сүйенеді. «Мен» объект ретінде 4 аспектіден тұрады: рухани «Мен», материалды «Мен», әлеуметтік «Мен», денелік «Мен». Жалпы феноменологиялық тұрғы шеңберінде құрастырылған «Мен»-концепциясы келесі жағдайларға негізделеді:

1. Мінез-құлық индивидтің қабылдау еңбегі болып табылады, ол өз алдында феноменологиялы: индивидтің психологиялық шынайы өмірі бұл жалпы объективті өмір емес, оның мінез- құлық жағдайындағы субъективті қабылдауының нәтижесі.

2. Индивидтің орталық, интеграциялайтын феноменалды жазықтығының нүктесі – «Мен»-концепциясы оның маңайында абылдаудың барлық бейнелері қалыптасады.

3. «Мен»-концепциясы бір мезгілде қабылдау жемісі және де әлеуметтік мәдени ортадан алынған құндылықтары бар ұғымдар жиынтығы болып табылады.

4. «Мен»-концепциясы құрылуымен мінез – құлығы толығымен бағына бастайды.

5. «Мен»-концепциясы уақытпен және жағдайлық контекспен санасады, бұл оның болжамдық құндылығы болып табылады.

6. Басқа адамдардың оңды қатынасын қажетсіну «Мен»-концепциясының құрылуымен параллельді жүреді- Өзіне деген оңды көзқарасты қажетсіну басқа адамдардың өзін оңды бағала тәжірибесін игеру арқылы қалыптасады.

7. Нақты өтіп жатқан өмір тәжірибесі мен «Мен»-концепциясы арасындағы қайшылықтарға қарсы түрлі қорғаны стратегиялары қолданылады.

8. Адамның негізгі маңызды мотивациялық түрткісі – өзінді актуализациялануға деген қажеттілік, өзінің «Мен»-концепцияларының құндылықтарын жоғарылату және жоғалтпау.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мектеп оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін анықтауға арналған психодиагностикалық қызмет. – Алматы, 2004.
- 2 Кристофер Э., Смит Л. Тренинг лидерства. – Питер, 2001.
- 3 Хон Р.Л. Педагогическая психология / Р.Л. Хон. – М.: Академический Проект, Культура, 2016.
- 4 Толочек В.А. Современная психология труда. – М.: Питер, 2006.
- 5 Хрестоматия по возрастной и педагогической психологии. – М.: Издательство МГУ, 2012.
- 6 Корнева Л.В. Психологические основы педагогической практики / Л.В. Корнева. – М.: Владос, 2014.
- 7 <http://www.psychologies.ru/glossary/29/ya-kontsepsiya/>
- 8 <http://psystudy.ru/index.php/num/2011n2-16/457-rikel16.html>
- 9 <https://cyberleninka.ru/article/n/o-reguliruyushey-rol-i-ya-kontsepsii-v-sotsialnom-povedenii>
- 10 <https://4brain.ru/blog/%D1%8F>
- 11 <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%>
- 12 <http://ru.solverbook.com/question/rol-ya-koncepcii-v-zhizni-lichnosti/>
- 13 <http://www.medpsy.ru/library/library082.php>

А.М. Алькенова<sup>1</sup>, Б.Г. Сарсенбаева<sup>1</sup>

**Роль «Я»-концепции в выборе профессии выпускников**

<sup>1</sup> Факультет педагогики,  
Павлодарский государственный педагогический университет  
Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

A.M. Alkenova<sup>1</sup>, B.G. Sarsenbaeva<sup>1</sup>

**The role of the professional selection concept in the selection**

<sup>1</sup> Faculty of Pedagogy,  
Pavlodar State Pedagogical University,  
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

## Аннотация

Концепция «Я» – это социальный стимул, который продвигает нас вперед и ориентирует наше поведение, ведет к самообмену и активный компонент компетентности, стремящийся к мастерству в условиях реального мира. С учетом того, что у каждого ребенка есть своя личность, свойственное ему сознание, воля, кругозор, стремление к знаниям, науке. Ориентация на формирование новых психологических возможностей подростков, психическое развитие ребенка, его продвижение, целенаправленная организация, управление воспитанием и организация процесса самовоспитания. Поэтому в нашем исследовании теоретико-методологические основы проблемы самовоспитания учащихся рассматриваются с развитием внимания. Эти вопросы Л.С. Выготского о общем развитии человеческой личности исследовано через идеи связи «интеллект и аффект». В настоящее время в психолого-педагогическом процессе в системе образования особенно актуальна проблема самовоспитания учащихся. Это исследование ориентировано на рассмотрение теоретико-методологических и экспериментальных методических возможностей проблемы самовоспитания.

Ключевые слова: концепция – «Я», выпускник школы, будущая профессия, развитие личности, психология ребенка.

## Summary

The concept of «I» is a social stimulus that moves us forward and orients our behavior, leads to self-exchange and an active component of competence, striving for mastery in the real world. Taking into account the fact that each child has his own personality, his consciousness, will, Outlook, desire for knowledge, science. Orientation on the formation of new psychological resources of adolescents, psychological development of the child, his progress, focused the organization, management education and the organization of the process of self-education, Therefore, in our study, theoretical and methodological basis of the problem of self-education of students are considered in the development of attention. These questions Vygotsky C.V. General development of the human personality are studied through the ideas of «intellect and affect». Currently, the problem of self-education of students is particularly relevant in the psychological and pedagogical process in the education system. This study focuses on the theoretical, methodological and experimental methodological possibilities of the problem of self-education.

Keywords: The concept of «I», graduate school, future profession, personal development, psychology of the child.

МРНТИ 14.23.09

**А.Б. Бакраденова<sup>1</sup>, Б.Б. Базархан<sup>1</sup>**<sup>1</sup>Педагогика факультеті

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті  
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы  
e-mail: Altyn.Bakradenova@mail.ru  
e-mail: botakoz\_pvl@mail.ru

**БЕС ЖАСАР БАЛАЛАРДЫҢ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНЕ***Аңдатпа*

Мақала тақырыбы өзекті мәселеге арналған. Мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту әдістемесі әлі де теорияда жетілдіріліп, мектепке дейінгі мекемелерде тәжірибе жүзінде жаңа бағдарлама талаптары негізінде жүзеге асырылуда. Мақалада авторлар ғылыми-теориялық зерттеулер негізінде бес жасар баланың ауызекі сөйлеу дағдыларына сипаттама берген. Баланың білуге ерекше тырысатын осы кезеңінде сөйлеу ортасының оңтайлы ұйымдастырылуы басты шарт екендігіне тоқталған. Қазіргі қоғамда жүріп жатқан өзгерістер жаңару, мектеп жасына дейінгі балалардың білім сапасын, сөздік қорын молайтуды жақсарту талап етілуде. Білімділік пен тәрбиенің нәрі мектепке дейінгі ұйымнан басталады. Үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы мектепке дейінгі білім беру мәселесіне бүгінгі таңда жан-жақты көңіл бөлінуде. Қазақстандағы көптілділік жағдайында балабақшада және отбасында үлкендер дұрыс басшылық жасап, баланы ана тілінде дұрыс сөйлеуге бағыттаса, осы мақсатта Л.С. Выготскийдің «Сөйлеу әрекеті теориясын» қолданса, сөйлеу ортасын дұрыс құруға болатыны сөз етілген.

*Кілттік сөздер:* дағды, сөйлеу, тілдік орта, байланыстырып сөйлеу, сөздік қор, жағдаяттық қатынас, актив, пассив сөздер, ұйымдастырылған іс-әрекет, тіл дамыту сабағы, тілдік құралдар.

**КІРІСПЕ**

Бала тәрбиесінде ана тілін дамытуға шетелдік, ресейлік және отандық ғалымдар ерекше назар аударып келді. Тілдің тәрбиемен байланыстылығына ерекше көңіл бөлген ұлы чех педагогы Я.А. Коменский: «Бала тілін мектепке дейінгі сәттен бастап дамытпай, жеке адам тәрбиелей алмаймыз» деген тұжырым жасаған. Оның өзінің баршаға танымал «Аналар мектебі» деген еңбегінде: «Сөз



әр заттың мәнін бейнелейді, сөзді түсінбес бұрын заттың мәнін түсінуі керек, сөз заттардың жеке белгілерін түсінуі барысында сыртқа шығады» деген ойы бүгінгі таңда бала тілін дамыту теориясының негізгі қағидасы болып отыр. Ғалымның дәлелдеуінше: «Балаларды оқыту қажет, біртіндеп қарапайым, элементарлық ұғымдардан күрделіге көшіп отыру педагогикалық талаптардың негізі» деген тұжырымы да өзінің маңызын жойған емес [1,25]. Өйткені мектепке дейінгі мекемелерде ұйымдыстырылатын оқу іс-әрекеті тәрбиемен ұштастырыла үздіксіз жүргізіліп келеді.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мектепке дейінгі педагогиканың теориялық және практикалық мақсаты – жас ұрпақтың ой-өрісін, сана-сезімін кеңейте отырып, өмірге қажетті білім-дағдыларға үйрету. Сол себепті мектепке дейінгі педагогика мен психология ілімдерінде, жылдар бойы шығарылып келе жатқан «Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламаларында» сәбидің тілін дамыту, ауызекі сөйлеуге үйрету, үйренгенін күнделікті өмірде пайдалана білуге жаттықтырып отыру ісіне басты назар аударылады. Өйткені, баланың айналадағы өмірді танып, білудегі басты жәрдемшісі – тіл болып табылады. Ал тілдің дамуы оның сана-сезімін, ой-өрісін жетіле түсуіне негіз болады.

Баланың сөйлеу тілі мен сөздік қоры молая бастайтын, айналасындағы адамдармен, құрбылас балалармен белсенді түрде сөздік қарым-қатынасқа түсе бастайтын кезеңі – 5 жасқа толған кезеңі. Жаңа бағдарламада бұрынғы «Естиярлар тобы» аталымы «Ортаңғы топ» беріліп отыр [2]. Дәл осы мектепке дейінгі ортаңғы жас кезеңінде бала өмірдегі түрлі іс-әрекет жайын білуге құмарта түседі. Талап бойынша өзі түсінген түрлі жайттар туралы әңгімелейтін болады. Бірақ барлық балалардың өз ойын толық жеткізетіндей сөз қоры қалыптасқан ба, сөйлеу тілі тиісті деңгейде ме дегенде, тәрбиешілер көптеген жағдаяттарға тап болады.

Баланың өмірлік тәжірибесін дамыту, айналадағы дүниеден алған әсерін әрі қарай кеңейте отырып, бір арнаға түсіру балабақшадағы оқу қызметін дұрыс ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Бағдарламалық материалдар жылдар бойы жетілдіруде, ал қазіргі жаңартылған оқу-тәрбиеге қатысты мемлекеттік құжаттар негізінде балаға берілетін білім интегративті, яғни түрлі салаларды кіріктіру әдісіне көшіріліп отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» (2009 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ ҚР Заңы мен ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген, ҚР МЖМБС 5.04.019–2008 «Қазақстан

Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелерінде» баланы болашаққа қызмет ететін тұлға ретінде тәрбиелеу міндеті тұр [3]. Бұл құжаттарда білім беру деңгейлерінің әрбірінде жеке тұлғаға тән құзыреттіліктері мен жан-жақты жетілісін қалыптастыруға негіз болатын білімдік жүйе жасалуы керек екендігі талап етілді. Қазақстанның азаматының сөйлеу тілі жетілген, интеллектуалды қабілет-дағдыларға ие ұрпақ болып тәрбиеленуі үшін бүгінгі таңда жаңа бағдарламалар, оқу-әдістемелік жинақтар шығарылып, практикаға енгізілуде.

Талап бар жерде жұмыс формалары жетілдіріліп, тәрбиешілер оқу-тәрбие қызметін дұрыс ұйымдастыру үшін бұрынғы теориялық біліміне жаңа технология жаңалықтарын енгізу көзделуде.

Сондықтан да біз зерттеуімізге 4–5 жас кезеңін алып, осы жас кезеңіндегі балалардың сөйлеу қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыруды мәселе етіп қойдық.

Мақсатымыз: Кіріктірілген оқу қызметі мен түрлі іс-әрекеттер барысында орта топ балаларының белсенді сөйлеу қажеттілігін қамтамасыз ететін жағдаяттарды, тиімді әдіс-тәсілдерді қарастыру және олардың бала сөздігін дамыту мен сөйлеуін жетілдірудің негізі екендігін теориялық әрі әдістемелік тұрғыда дәлелдеу.

Жұмысты сөйлеу дағдыларына нелер жатады, ол дағдыларды қалыптастырудың жолдары қандай деген мәселе төңірегінде қарастырғанымызда, түрлі тұжырымды ойларды жинақтадық.

Мысалы, әрі ертегіші, әрі лингвист, балалардың сүйікті жазушысы К. Чуковский 4–5 жасар балаларды «кішкентай лингвистер» деп атаған. Осы жастың өзінде үлкендер балаларға мазмұнды, әсерлі ынтымақтастық құра алса, баланың әңгімелеп сөйлеу тілі бірден қалыптасады деп ескертіп, бұл жетістік баланың 5 жасындағы монологті сөйлеуін, 6 жаста кез келген тақырыпқа әңгіме құрастыра алуын еркін қамтамасыз ететінін айтқан [9].

Мектепке дейінгі мекеме – бала тілінің даму үрдісін мақсатты, жүйелі жүргізудің ортасы. Бала алғаш келген күннен бастап оны міндетті түрде жүйелі сөйлеуге үйрету әрекеті жалғасады. Жоғарыда айтылған тұжырымдарға сүйенсек, баланың сөйлеу тілін дамыту үшін ең алдымен жас ерекшелігіне байланыста балабақша топтарында ұйымдастырылатын оқыту-тәрбиелеу қызметінде сөйлеу дағдыларын белсендіру қажет. Өйткені қатарластарымен, жанындағы үлкендермен тілдік қарым-қатынас жасауға дағдыланған бала ертеңгі күні мектепте еркін сөйлейтін болады.

Сөйлеу әрекеті дағдысын қалыптастыру дегеніміз – баланың түрлі жағдаяттарда сөйлеу икемділігін жетілдіру деген сөз. Бұрынғы еңбектерде «Тіл дамыту» деп аталып келген сабақ, кейін ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

бүгіндері «Сөйлеуді дамыту» деп аударылып, жаңа термин ретінде енгізіліп отыр. Қазақстандық әдіскер ғалымдар Н. Нұғманова, С. Рахметовалар бала тілін дамытуда бала тілді қарым-қатынас құралына айналдыра алуында сөз қорын байыта отырып, сөздерді өзара дұрыс байланыстырып, өз ойларын, пікірлерін екінші біреуге сөйлемдер арқылы ауызша, жазбаша дұрыс білдіруге үйрету жүйесін ұсынған.

Сөйлеуге үйретудің басты шарты – сөйлеу ортасын ұйымдастыру, яғни балалардың үлкендермен, өз қатарластарымен қарым-қатынасқа түсу және балабақша қызметкерлерінің тілдік ортасының таза ана тілінде болуы. Ол ортада мынандай жұмыс түрлері мынандай формаларда: тұрмыстық қажеттіліктерге қарай күнделікті сөйлесулер, нысандарға күнделікті бақылаулар өткізу, кіріктірілген арнайы оқу қызметі, басқа да түрлі әрекеттер (ойын, саяхат, кітап қарастыру, т.б.) өтеді.

Тәрбиеші топқа бірінші келген күннен бастап баланың сөйлеуіне назар аударып, оның қандай сөздердің мәнін түсінбейтінін, нені білгісі келетінін сөйлесе отырып анықтайды. Бұл үшін тартымды, ашық түсті ойыншықтарды пайдаланады, бөлмедегі жанды бұрыштардағы жануарлар дүниесімен таныстыруды ойластырады. Баланы ұжымға тарта отырып, үлкендердің сөзін тыңдай білуге, қандай сұраққа болсын, ойланып жауап беруге ынталандырады. Балабақшадағы әр баланың ойыншықты қарастыру кезінде сөйлей отырып қарастыруына жағдаяттар тудырады. Қарым-қатынасты қандай затпен болсын, үнсіз атқаруды әдетке айналдыруға қарсы тұрады.

Сөйлесу тақырыптары балаларға жақын және тәрбиелік мәнде болуы керек. Бала тіліне тәрбиеші өзінің даусымен, сөзімен баланы тәрбиелей алады. К.Д. Ушинский: «Тәрбиешінің сенімді үнімен бедерленбеген сөзінде ешқандай күш болмайды» деген [8]. Тағы бір ескеретін жайт тәрбиешіге ешуақытта жалынышты үнмен сөйлеуге болмайды. Оның сөзінде «қарағым», «айналайын», «Әселжан, Асқартай» деген еркелету мәнді сөздер болмауы керек. Тәрбиеші сөзі бейнелі, мәдениетті және эмоционалды реңкті келуі керек. Ара-тұра мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар қолданып отырса, тартымды бола түспек.

Баланың сөйлеу дағдылары түрлі дағдылардың жиынтығы десек болады. Алдымен баланың өз ойын жеткізе білуі ойлай білу дағдысына байланысты. Орысша ойлайтын бала ойын дұрыс жеткізуге қиналатыны осыған дәлел. Өз ойын дәлелдеп айта білуге үйретуде баланың ой тізбегін дұрыс, логикалық жолмен құрылуын қадағалау, сабақ үстінде белсенді ақыл-ой жұмысын ұйымдастырып, тапқырлығына жол ашып отыруды қажет етеді. Бұл үшін бір нәрсені екінші затпен салыстыру дағдысы, талдау, жинақтау, қорытындылау, жүйелеу, белгіліні белгісізбен салыстыру дағдылары қалыптасуы керек. Баланың ойлау жүйесіне сүйену сөйлеудің мазмұнды болуына, сөйлеудің нақты материалдық қорын жа-

сап, бақылау, салыстыру арқылы өмір тәжірибиесін арттыруға, бақылау, байқау құбылыстарын талдауға, қорытындылауға дағдылануын жүзеге асырады. Осы дағдыларының барлығы тілдік құралдар арқылы қалыптасады. Сөйлеуге қажетті тілдік құралдар игерту дағдылары – баланың тілдік таңбаларды игере білу қабілеттеріне байланысты.

Жинақтап айтар болсақ, сөйлеу ортасы толыққанды ортада, яғни таза ана тілінде сөйлейтін ортада болса, бала сол ортаға еліктей отыра еш қиындықсыз 5 жасында еркін сөйлейді, ойын мәнерлі, байланысты жеткізеді. Ал, аралас тілді ортадағы балалар сөз үлгілеріне қарай сөйлейді. Сөздері жаттанды, ойлары байланысты жеткізілмейді.

Сөйлеуді, яғни тілді дамытуда маңызды теория «тілдік әрекет теориясы» Л.С. Выготский мектебінде өткен ғасырдың 80-жылдары пайда болды. Ол отандық ғылымда «қатысым теориясы» деп жаңғыртылып, қолданылуда (Ф. Оразбаева, А. Сергеева т. б.) [7,42 ].

Л.С. Выготский, А.А. Леонтьев, И.А. Зимняя т. б. Ресей ғалымдары мектепке дейінгі кезеңде балалардың сөйлеу дағдыларын жетілдіретін тілдік әрекет теориясында мынандай шарттардың болуын ескертеді:

1) сөйлеуге қажеттілік болуы; яғни балаларға тапсырмалар беруде олардың балаларды өзара сөйлететіндей қажеттілік тудырылуы;

2) тіл мазмұны (не туралы сөйлейтіні), яғни бала тілін дамытуға арналған тілдік жаттығулар, тапсырмалар, әңгіме тақырыптары, т. б. айқындалуы;

3) тілдік құралдарды игерту (тіл таңбаларын: сөздерді, сөз тіркестерін, т.б. балаларға толық меңгертетін жағдайлар тудыру; балаларға сөз үлгісін дұрыс беру (қазақ тілінде таза сөйлеу), сөйлеу ортасын дұрыстау, анық, таза тілдік ортадан балаға анық естілетіндей, естігендері арқылы бала ана тілін сезіммен қабылдайтындай шаралар ұйымдастыру [4].

Сөйлеуді дамытуда басты әдіс – баламен жеке және арнайы жағдаяттарда сөйлесу, әңгімелесу. Ол 5 жасарлардың диалогіне де, монологіне де қажетті дағдыларды тиімді қалыптастырады. Сұрақ түрлерін қоя білу, тез жауап беру дағдысы, сөйлемді дұрыс құру, әңгімеге араласып,өздігінен әңгімелеп беру қабілеті сұхбатқа белсенді қатысқан балада анық көрінеді. Мұндай нәтижеге тәрбиеші ана тілін сезіммен қабылдайтындай шаралар ұйымдастыру арқылы жетеді.

Қазіргі бақылау, зерттеу экспериментінің нәтижелері суретті кітаптар қарастыру, аудио, бейнетаспалар арқылы сөйлету әдістерінің артықшылығын аңғартып отыр. Құрғақ сөзбен түсіндіріп, сұрақтармен жалықтырғанша балаларды өзара білім салыстыру үшін бейнені көрсетіп, сөйлеуді тыңдатып: «Тағы басқаша қалай айтуға болады?» деген сөздік жарысын өткізгенде, балалардың сөйлеу белсенділігі тиімді дамиды дегені дәлелденіп отыр.

Көрнекіліктер 5 жасар баланың қызығушылығын арттыратыны, олардың осыған дейін «Неге бұлай?», «Неліктен?» деген сұрақтарға жауап алуымен қанағаттанбай, логикалық жаттығулар түрінде тапсырмалар жүктеліп, өздерін ойландыратындай етіліп ұсынылуы жаңа оқу құралдарында жақсы берілген.

Тәрбие шаралары, арнайы сабақтар сөйлесу жолымен болмай, бала тілін ұштауда тиісті нәтижеге қол жеткізе алмаймыз. Қай жастағы баламен де сөйлесудің бірден- бір амалдарын, жолдарын ұстануда суретті кітапшаларды, мазмұнды картиналарды қолдану абзал. Сол сияқты 5 жасар баланы да бірден- бір сөзге араластыратын сүйікті нысаны – оның ойыншықтары, олармен жасалатын қимыл-әрекеттері, өзіне жақын тартып дос ететін аппақ ұлпа жүнді мысық, лақ, кішкентай балапан т.б., осыларды тосыннан көрген сәбидің қай-қайсысы да тіл қатып қалуға тырмысады.

Біз іс-тәжірибемізде бір суреттің әртүрлі тілдік деңгейдегі балаларға бір тақырыптағы суретті әртүрлі тәсілмен қарастырғанымызды айтқымыз келеді. Ана тілін аралас тілді ортада игеріп жатқан төмен тілдік деңгейдегі балаларға тәрбиеші тарапынан «Бұл сурет (ертегі) не жайында?», «Қыз бала қалай киінген?», «Қыздың жанында не тұр?» деген сұрақтар, ал жоғарылау деңгейдегі балаларға «Суреттен қай ертегідегі кейіпкерді көріп тұрсыңдар? Қаңбақ шалдың көңіл-күйі қандай? Ертегідегі негізгі оқиғаны және осы жағдайдан кейінгі шалдың өмірін сипаттап беріңдер» деген талаптар қойылады. Өнердің қай түрі болсын, әсіресе сурет өнері бар болмысты, өмірді шынайы бейнелейді. Осыдан барып тәрбиешінің алдында қажетті міндет туындайды. Ол міндет: балаға айналасындағы дүниені жіті бақылата отырып суреттегіні тануға үйрету. Өмірді, айналаны танып қана қоймай, сол көрген-білгендерін ауызша сипаттап, суреттеп жеткізіп беруге үйретуде де тәрбиеші жетекшілік атқарады. «Баланы жанды, образды тілмен сөйлеуге үйрету үшін, ең қажеттісі оларды бақылауға үйрету... тіл адамдармен қарым-қатынаста дамиды» дей тұра, Е.И. Тихеева кезінде бала тілін дамытуда элеуметтік ортаның маңызын көрсеткен болатын [5,102]. Бұдан шығатын қорытынды: тіл дамытудың, сөйлеуді дамытудың алғы шарттарының бірі – баланың көркем өнерді және айналы бақылап тани алуы болып шығады.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Біздіңше, ғалым ұсынған бірінші шартты бес жасар балалармен әңгімелесу, сипаттама әңгіме құру, логикалық сұрақтармен нақты жағдаятта оқиғаны баяндау тапсырмаларын құру бағытында орындауға болады. Ал тіл мазмұны қолданыстағы жаңартылған бағдарлама мазмұнынан алынады, ал тілдік құралдарды игер-

туде тәрбиеші бұрыннан бар және жетілдірілген, сөйлеуді белсендіретін әдіс-тәсілдерді ұстанады. Суреттерді үлкеннің басшылығымен қарастырғанда, бала үлкеннің тәжірибесіндегі білімге сүйенуді әдет етеді, ал өздігінен қарастыруды әдетке айналдырса, өз қиялы дамиды, өз тәжірибесі арта түседі. Тіл дамыту міндеттерін жүзеге асыруда суреттерді пайдалану әрдайым сәтті бола бермейді. Сөздік жұмысын жүргізуде түр-түс, жыл мезгілдері, тұрмыстық заттар мен құрал-жабдықтар, адамдардың дене мүшелері, көлік түрлері т.б. жеке мүліктерді, заттарды бейнелеген суреттерді қолдану тиімді шығып жатады. Ал әдемілікке, сезімге, адамгершілік жақсы қасиеттерге баулитын туындыларды дәл тауып, баланың жасына сай қолдану қиынның қиыны.

Жасқа байланысты тілдік құралдарды игерту үшін тіл дамыту сабағының тақырыбына орай сурет қарастырғанда, алдымен ескерілетін талап-суреттің сюжетті – мазмұнды болуы. Суретте мазмұн айқын көрініп тұру өз алдына, екіншіден сол сюжеттің мәнерлі берілу құралдары бірден бір басты рөл атқарады. Бейнелеу өнері – өнер туындысы. Ал бейнелеу өнерінің тіліне жататындар: сурет, түсі, ритмі, айқындылығы, құрылысы-композициясы. Тәрбиеші баланың суретті тура түсінуіне тікелей басшылық жасайды. Сурет өнеріне бала тәнті болуы үшін бала оны стихиялы түрде емес, іштей сезіне қабылдауы керек. Тәрбиешінің сурет мазмұнына қарай мақсат қоя басшылық жасауы балаға өнер тілін жақсы сезінуіне, баланың әрі тілдік, әрі эстетикалық талғамының артуына негіз болады.

Орта және ересек топтағы балалармен картинка – иллюстрацияларды қарап алып, мәтін сөздерінің суретпен қатыстылығын айыру тәсілін де пайдалануға болады.

Қазіргі мнемотехнология әдістемесінің практикаға жақын қабылдануы ондағы әрбір тапсырманың көрнекілікке негізделуінен деп білеміз. Кітапшалардағы мнемосуреттер, мнемокемстелер, сызба-криптограммалар, т.б. барлығы сөйлеу тілі қалыптаспаған балаларды көрнекілік әдісі арқылы сөйлеу дағдыларына баулиды. Десек тағы, ана тілінің иірімдерін ана тілді табиғи ортада игерген жұлдыз балаларға жаңа технологиялар ішінен деңгейлік тапсырмаларды орындауға, шығармашылық ойлауға жеткізетін әдіс-тәсілдерді беріп отырсақ, ұлы дала баласына шебер сөйлеу дағдыларын да игертуге болады деп ойлаймыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР ТІЗІМІ

1 Аралбаева Р.К. Мектепке дейінгі педагогика / Мектепке дейінгі білім беру мамандығы бойынша орта кәсіптік білім берудің Федералды мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес құрастырылған. – Алматы: 2016.

2 «Біз мектепке барамыз» мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы. – Астана, 2009. – 106 б. «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы.

3 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдегі N 319 III Заңы.

4 Выготский Л.С. Мышление и речь. ППС. Т.2. – М.: Педагогика, 1982.

5 Тихеева Е.И. Развитие речи детей (раннего и дошкольного возраста). – М.: Просвещение, 1981. – 144 с.

6 Баймұратова Б. Мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуге үйрету. – Алматы: Мектеп, 1991. – 95 б.

7 Бакраденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2018.

8 Ушакова О.С. Развитие речи дошкольников. – М., 2001.

9 Чуковский К. Балапан атты ертегісі. – Аруна баспасы: 2015.

10 Меңдаяхова Қ. Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми – әдістемелік негіздері.

11 Лотарев В.К. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы.

12 Баймұратова Б. Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту методикасы. – Алматы: Рауан, 1992.

13 Аханов К.А. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1995.

14 Леонтьев А.А. Исследования детской речи: Основы теории речевой деятельности. – М., 1974.

15 Метербаева К.М. Мектепалды даярлық топ балаларының байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру әдістемесі. – А., 2009.

16 Ушинский К.Д. «Балалар әлемі және хрестоматия» 1861 ж «Ана тілі» 1864

17 Баймұратова Б. Тіл дамыту әдістемесінің методикасы. – Алматы, 2007.

18 Әуелбаев Ш.М. Қазақ тілін оқыту методикасы. – 2009.

19 Алеекеева М.М. Речевое развитие дошкольников. – 1998.

20 Сохин Ф.А. Основные задачи развития речи. – 2002.

А.Б. Бакраденова<sup>1</sup>, Б.Б. Базархан<sup>1</sup>

**Проблемы формирования навыков устной речи у пятилетнего ребенка**

<sup>1</sup> Педагогический факультет  
Павлодарский государственный педагогический университет  
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

A.B. Bakradenova<sup>1</sup>, B.B. Bazarkhan<sup>1</sup>

**Problems of formation of skills of oral speech in five children**

<sup>1</sup> Faculty of Education  
Pavlodar State Pedagogical University  
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

Статья посвящена актуальной теме. Методика развития связанной речи детей дошкольного возраста в современный период теоретически совершенствуется, также в дошкольных учреждениях находят свой практический выход по обновленной программе. Авторы статьи, ссылаясь на научно-теоретические исследования, дают описание устной разговорной речи пятилетних детей. Отмечая о том, что в этом возрасте дети отличаются особенным стремлением к знаниям, также интеллектуальным развитием, авторы делают вывод о создании соответствующей языковой среды. Так как в Казахстане действует полилингвальная среда, авторы утверждают, что в детском саду и семье воспитатели несут большую ответственность в обучении связанной речи детей на родном языке: этом они должны руководствоваться теорией речевой деятельности педагога исследователя Л.В. Выготского.

Ключевые слова: навыки, речь, языковая среда, связанная речь, словарный запас, ситуативное общение, активный словарь, пассивный словарь, организованная учебная деятельность, занятие по развитию речи.

Summary

The topic of the article is devoted to the current issue. The problem of the development of the language of preschool children is still being improved in the theory and practice in preschool institutions on the basis of new program requirements. In the article, the authors described the five-year-old child's speaking skills on the basis of theoretical research. Effective organization of speech environment at this stage is especially important for the child to learn. Under the conditions of multilingualism in Kazakhstan, the adults and adults in the family are guided by the right guidelines, directing the child to correct speech in their mother tongue, and speaking about Lj Vygotski's «Theory of Action».

Keywords: skills, speech, language environment, related speech, vocabulary, situational communication, active vocabulary, passive vocabulary, organized learning activities, speech development lesson.



МРНТИ 16.01.11

**Ы.Б. Шақаман<sup>1</sup>, А.Е. Ерланова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Гуманитарлық факультеті,  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті  
Павлодар қ., Павлодар облысы Қазақстан Республикасы  
e-mail: Raya-s7@mail.ru  
e-mail: ayaulym\_yerlanova@mail.ru

## ҚАЗАҚ ТІЛ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ МЕТАТІЛ СИПАТЫ

### Аңдатпа

Соңғы уақыттар тіл білімінде ғылым тілінің мәселелеріне көп көңіл бөлінуде. Бұл, бірінші кезекте ғылыми білімнің алға басуымен, зерттеу жұмыстарының күрделенуімен, жаңа дара ғылыми бағыттардың дамуымен байланысты. Жасанды тіл – бұл өте күрделі және көпаспектілі зерттеу пәні. Сол себепті оны зерттеу мен оған белгілі бір анықтама беру үшін, тіл-нысанның барлық қырлары мен олардың көрініс табуын сипаттайтын, өзінің бойында оның көпқырлылығын көрсете алатын метатіл қажет. Жасанды және адамның тілін сипаттайтын тіл метатіл деп аталады (грек тілінен аударғанда *meta* – арқылы, кейін). Осы мақала жоғарыда аталып өткен терминге, яғни метатілге арналған. Аталмыш мақаланың өзектілігі тіл біліміндегі жаңа салалардың бірі болып саналатын, яғни зерттеу нысаны метатіл болып табылатын металингвистикаға арнауымен ерекшеленеді. Мақалада метатілдің ғылыми термин ретіндегі мағынасының Қазақстан және Ресей тіл біліміндегі зерттеліну тарихы қарастырылады. Сонымен қатар, лингвистикалық термин, жаңа салалар, метатіл, металингвистика сынды тірек сөздердің мағыналары ашылған.

Тірек сөздер: қазақ тіл ғылымы, метатіл ұғымы, сипаттама тіл, металингвистика, терминдік жүйе, табиғи тіл, ғылым тілі.

### КІРІСПЕ

Тіл білімі – дамып, өзгеріп, жаңа бағытпен толығып отыратын ғылым саласының бірі. Бұл орайда тілші ғалымдардың алдында зерттелініп, толық қабылданған, ғылыми негізде мойындалып, айналымға түскен бағыттытыңнан қарастырылып жатқан бағыттанажырату; жаңа бағыттардың даралығын ескеріп, тың ғылым, пән, бағыт, теория, тұжырым екенін дәлелдеу міндеттері тұрады.

Тіл ғылымында заман ағымына қарай жаңа бағыттың пайда болуы ғылым мен техниканың өрістеуіне орай жүргізілетін зерттеу мазмұны мен зерттеуге түсетін тілдік нысан қырларының ашылуына қатысты болатыны белгілі. Осы арқылы жаңа ғылыми парадигма да туындайды.

## НЕГІЗГІ

Лингвистикалық терминдер – терминология мен лингвотерминологияның зерттеу нысаны. Бірақ лингвистикалық терминдерді тек қана таза лингвистикалық тұрғыдан зерттеу жеткіліксіз. Зерттеу барысында олардың қолданылу аясы, қоғаммен байланысы және жаратылыстану ғылымдарымен байланысы тұрғыдан қарастыру қажет. Кез келген ғылым саласын түсіндіретін терминдердің тілдік табиғатын, өзіндік болмысын тану үшін жүйелі зерттеу жүргізіп, олардың «ғылымның ғылымилығын» түсіндіретін қызметін ашуымыз қажет. Тіл ғылымының «ғылымилығын» немесе қазақ тілінің теориялық негізін қазақ тілінің өзімен ғылыми стильде түсіндіру металингвистика шарты, метатілдің өзі болып шығады. Қарапайым тілмен жеткізгенде, табиғи тілді сипаттайтын ғылыми тіл метатіл деп аталса, метатілдің өзін зерттейтін бағыт металингвистика деп түсіндіріледі. Метатіл «Тілдің өзі дербес нысан болып алынып отырған зерттеулерде тіл білімі терминдері жүйесінің бірлігі «метатіл» деп аталады. Сонымен бірге метатіл ғылыми тұрғыдан ғылыми қарым-қатынас, ғылыми тілдесім тілі ретінде де алынады» [1] деген анықтамалар арқылы түсіндіріледі.

Сонымен қазақ тіл ғылымында арнайы зерттеуді қажет ететін мәселенің бірі – тіл білімдік терминдер. Бұл – қазақ тілтаным үшін тиісті деңгейде ғылыми тұжырымдалмаған күрделі тақырыптың бірі. Тіл білімі салаларында өздеріне тән ұғымдар жүйесі, терминдік базалық аппараты болады. Осындай арнаулы ұғым атаулары, ұғымдар жүйесі мен терминдері арнайы зерттеуді қажет етеді.

Терминологиялық лексиканы зерттеп, оның теориялық мәнін, маңызын анықтап беретін отандық және шетелдік ғалымдар еңбегі едәуір бар.

Тіл мамандары арасында «метатіл» анықтамасы туралы пікір түрліше. Мәселен: *метатіл – «екінші дәрежедегі» тіл* [2, 7-б.], *бұл тілдің құрамында тілді ғылым саласы ретінде зерттеп, сипаттайтын, жүйелендіретін, осы салада қолданылатын тіл бірліктері – терминдер болады, «метатіл» – ерекше семиологиялық жүйе* [3, 3-б.], *тіл білімінің «метатілі» – терминдер арасындағы жүйелі қатынастар мен жалпы ғылыми лексиканы білдіретін күрделі құбылыс* [4, 297-б.] – деген сипаттаулар кездеседі.

Зерттеуші А. Досмайлова ғылыми еңбегінде метатіл ұғымына: «Біздің ойымызша, лингвистикалық терминдерді зерттеуде оларды тек терминдер жүйесінде емес, одан да кеңірек, метатіл жүйесінде зерттеу қажет. Тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдану деңгейі әр түрлі болады. Қоғамда адамдар көбіне тілді тілдесім деңгейінде ғана қолданады. Ал қоғамның бір әлеуметтік тобы тілді тек қарым-қатынас құралы емес, ізденістер жүргізу үшін де қолданады және сол тілде, тіл туралы ғылыми тілдесім жасайды. Тілдің құрамындағы осы тілді метатіл деп атайды» [5, 7-б.] – деп орынды пікір қозғайды.

Ғалым Ғ.Қалиев еңбегінде: «Тіл біліміндегі метатіл көбінесе объект тілдегідей тіл бірліктері негізінде жасалады. Сөйтіп, ол табиғи тілді сипаттай отырып әрі өзі де табиғи тілдің бір бөлігі ретінде көрінеді. Тіл біліміндегі метатіл – күрделі құбылыс, оның негізінде, бір жағынан терминаралық жүйелі қатынастар, екінші жағынан, тілді зерттеуде қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінен тұратын жалпы ғылыми лексика жатыр. Метатіл ғылыми қатынас құралы ретінде соған сай метасөйлеуде нақты байқалады. Метатіл мен метасөйлеудің өзара қатынасы лексикографиялық құралдарды жасауда белгілі бір терминдерді түсіндіру үшін, сөздік мақалаларына метасөйлеудің үзінділерін кіргізіп отырудан көрінеді» [6, 213-б.] – деген талдау беріледі.

Орыс тіліндегі метатіл мәселесін зерттеумен арнайы айналысқан ғалым Н.Б. Гвишиани лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте: «Тіл білімінің метатілі – бір жағынан, терминдердің жүйелік қатынастарына, екінші жағынан, жалпылама ғылыми лексикаға, яғни тілтанымдық зерттеулердің түрлі аспектілерін сипаттауға қажетті сөздер мен сөз тіркестеріне негізделетін күрделі құбылыс» [7, 220-б.] – дей келе, өзінің «К вопросу о метаязыке языкознания» ғылыми мақаласында қоғамдық ғылымдардың арасында тіл білімінің ерекшелігін атап, ондағы ғылыми зерттеудің үш кезеңін көрсетеді:

- 1) тілдік деректерді зерттеу;
- 2) ұғымдарды қалыптастыру;
- 3) метатіл жасау [8, 65-б.].

М. Малбақов лексикографияның және сөздіктің метатілін зерттей келе, метатіл ұғымын лексикографияда екі түрлі мағынада қолданылатыны туралы: «Бірінші, жалпы, кең мағынадағы, бірінші дәрежелі метатіл – белгілі бір ұғымға берілетін сипаттаманың тілі. Лексикографияның тіліне көшіргенде, бұл – сөздік бірліктерге берілетін сипаттаманың тілі, яғни сөздіктің метатілі болып шығады. Екінші метатіл – тіл білімінің жекелеген салалық терминдерін зерттеуде қолданылатын метатіл. Лексикографияның тіліне көшірілгенде, бұл лексикографияның жалпы салалық атауларының тілі, яғни лексикографияның метатілі болып табылады» [9, 16 б.] – тұжырым береді.

Зерттеулерге шолу беру арқылы метатілге *белгілі бір ұғымды ашып түсіндіретін және терминдерді зерттеуде қолданылатын ғылыми сипаттама тіл* деген түсінік беруге болатынын анықтадық.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тіл білімінде метатілді зерттеу бағыты тиісті арнасына түсе қойған жоқ. Соған байланысты қазақ тіліндегі металингвистикалық ғылыми теориялық негіздер де нақтыланбаған деп айтуға болады. Әрине, осы бағытта зерттеу жүргізген ғалымдар А.Х. Азаматова «Лингвистика метатілінің негізгі ұғымдары мен құрылымдары» [10], Ж. Мұсаева «Қазақ лексикографиясында қолданылатын атаулардың метатілдік табиғаты» [11], Е.А. Хасенов «Метаязык и социолингвистические перспективы урболингвистики» [12], А. Досмайлова «Терминологиялық дефиниция метамәтінінің тілдік қызметтері» [4] еңбектері, сондай-ақ біз қарастырып үлгермеген басқа да зерттеулер металингвистика саласы үшін бастапқы негіздік еңбектер болып табылатыны сөзсіз. Бірақ қазақ тіл біліміне қатысты метатілдік мәселенің ғылыми теориялық негіздемесі толыққанды жүйеленбейінше металингвистика саласы қалыптасты деп тұжырым беру қиын.

Метатіл мәселесі Ресей тіл білімінде бір арнаға түскен. Орыс тілді зерттеулерде бұған қатысты Е.С. Кубрякованың (1995, 2004) [13], О.В. Александрованың (1999) [14], Р.М. Фрумкинаның (2009) [15], В.З. Демьянковтың (1995) [16], [17], [18], [19] А.А. Немыканың (2017) [20] ғылыми мақалалары мен диссертациялары жиі аталып көрсетіледі.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жиренов С.А. Лингвистикалық терминдер семантикасы мен қолданыс өрісі. – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2012. – №1(86).
- 2 Новиков Л.А. Семантика русского языка. – М.: Наука, 1982. – 173 с.
- 3 Ахманова О.С. Предисловие // Словарь лингвистических терминов. – М., 966 – С. 3-4.
- 4 Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Наука, 1982. – 685 с.
- 5 Досмайлова А.Н. Терминологиялық дефиниция метамәтінінің тілдік қызметтері.
- 6 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. – 440 б.

- 7 Гвишиани Н.Б. Метаязык // Лингвистический энциклопедический словарь.– М., 1990. – С. 29-30.
- 8 Гвишиани Н.Б. К вопросу о метаязыке языкознания // Вопросы языкознания. – 1983. – №2. – С. 258-259.
- 9 Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктердің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.
- 10 Азаматова А.Х. Лингвистика метатілінің негізгі ұғымдары мен құрылымдары // ҚазҰУ Хабаршысы. Филологиялық серия. – 2011. – №1(131). – 83-86 бб.
- 11 Мұсаева Ж.О. Қазақ лексикографиясында қолданылатын атаулардың метатілдік табиғаты. Фил. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2006. – 26 б.
- 12 Хасенов Е.А. Метаязык и социолингвистические перспективы урболингвистики. Автореферат диссертации на соискание ученой степени канд. фил. наук. – Алматы, 2006. – 24 с.
- 13 Кубрякова Е.С., 2004. Об установках когнитивной лингвистики и актуальных проблемах когнитивной лингвистики // Вопросы когнитивной лингвистики. – №1. – С. 6–17.
- 14 Кубрякова Е.С. Александрова О.В., 1999, О контурах новой парадигмы знаний в лингвистике [в:] Семантика и структура художественного текста. – Москва: СпортАкадемПресс. – С. 186–197.
- 15 Фрумкина Р.М., 1999, Самосознание лингвистики – вчера и завтра // Известия АН, Серия литературы и языка, т. 58, № 4.
- 16 Демьянков В.З., 1995, Доминирующие лингвистические теории в конце XX века, [в:] Язык и наука конца XX века, Москва: Институт языкознания РАН, с. 239–320.
- 17 Демьянков В.З., 2000, Семантические роли и образы языка [в:] Н.Д. Арутюнова (ред.), Язык о языке, Москва: Языки русской культуры, с. 193–271.
- 18 Демьянков В.З., 2006, Термин парадигма в быденном языке и в лингвистике [в:] Парадигмы научного знания в современной лингвистике, Москва: ИНИОН РАН, с. 15–40.
- 19 Демьянков В.З., 2009, Парадигма в лингвистике и теории языка [в:] Горизонты со-временной лингвистики: Традиции и новаторство, Москва: Языки славянских культур, с. 27–37.
- 20 Немька А.А. Метаязык лингвистики: научное и художественное направление. Автореферат диссертации на соискание доктора филологических наук. – Москва, 2017. – 39 с.

Ы.Б. Шакаман<sup>1</sup>, А.Е. Ерланова<sup>1</sup>

**О метаязыке в казахском языкознании**

<sup>1</sup>Гуманитарный факультет,  
Павлодарский государственный педагогический университет  
Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

Y.B. Shakaman<sup>1</sup>, A.E. Yerlanova<sup>1</sup>

**About a meta-language in Kazakh linguistics**

<sup>1</sup>Humanitarian faculty,  
Pavlodar State Pedagogical University,  
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

#### Аннотация

В последнее время в лингвистической литературе все больше внимания уделяется проблемам языка науки. Это связано, прежде всего, с прогрессом научного знания, возрастанием сложности исследований, развитием новых самостоятельных научных направлений. Естественный язык – это очень сложный и многоаспектный предмет исследования. Поэтому для его описания и изучения необходим такой метаязык, который мог бы вместить в себя все многообразие средств, позволяющих охарактеризовать различные стороны и проявления языка-объекта. Языком, описывающим естественный, человеческий язык, является метаязык (от греч. meta – через, после). Настоящая статья посвящена вышеуказанному термину, то есть метаязыку. Актуальность статьи в том что, она рассматривает одну из отраслей языкознания металингвистику, объектом исследования которым является метаязык, которая считается новым направлением лингвистики. В данной статье упомянуты история исследования метаязыка как научный термин в Казахской и Российской лингвистики. А так же даны разъяснения ключевым словам, таким как лингвистический термин, новые направления, метаязык, металингвистика.

Ключевые слова: наука казахского языка, понятие метаязыка, описательный язык, металингвистика, терминосистема, естественный язык, язык науки.

#### Summary

Recently in the linguistic literature more and more attention is paid to the problems of the language of science. This is primarily due to the progress of scientific knowledge, the increasing complexity of research, the development of new independent scientific fields. Natural language is a very complex and multidimensional subject of study. Therefore, for its description and study, such a meta-language is necessary, which could contain all the variety of means allowing to characterize various aspects and manifestations of the object-language. The language describing the natural, human language is the metalanguage (from the Greek. Meta – through, after). This article is dedicated to the above term, that is, the metalanguage. The relevance of the article is that it considers one of the branches of linguistics to metalinguistics, the object of study of which is the metalanguage, which is considered a new direction in linguistics. This article mentions the history of the study of the metalanguage as a scientific term in Kazakhstan and Russian linguistics. And, also, explanations are given to key words such as the linguistic term, new directions, metalanguage, metalinguistics.

Keywords: Kazakh language science, concept of metalanguage, descriptive language, metalinguistics, term system, natural language, language of science.

МРНТИ 14.25.07

**Б.Г. Сарсенбаева<sup>1</sup>, А.Е. Алежанова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Педагогика факультеті,  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті  
Павлодар қ., Павлодар облысы Қазақстан Республикасы  
e-mail: alezhanovaa@mail.ru

## БАЛАНЫ АЛҒАШҚЫ МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕЛУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ: МЕКТЕП ӨМІРІНІҢ БАСТАЛУЫ

### *Аңдатпа*

Мақалада баланы алғашқы мектепке бейімделу процесіндегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тақырыбы қозғалып, оның бала өміріндегі маңызды кезеңдерінің бірі болғандықтан, тақырыптың өзекті мәселе екендігі дәлелденді. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу анықтамасы толық қарастырылды. Осы тақырыпқа байланысты бірқатар ғалымдардың еңбектерін қолдана отырып, теориялық және эмпирикалық әдістер арқылы, біз баланы алғашқы мектепке бейімделу процесіндегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кезіндегі өзіндік жүйелілікті қарастырдық. Мектепке бейімделу мәселесін зерттеуде сыртқы факторларға көңіл бөліп, бейімделу үрдісін тежейтін факторларды топтадық. Мектеп табалдырығын аттағалы отырған балалардың мектептегі әкімшіліктің, мұғалімнің, психологтардың және ата-ананың рөлін схема түрінде қарастырдық. Мектеп алды даярлық кезеңінің маңыздылығын арттырдық және осы кезеңде мұғалімдердің алдына қойылатын міндеттерді көрсеттік. Алынған тақырыбымыз толығымен ашылып, мақсатымыз орындалды.

*Тірек сөздер:* психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, жеке тұлғаның психофизиологиялық әлеуеті, тежейтін факторлар.

### КІРІСПЕ

Мектеп өмірінің басталуы – бірінші сынып табалдырығын аттағалы тұрған балалар үшін маңызды сынақ. Бұл өмірдің жаңа бастамасы болып, көптеген өзгерістердің келуімен байланысты. Бірінші сынып оқушысы жаңа мектеп ұжымына, жаңа талаптар мен өзіне қойылатын міндеттерге бейімделуі тиіс.

Әлеуметтік зерттеулер деректері бойынша, мектеп жасына дейінгі балалар, мектеп оқушысы болуға ұмтылады. Осы кезеңде балалар мектепке деген қызығушылықтары терең болып, барлық тапсырмаларды орындауға ұмтылады. Бірақ оқу жылы басталғанда көп балалар үшін мектеп талаптары қиын және қатал

көрінеді. Бұл балалар үшін мектепке бейімделу кезеңі психологиялық жарақатқа әкеліп соқтыру мүмкін. Сондықтан мақалада қарастырылып отырған тақырыпты өзекті деп санауға болады.

*Жұмыстың мақсаты* – баланы алғашқы мектепке бейімделу процесіндегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің маңыздылығын зерттеу.

Қолданылған әдістері:

1) Теориялық зерттеу әдістері: ғылыми әдебиеттерді, дидактикалық материалдарды жинақтау, талдау.

2) Эмпирикалық зерттеу әдістері: сұрақнама, анкеталау, бақылау, бағалау, педагогикалық эксперимент.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінен бастауыш мектепке көшу кезеңінде оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу білім берудің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Балалардың мектепке көшуін психологтар мен педагогтар сенімді түрде дағдарысты деп атайды. М.М. Безрукихқа сәйкес, баланың мектепке бейімделуі процесін бірнеше заңды кезеңдерге бөлуге болады: жеңіл бейімделудің бірінші кезеңінен бастап бейімделудің ауыр дәрежесіне дейін, денсаулық жағдайында болмашы бұзылулар оқу жылының басынан аяғына дейін өседі. [1]

Бірақатар ғалымдардың зерттеулері бойынша (А.М. Вейн, Г.М. Заракowski, В.П. Казначеев, А.И. Клиорин, В.И. Медведев, Н.А. Разыграев, В.П. Чечцов, Г.Я. Шидловский) бейімделу процесінің сапасы «Жеке тұлғаның психофизиологиялық әлеуеті» бойынша анықталады. Оның құрамына жеке тұлғаның мінез-құлқы, ақыл-ойы, энергетикасы және нормативтік және бейімделу мүмкіндіктері кіреді. [2]

М.М. Безруких, Н.В. Дубровинская, И.В. Дубровина, Д.А. Фарбер өздерінің еңбектерінде, мектепке бейімделу мәселесін зерттеуде сыртқы факторларға көңіл бөлген. Нақтырақ айтқанда, бейімделу үрдісін тежейтін факторларды қарастырған:

- оқу үрдісін шамадан тыс күшейтуі;
- жүйелі оқытудың ерте жастан басталуы;
- қолданылатын әдістер мен технологиялардың балалардың жас ерекшеліктеріне сай келмеуі. [3]

Сондықтан эмоциялық-мотивациялық саланың өзара байланысы мен өзара тәуелділігі мен іс-қимыл ерекшеліктері, педагогикалық қарым-қатынас барысында оқушылардың психологиялық және психофизиологиялық бастауыш сынып оқушыларының бейімделу процесіндегі функцияларына әкеледі. [4]




Бейімделу процесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін баланы алғашқы мектепке бейімделу процесіндегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің маңызы зор. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу дегеніміз – тұтас, жүйелі ұйымдастырылған қызмет барысында құрылып, мектеп ортасында әлеуметтік-психологиялық және әрбір баланы табысты оқыту және дамыту үшін құрастырылған педагогикалық жағдайлар. [5], [6]

Оқу-тәрбие процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу – жалпы білім беретін мектеп жағдайында қолдану айтарлықтай жас бағыт болып табылады. 1991 жылы А.И. Дубровинаның мектеп психологына арналған алғашқы кітап «Мектеп психологының жұмыс кітабы» атты еңбегі жарық көрді. Сонымен қатар М.Р. Битянов, Р.В. Овчаров, Л.М. Фридмандардың жұмыстарында мектептегі психологиялық мониторинг сұрақтары қарастырылған. [7]

М.Р. Битяновтың пікірі бойынша, баланы алғашқы мектепке бейімделу процесіндегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мақсаты – психологиялық ерекшеліктері бар балаға тән белгілі бір жеке мәселелерді шешуге бағытталған мүмкіндіктер тиісті оқыту мен қарым-қатынас жағдайлары орнату. Яғни, оқыту процесі баланың мінез-құлқының ауытқушылықтарына және өзара ішкі қақтығыстарына әкеліп соқтырмай, балаға қолжетімді түрде білім беру міндеттерін шешуге мүмкіндігі. Мұның барлығы ескерілген жағдайда мектеп өмірінің табысты негізі бола алады, немесе керісінше келекшектегі жеңістермен белестерді бағындыру жолындағы кедергі болып, ішкі және сыртқы жанжалдардың себептері болуы мүмкін [7], [8].

Сондықтан, баланы алғашқы мектепке бейімделу процесіндегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге арналған біртұтас жүйелілік қажет.

Біздің ойымызша, кіші оқушының өміріндегі осындай күрделі және жауапты кезеңге арналған жұмыстар кешенді болуы тиіс, білім беру кеңістігінің барлық қатысушыларының күш-жігерін біріктіруші болып табылады. Схема түрінде былай елестетуге болады:



Бұл жүйедегі әкімшіліктің негізгі рөлі – балаға психологиялық-педагогикалық ықпалдарды келістіру және үйлестіру. [9]

Қазіргі таңда мектептерде баланы алғашқы мектепке бейімделу процесіндегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кезінде өзіндік жүйелігі бар. Бұл жүйе негізгі өзара байланысқан 3 аспектіден құралған:

1. Баламен жұмыс;
2. Мұғаліммен жұмыс;
3. Ата-анамен жұмыс.

*Баламен жұмыс.* Мектеп қабырғаларында болашақ бірінші сынып оқушысымен алғашқы мектеп алды даярлық кезеңі болады.

Даярлық кезеңінің бағдарламасына сәйкес, алты жасар балаларға нағыз оқушының мазмұнды бейнесін құруға көмектесу, жүйелі оқыту жағдайында олардың мектепке жақсы бейімделуіне ықпал ету. Осы бағытта мұғалімдердің алдына келесі міндеттер қойылады:

- Оқуға жалпы қабілеттілікті қалыптастыру;
- Көру координациясымен ұсақ моториканы дамыту;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту.[10],[11]

Қойылған міндеттер тіл дамыту, түрлі даму ойындары және оқуға жалпы қабілеттерін дамыту сияқты сабақтарда жүзеге асырылады.

Даярлық топты негіздеп отырған әкімшіліктің негізгі міндеті – дер кезінде баланың бейімделу процесін қадағалап, көмек көрсету. Ол үшін баланың психологиялық сүйемелдеуі туралы толық ақпарат болу керек. Бақылау – бала туралы едәуір ақпарат беретін негізгі әдіс. Сабақтарда, сыныптан тыс іс – шараларға қатысу кезінде, балалармен тікелей қарым-қатынас барысында бақылау-осының барлығы психодиагностика деректерін толықтыруға және нақтылауға мүмкіндік береді. [12]

*Мұғаліммен жұмыс.* Бастауыш мектебінің педагогикалық ұжымы балалардың мектепке дайындалуы тиіс емес, ал мектеп әр түрлі балаларды оқытуға, дамытуға және сүйюге, олардың қандай екенін қабылдауға және түсінуге және олардың тұлғалық өсуіне көмектесуге дайын болуы тиіс деген көзқарасты болу қажет. [13]

Психологтардың пікірінше, бірінші сыныпты алған мұғалім де қиын кезеңді бастан кешіреді – жаңа сыныпқа, жаңа балаларға бейімделу кезеңінен өтеді. Ересектерден кейін төртінші сынып оқушыларынан балабақша деңгейіне қайта оралуға келгендердің бәрі үшін оңай емес. [14]

«белін қынадай буынды», «ата жолын қуу», «егіліп жылау», «асқар тау», «шалқар көл», «жосадай қан», мидай дала». Бұл тізбектердің әрқайсысындағы компоненттер өзінің негізгі мағынасынан айырылып қалып тұрған жоқ, бастапқы тікелей мағынасын сақтап тұр. Идиом мен фраза тілдегі қолданылу ыңғайына қарай, бірінің орнына бірі жүріп, ауысып отырады: бұл екеуінің кей уақыт шегін белгілеп, ажырата білу қиын болады. Мәселен, «күлін көкке ұшыру», «жермен жексен болды», «жерден жеті қоян тапқандай», «салы суға кетіп отыр», «санын соғып қалды», «төбе шашы тік тұрды» деген тізбектердің бәрі де бейнелі мағынаға ие болып отыр. Бұлар да – идиомдық сөздер, бірақ әр тізбектің ішіндегі сөздер мүлдем өзінің негізгі мағынасынан айырылып қалды деуге болмайды. Мұндағы «жермен жексен қылды» дегендегі жексен сөзі парсы тілінде бірдей, тегіс деген мағынаны білдіреді екен; «жер бетімен бірдей ету – көзін жоғалту, құрту» деген метафоралық ұғымды беріп тұр... солай бола тұрып, бұл сөздер екінші жанама, метафоралық ұғымды бергендіктен, олар өзінің лексикалық мағынасынан айырылып қалып тұр. Сол сықылды «салы суға кетіп отыр» дегенді де басқа мағынада да қолданып отырмыз. Егерде бұл сөздерді салының суға кетуі мағынасында тікелей түсінсек, идиом бола алмайды» – делінген [3; 205-206]. С. Аманжолов фразеологизмдерді зерттеуді қолға алу керектілігін атап өтті, бағыт-бағдарын көрсетеді және фразеологиялық тіркестердің сөйлем мүшесіне қатысы жайлы айтып өтеді Н. Сауранбаев фразеологияға не жатады дегенге көңіл аударады. «Қазіргі қазақ тілі» оқулығына (1954 ж.) фразеология бөлімін енгізген Ғ. Мұсабаев та фразеологиялық ерекшеліктерге көп көңіл бөлген. К. Аханов мәтелдер мен шектеулі тіркестерді фразеологиялық тіркестер құрамында қарастырып, өзінің «Тіл біліміне кіріспе» атты жоғары оқу орындарына арналған оқу құралының лексикология тарауында қазақ тілі фразеологиясына В.В. Виноградовтың классификациясы бойынша жіктеу берсе, Р. Сәрсенбаев «Мақал – мәтелдер мен нақыл сөздердің фразеологияға қатысы, бұлардың тұрақтылығы мен эвфониялық құбылыста қолдану сипатына байланысты, осы сипаттар арқылы бұларды фразеологиялық единицалар тобына қосып қараймыз деп атап өтеді. Сонымен қатар тіркестердің бір түріне жататын мақал – мәтелдердің тілік ерекшеліктеріне тоқталады. Қазақ фразеологизмдерін зерттеудің екінші кезеңінде 60-жылдары ғалымдар фразеологизмдер мен тұрақты тіркестер бір ме, оларға не жатады дегенге көңіл бөлді. Р. Сәрсенбаевтың «Қазақ мақал – мәтелдерінің лексика-стилистикалық ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясында, С. Исаевтың «Қазақ тілінің тұрақты сөз тіркестерінің бір типі жөнінде» мақаласында осы ерекшеліктерге назар аударған. Осы жылдарда жеке авторлар шығармаларындағы фразеологизмдердің қолдануына да көңіл аударып, сөз таптарын жүйеледі, сөйлемдегі беретін мағынасына қарай топтады. Ә. Болғанбаевтың «Қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәнді тұрақты сөз тіркестері», М. Белбаева-



ның «Сұлтанмахмұт шығармаларындағы фразалық тіркестер» мақалалары мен осы жылдары қорғалған Х. Қожахметовтың «Ғ. Мұстафин шығармаларындағы фразеологиялық орамдар», Е. Бектұрғановтың «М. Әуезовтың «Абай жолы» роман – эпопеясындағы тұрақты сөз тіркестері» кандидаттық диссертациялары сол кезеңнің ізденіс нәтижелері еді.

«Фразеология» дегеніміз, біріншіден, «тілдегі барлық фразеологизмдердің жиынтығы, әлемі, қазынасы», екіншіден, «фразеологизмдерді зерттейтін ғылым саласы» [4, 94]. Ал фразеологизм дегеніміз – құрамындағы сыңарлары өте тұрақты болып келетін, қолданысқа әрдайым дайын тұратын тұрақты сөз тіркесі. Мұнда тіркес құраушы сөздер өздерінің бастапқы тура мағыналарынан мүлдем немесе жарым-жартылай айырылып, өзара жымдаса келіп, бір ғана фразеологиялық жалпы мағынаға ие болады. Бұл мағынаға ауыспалылық пен бейнелілік тән. Қазақ тілі қазынасындағы тұрақты сөз тіркестерінің релеванттық қасиетін айқындау, қазақ фразеологизмдерін іштей саралап бөлу, сондай-ақ фразеологиялық мағынаның қалыптасуы, фразеологизмнің құрам сипаты және компоненттердің байланысу түрлері, фразеологизмдердің стильдік ерекшеліктері, фразеологизмдердің сөзден және мақал-мәтелдерден айырмашылығы мен оларға ұқсас тұстары, фразеологизмдердің грамматикалық сипаты, бірнеше фразеологизмдердің жасалуына арқау болатын ұйтқы сөздер, фразеологиялық калька сияқты фразеологияның көкейтесті мәселелерін қазақ тіл білімінің күн тәртібіне қойып, қазақ фразеологиясының бағыт-бағдарын саралаған, осы саланың дербес пәнге айналуының негізін қалаған ғалым академик І. Кеңесбаев болды. Оның XX ғасырдың 40-жылдары жарық көрген «Қазақ тілінің тиянақты сөз таптары» (докторлық диссертация, Алматы, 1944), «Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары туралы» (Халық мұғалімі. 1946), «К вопросу об экспрессивно-стилистических функциях фразеологизмов» (Тезисы докладов конференции «Развитие стилистических систем литературных языков народов СССР». Ашхабад, 1966) сияқты еңбектерінен кейін-ақ, қазақ фразеологиясын зерттеу айрықша қолға алынды. А. Ысқақов, М. Балақаев, Т. Қордабаев, Ә.Т. Қайдаров, Р. Сыздықова тәрізді қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдері қазақ фразеологиясының дербес пән болып қалыптасу, даму жолында көптеген мәселелерді ғылыми тұрғыдан шешуге ат салысты.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақтың тіл байлығы тек сөздің ұзын санымен ғана өлшенбейді. Сөз байлығы деген ұғым – сөздің әр алуандылығы мен мағына реңктерінің молдығымен бағаланатын аса күрделі категория. Қазақ тілі қазынасындағы тұрақты сөз

тіркестерінің релеванттық қасиетін айқындау, қазақ фразеологизмдерін іштей саралап бөлу, сондай-ақ фразеологиялық мағынаның калыптасуы, фразеологизмнің құрам сипаты және компоненттердің байланысу түрлері, фразеологизмдердің стильдік ерекшеліктері, фразеологизмдердің сөзден және мақал-мәтелдерден айырмашылығы мен оларға ұқсас тұстары, фразеологизмдердің грамматикалық сипаты, бірнеше фразеологизмдердің жасалуына арқау болатын ұйтқы сөздер, фразеологиялық калька сияқты фразеологияның көкейтесті мәселелерін қазақ тіл білімінің күн тәртібіне қойып, қазақ фразеологиясының бағыт-бағдарын саралаған, осы саланың дербес пәнге айналуының негізін қалаған ғалым академик І. Кеңесбаев болды.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 264 б.  
3 [lektsii.org/14-38412.html](http://lektsii.org/14-38412.html)
- 4 Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
- 5 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы, 1966. – 215 б.
- 6 Смағұлова Г. Фразеологизмдердің синонимдік қатарлары. – Алматы: Ғылым, 1997.
- 7 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977.
- 8 Сарышова К.С. Фразеологизм мағыналарының калыптасуындағы ұлт менталитетінің рөлі: мақала// <http://e-history.kz/media/upload/>
- 9 Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.
- 10 Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: Арыс, 2010. – 280 б.
- 11 Сейітова Ш.Б. Қазақ этнонимдерінің тарихи-лингвомәдени жүйесі // Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты, Алматы, 2009. – 54 б.
- 12 Үрімova Р.К. Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің этноқұрылымдық сипаты // Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты: Алматы, 2009. – 29 б.
- 13 Нұржанова А.Б. Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды // Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Астана, 2010. – 24 б.

14 Ержанова З. Қазақ қолөнеріне байланысты фразеологизмдердің этномәдени аспектісі // Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. – Алматы, 2010.

15 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 б.

16 Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 128 б.

17 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.

18 Уәлиев Н. Фразеологизм және норма. – Алматы, 1998

19 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1993

20 Виноградов В.В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке // В.В. Виноградов. Избранные труды. Лексикология и лексикография. – М., 1977. – С. 140-161

А.С. Дюсембинова, Ж.К. Жубантаева

**Исследование фразеологизмов в казахском языкознании**

<sup>1</sup> Гуманитарный факультет

Павлодарский государственный педагогический университет

г. Павлодар, Павлодарская обл., Республика Казахстан

A.S. Dyusembinova, Zh.K. Zhubantayeva

**Research of idioms in the Kazakh linguistics**

<sup>1</sup> Faculty of Humanities

Pavlodar State Pedagogical University

Pavlodar, Pavlodar Region, Republic of Kazakhstan

#### Аннотация

В данной статье рассматривается изучение фразеологизмов в казахском языке. Фразеологические фразы используются человеком для того, чтобы донести свою мысль как эффективное, выразительное. Умение использовать фразеологические сочетания требует глубокого знания языка. Только человек, владеющий народным языком, понимающий природу слова, может передать свои мысли впечатляющими, красивыми, точными, рациональными. А фразеологические сочетания являются одним из выдающихся слов с казахским народом, а также с эпохой времени наблюдается формирование и обогащение фразеологизмов. Но, тем не менее, достаточно традиционных словосочетаний, сложившихся в нашем языке. Фразеологизмы язык явление, которое существует во всех языках. Из-за богатства языка, красотой языка, остротой языка ясно видно значение фразеологизмов.

Ключевые слова: фразеология, словосочетание, фразеология, словосочетание, язык, идиома, дерекция, пословица, афоризм, смысл

#### Summary

This article is devoted to the study of phraseology in the Kazakh language. Phraseological phrases are used to make a person's expression impressive and expressive. The ability to use phrasal expressions is a deep knowledge of the language. Only a person who knows people fluently and understands words can express it or impress in a sincere and precisely rational way. At the same time, phraseological phrases are one of the noble words that accompany the Kazakh people, as well as form and enrich phraseology. However, there are enough traditional phrases in our language. Phraseology is the phenomenon of the whole language. The essence of the phraseology, the richness of the language, the beauty of the language, the sharpness of the language are obvious.

Keywords: Phraseology, dictionary, phrase, word, language, idiom, data, proverbs, aphorism, meaning.

МРНТИ 17.07.41.

**А.Б. Бақраденова<sup>1</sup>**<sup>1</sup>Педагогикалық факультеті

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

г. Павлодар, Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы

e-mail: Altyn.Bakradenova@mail.ru

## ТАБИҒАТЫ ЗАМАНЫМЕН ТАҒДЫРЛАС АҚЫН

*Аңдатпа*

Автор «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жас оқырмандарды жергілікті айтыскер ақын, журналист Шолпан Байғабылованың туған жерінің тарихы мен мәдениетіне қатысты еңбектерімен таныстыруды көздеген. Патриотизмге толы шығармашылығына ғылыми талдау жасап, өлеңдерінің стильдік ерекшеліктерін ашқан. Мақалада ақынның шығармашылық пайымы, ақындық шабыты сөз болады. Кейбірде бір ғана өлеңі арқылы ақынның өзіндік интеллектуалды поэзиясына тән көркемдік жүйе байқалады. Ақынның дүние танымдық аспектілері сол өлеңіндегі метафоралық ойлау негізінде суреттеледі. Шығармашылық үдерісте туындаған авторлық сөз қолданыстары, кейіпкер сөзіндегі интонациялық мәнерлік мәселелері қарастырылған. Мақалада ақынның шығармашылық пайымы, ақындық шабыты сөз болады. Кейбірде бір ғана өлеңі арқылы ақынның өзіндік интеллектуалды поэзиясына тән көркемдік жүйе байқалады. Ақынның дүние танымдық аспектілері сол өлеңіндегі метафоралық ойлау негізінде суреттеледі.

*Кілттік сөздер:* туған ел, жергілікті ақын, айтыс жеңімпазы, зерттеуші, патриот ақын, рухани күш иесі, өмір, тартыс, күрес, тағдыр.

## КІРІСПЕ

Көптеген зерттеушілер алдымен ақынды оқырмандарының қалай қабылдайтынына назар аударады. Шолпан Байғалы Ертіс өңіріне журналист, айтыскер ақын ретінде ғана емес, өзі тұрғылас суырыпсалма республика ақындарының біразына сезімтал жүректі, лирик ақын ретінде таныс. Мақала мақсаты: ақынның халыққа қай қырынан жақын екендігін айқындау және шығармаларының тіліне әдеби талдау жасау арқылы табиғат берген ақындық қасиеттеріне баға беру. «Ақындықты «табиғат берген сый» деп танитын халықтық ойды бір ақынның «мен» атынан жеткізілген өлеңдерін талдау арқылы дәлелдеуді көздеген бұл мақала алғашқы зерттеу болып табылады. Негізгі бөлім Шолпан Байғалының

өмірбаяны авторға рухани күш беретінін баяндаумен басталған. Келтірілген елбасының сөзімен табиғатынан ақын болып жаратылған жанның өзінің туған жерінің патриоты екендігі дәлелденген. Оның Керекуде 80-ші жылдары қазақтың ежелгі өнері ақындар айтысын жандандыру ісі қолға алынғанда алғашқысы болғанын, кейін өзінің туған елі жайлы кітап жазғаны келтірілген. Ақын өлеңдерінің тақырыптарына, Тәуелсіз ел. Туған жер, Елбасы туралы өлеңдердің мазмұнына талдау жасалып, ақын тілінің көпқырлы, өзіндік стильдік ерекшеліктері біршама ашылды.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Елбасы өзінің «Тарих толқынында» деген еңбегінде «Туған жеріңнің, өз халқыңның тарихын білмейінше шынайы патриот болу мүмкін емес...» деп жазғанындай, туған аулының, ширек ғасыран артық табан аудармай тынымсыз еңбек етіп келе жатқан өз ортасында өнері мен адами қасиетімен бағалы бір жан бар, ол – Керекулік Шолпан Байғалы, яғни жергілікті ақынымыз. Ол кісіні мерейтойының аз-ақ алдында Бұқар жырау мұражайында ұйымдастырылған өңірден табылған тарихи көне жадығаттармен танысу кезінде кездестірдім [1]. Қашан көрсек, қоғамдық шаралардың басы-қасында жүретін еңбекқор жанға жақындығымды іштей сезетінмін. Бірақ бір қара Ертістің бойында туып-өніп, бір мектепте оқығанымызды енді біліп отырмын. Шолпан Байғалы облыс, республика газеттерінде оқушы кезінен ақындық талантын көрсете алды. Ал оның ақын аты айтыста ашылды.

Шығармашының табиғи талантын бірер айтыстан тани қою оңай емес, шынайы талантты жауһар өлең-жырларына терең бойлап, тақырыптық мағынасы мен мазмұнынан ғана тануға болады. Айтысқа сөз тартысына белсенді, белдігі мықтылар шыға береді, ал қыз ақынның кейде тылсым сезім күйректігіне түсуіне орай, қайрала келе тартысқа аса жауапкершілікпен қарайтын «мендік» сипатына байланысты айтысты доғарғанын түсінуге болады. Дегенмен, осы Кереку-Ертіс өңірінде бұл өнердің отын маздатқан отансүйгіш патриот Шолпан, қазіргі кезеңде атағы жұртшылыққа белгілі құрметті ақынымыз Шолпан Байғалықызы ол. Өскеменнен келген Серік Құсанбаев жеңістен жеңіске жетіп жүргенде, қаражаяу емес, тіпті мінезді бола тұра, Шолпан апайымыз азды қанағат тұтты.

Мен ақынға тән өзіндік қолтаңбасы Шолпан Байғалының шығармашылығынан, әсіресе өлеңдерінен, оның өзіндік сыр-сипатын: қарапайымдылығымен қатар намысқорлығын, қауіп-қатер бар екендігін біле тұра айтқанын жасайтын өжеттігін, қайсар мінезімен қатар сезімталдығын және көңіліне алғанын айтпай тұра алмайтынын да, сонымен қатар кішіпейілдігін, кешірімшілдігін байқадым.

«Автобиографиялық деректермен жалғасатын күнде де мұндағы «меннің» сипаты жеке бастықтан гөрі жазушылық сипатқа көшкен» (2, 182) деп әдебиет зерттеушісі жазғанындай, өлеңдер жинағында өзінің елінің қамқоршысы екенін көрсеткен ақын мерей жасына журналистік жолда жинаған ой-толғамы мол «Қызылтаң – алтын бесігім» атты естелік әңгімелері мен 10 өлеңдер жинағымен келіп отыр.

«Ақынның жолы әрдайым ауыр, өйткені ол жылт еткен қисынсыз жағдаятта үндемей қала алмайды, өлеңдері халықтың жоғын жоқтап, мұңын қозғайтындықтан ол әрдайым ой үстінде. Шолпан Байғалықызының ғұмырнамасымен естелік әңгімелер жинағынан толықтай таныстым [2]. 1969 жылы қоштасқан аяулы мектебімнің ол алғашқы түлегі болған екен. Туған ауылы Қызылтаңнан Байғалықызы, ал орталығы Чернорецкі, бөлімшесі Григорьевка ауылынан мен тырнақалды дүниелерімізді «Қызыл ту» газетіне мектеп қабырғасында жүріп-ақ жариялаппыз. Екі ауылда тұрып, бір Ертістің суын ішіппіз. Оқу бітірісімен, 8 өлең екі мақаламен КазМу-дің әйгілі журналистика факультетіне барғанымда, мен сияқты арманшыл он шақты баланың өткізіп қойған жеке құжаттарын қолдарына қайтарып беріп, Темірбек Қожекеев (сол факультеттің деканы) филология мамандығына сынға түсуге жіберген еді. «Қара Ертістің толқындары арманымды ала қашқан» деп өлеңдетіп, «Кім болғым келеді?» деген еркін тақырыпқа шығарма жазуым менің тұсауымды кесті. Рымғали Нұрғалиевтің назарына ілігіп, мамандыққа байланысты кейінгі даңғыл жолым ашылды.

Десек тағы, Шопекемнің өзіне ұқсас қиялшыл сіңлісін ерте танығандығы, оның арманына қанат байлағаны енді белгілі болып отыр.«Арман жолында» атты естелік әңгімеде: «1965 жылы Чернорецкі кеңшарына келіп, 10-шы кластың партасына отырдым. Біз Павлодар ауданындағы №2-ші орта мектептің қазақ класын бірінші түлектер едік... Класта 15 бала болдық. Чернорецкі мектебінің қазақ класын мектеп директоры Қапсаттар Смайлов марқұм жоғары жақпен айтысып жүріп ашыпты. Сол кездегі биліктің белінен басып, білегімен емес, білімнің күштілігімен мыңмен алысып, біздің орта білім алып шығуымызға жағдай жасапты. Бізбен бірге көрші қонған Григорьевка, Жамбыл, Сычевка, Чернояркадан балалар күркелі машинамен келіп оқыды» деп жазыпты.

Автор өзінің әдебиетке бейімделуіне қазақ тілі мен әдебиеттің майталман маманы, әрі қазақ балаларының жанашыры болған Қапсаттар Жәбекұлын ерекше ризашылықпен еске алған, ал мен ауылымнан бізбен сол күркелі машинада күнде бірге келетін мұғалім Кәріппек Төкеновтің білімпаздығына таңданатынымын. Мұғаліміміз бізді ана тілінде сауатты болуға және шығарма жазуға, кітапты таңдап оқуға үйретті. Бірде 8-ші сыныпта оқитынымын, мені мектеп теледидарға түсуге жіберді. Қалай барғаным енді белгілі болып отыр. Естелік кітабынан Шопекемнің туған ауылда пионервожатыйлық еңбек жолынан кейін «ау-

ыл тілшісі» делініп танылуы, әрі журналистік мамандықты сырттай оқуы бар болғандықтан, облыстық көгілдір экранның ең алғашқы тележүргізуші, редакторы болғанын біліп отырмын. Мен «Біз Ильичтің ұрпағы» атты бағдарламаға қатысыппын. Алқызыл бант байланған қос бұрымымды алдыма жіберіп, алып ұшқан көңіліммен 2 өлеңімді оқығанымды, жарқыраған үлкен шамдардан пысынап кеткенімді және төбесіне түйген прическасы ғана бойын биік көрсететін, әдемі диктор Нағима апайды көргеніме мәз болғаным есімде. 10-шы сыныпта «Мектепке журналист келді, сені тағы теледидарға түсіреді» деді класс жетекшім Ауғанбай Ахметович. Бұл жолы менімен сұхбат жүргізген кәсіби журналист Шолпан Байғалықызы екен. Ол кісінің «Осыдан екі жыл бұрын Алтынның ақын болғысы келген еді, енді пікірі өзгерді ме екен? Соны білейік дегені» еміс-еміс есте. Бұл хабардың шыққан-шықпағанын білмеймін. Ал алдыңғы хабардың эфирге шыққанын туысқандарымыз сипаттап айтып берген болатын. Ол кезде теледидар ауқатты отбасыларында ғана болды. Білетінім мені журналистикаға алғаш қанат қақтырған алдымен мықты әдебиетшілері бар алтын ұя – мектебім, сосын теледидардағы хабар басында жүрген Шолпан апай екен.

Шолпан Байғалының бақыты – өз шығармашылығын өз мекенінде түлете алуында, өз ортасының биігінен танылуында, ақын ретінде өзінің әр мінезіне талайларды тәнті ете алуында. Ол ерке ақын болуы керек еді, бірақ ата-анадан ерте айрылуы, ана тілінің күйтін күйттеп, талай жауапты қызметтерді атқаруы табиғи, таза еркелігінің ерте басылуына әкелді. Ол кісінің сөз тәркінінен әр кезде де болып жатқан заманауи жаңалықтарға алаңдаушылық, қоғамның дамуына қатысты дегберсіздене ізденушілік байқалып, тұңғық жанарынан шешілмей жатқан тіл төңірегіндегі мәселелерге қатысты ой шапақтары есіп тұратын-ды.

Өмірдің қыр-сырын терең сезінуімен тани алатын жанның ақын болуы ғанибет емес пе? Енді бір ауық Шолпан апамыздың сезімтал сүзгісінен өткізілген жырларына келейік:

1998 жыл. Қазақстанның тәуелсіздігіне 7жыл толған кезең. Бұл кезеңде Керекуліктер үшін ана тіліміз мемлекеттік тіл ретінде барлық салаларда оқытыла бастаған еді. Шолпан Байғалықызы қалалық қазақ тілі қоғамы тарапынан тіл мамандарын шақыртып, ересектерді оқытуды ұйымдастыруды қолға алды. Облыстық тіл департаменті құрылып, қала мен аудандық әкімшіліктерде сабақ беруге оқу орындарының мамандары шақырылды.

Қазір жиырма жылдай уақыт өтті. Сол тұста белсене іске кірісіп, барлығымыз бөрігімізді аспанға аттық, тілек білдірушілерді оқыта бастадық, тілімізге теңдік, бостандық келгеніне қуандық. Ақын апайымыз сол қуанышын шабыттана жеткізіпті. «Тәуелсіздік-тағдырым», «Көк туым», «Тілім менің» өлеңдері – бодандықтың құрсауы сөгілген кезеңге ақынның жанайқайы. Шы-



нында да тілден теперіш көргендердің тағдыры тәуелсіздікпен шешілді. Ауылда қалған бір құрбымның «Трамвайда ауылдағыдай қатты сөйлеп кетсек, орысша неге сөйлемейсіңдер деп ұрыс бастайтындар бар» дегені еске түседі. Бұл бір ғана мысал, ал ақпарат құралдарына жүздеген мақала-өлеңдерін тілге арнаған, тілімен де, ділімен де қаншама орыс мінезді жандарды рухтандырған журналист, әрине, заманымен, тілімен тағдырлас.

«Тәуелсіздік-тағдырым» өлеңінің идеясы – тәуелсіздіктің мәңгілікке келгенін асау тайға таңба басқандай етіп паш ету. Бұл күннің бір кезде елес сияқты болғанын, бірақ қазір шындыққа айналғанын ақын жүрек лүпілімен жеткізген. Өлең жазылар тұста Шопекемнің табиғи дарыны өн бойын жаулап алғандай. Ұлттық мүдде – Тәуелсіздіктің жарты ғасырдан артық уақыт аралығында аңсатып жеткенін:

*«Ұрандамай,  
Бұлаңдамай,  
Біз тындық.  
Бірақ, иә,  
Бодандықтың құрсауынан  
Босануға  
Ұмтылдық», – деп сипаттаған [8, 22].*

Келесі шумақта «Түн түндігін түріп тастап, самсаған жарыққа ұмтылған, «тәуелсіздікке жетуді аңсаған» лирикалық кейіпкер – автордың өзі екені баяндалады. Осындағы түн түндігіне қазақ тілінде сөйлемей жатқан әдеби-мәдени орталықтарды, елішінде өнердің түр-түрін игерген (сал-серілік, күйшілік, ақындық, ағаштан, темірден түйін түйген хас шеберлік т.б.) 7 өнер иелерінің ескерілмеуін, оқу-тәрбиені қазақша жүргізетін мектептердің жабылуын жатқызуға болады. Журналистің алғашқы мақалалары кілең социалистік жарысқа түскен сауыншы депутат, балаларды еңбекке жұмылдыра алған мектеп директоры, еңбеккер механизатор, шопандар жайында болған, бір жерінде ғана Қызылтаң көркемөнерпаздар үйірмесінің 1968 жылы Чехов атындағы театрда өнер көрсетіп, қалалықтарға алғаш рет «Келіншек», «Кеңес» күйлерін тыңдатқанын жазғандығы осы түн түндігіндегі «қаракеттер».

*«Түн түндігін  
Түріп тастап  
Жарық көріп  
Самсаған.  
Тәуелсіздік мен өзіңе  
Жетуді де  
Аңсағам»* деуге тілі мен ділін туған еліне арнаған

сезімтал ақын толық хұқылы болды деп ойлаймын.

70 жыл үстем болған КСРО-ның құлауын:

*«Талқан болды құрағы,*

*Егемендік мәңгілікке*

*Жанарымда тұнады,*

*Маңдайымда-тұрағы»,* – деп сипаттаған [8, 22].

Осы жолдарды оқығанда, әкеден айрылғанын балалармен ойнап кетіп сезбей қалған 7 жасар қыздың 1953 жылы Сталин өлгенде «Әкем қайда, әкемді сағындым» деп өкіріп жылаған қылығын ауылы біраз жыл сөз еткені ойға оралды. Сондағы ауыл азаматтары Қызылтаңның тарихын жазатын журналистің, болашақта ақын болатын қыздың өсіп келе жатқанынан алаңсыз еді. Міне, шындығында, оның мандайына тәуелсіздікті ту ету жазылыпты сол кезде. «Құрақ» деген сөздің екі мағынасы бар: Бұл өлеңнің астарына үңілсеңіз, «Құрақ» сөзі құрақ көрпенің құрағына көңіл аудартады. Құрақ көрпе сөгілді. Егемендік алған Тәуелсіз еліміз – қара жердің төсінде, алтын күннің нұрымен жайқалған жасыл құрақ іспетті.

«Көк туым» деген өлеңінде ақын балалық шағының естелігі боп қалған көк аспанын, әке шаңырағын елестетеді, оған қонған бейбіт күннің құсын сипаттайды, ақын тудың ішкі бояуларының өзінде көп сыр бар екенін ескертеді.

*Демеймін бұл қай заман, бұл жәй заман,*

*Күн сайын өсіп жатыр қазақ балаң.*

*Өмірдің тәттісі мен ащысы бар,*

*Бұдан да нұрлы болар келер заман.*

*Өмірдің өркеш-өркеш өр толқыны,*

*Бұл заман жүрегіме жыр толтырды.*

*Күн сайын бір жаңалық болып жатыр,*

*Көкірегін оятардай көр соқырдың [8, 52].*

«Өткеннің бәрі тарих. Өз басым ауылда өсіп, мектепке барып, оқу бітіріп, аңсаған арманымға қол созғанымды тағдырымның сыйы деп білемін. Туған жердің бір кәдесіне жарасам еңбегімнің жанғаны деп ойлаймын...» деп жазыпты журналист [11, 3]. «Шопекем» дегім келеді жақын тартып апайымды: «Сіз туған жеріңіздің ғана емес, туған өңіріңіздің біраз көрсоқырларының көзін аштыңыз. Олардың ішкі түйсіктерінің өз тілінен өгейсіп безінулеріне өздері кінәлы емес, заманы, орысшаланған ортасы кінәлы. Міне, Сіз ақындық жүреппен сезген рухани жаңғырулар жағалай болып жатыр. Ал оның алғашқы тал шыбығын Сіздер екенсіздер! Жаңа заманның өзгере қоймаған адамы жаныңызды қынжылтатынын «Тілім менің» атты өлеңіңізде тұр:

*«Шығып бір биік мінбеге,  
Сөйлейді сөзді сұранып.  
Не дейін мына кірмеге,  
Тұрғанда тілі бұралып.*

*Қазақтың тілі, қайтейін,  
Қор болды-ау мына пасыққа  
Қызарды бетім өрттейін,*

*Тыңдайын әрі асықпа...»*, – деп бастаған жанайқайыңыздан

кейбіреулердің ділі қазаққа тартпаса да, мемлекеттік тілді пайдаланып, мансабын көтеруді байқағаныңыз сезіледі» [11.,203].

Мақаланың алдыңғы жолдарында жазғанымдай, Шолпан Байғалықызы – тылсым сезім адамы. «Сезімді қайтем тулаған» атты 2006 жылы «ЭКО» баспасынан жарық көрген өлеңдер жинағы ақындық сезімталдықтың, өміріндегі әрбір жағдаятта ақын жанын жегідей жеген, діттеген тақырыптардың үлгісі және дәлелімен, дәлдеп ашылған бірнеше нысанасы

*«Құдіреті күшті құдайым,  
Сезімтал жүрек берген-ді.  
Үндемей қалай тұрайын*

*Өлеңге қоспай сезгенді»* деп өзі жырлағандай, «Айналасынан

ақын нені сезді екен?» деген сауалмен өлең тақырыптарына барлау жасағанымызда, ақын жүрегінің сезімталдығы мен көңіліне келгенді жаза алмай қалмағандығы байқалады. Мысалы, «Нұршуақ» атты толғау өлеңінде ұлы адаммен кездескен кезде тосыннан пайда болған сезімін жырлаған [8, 19]. Осы кездесуден алған әсерін:

*«Бетпе-бет келген кезімде,  
Бойымды кернеп бір әсер  
Мөлдіреп өлең көзімде*

*Жауып бір кетті жыр нөсер»*, – деген шабытпен суреттеп

бастаған да, тұлға портретін сипаттаудан тартынбаған: «жанары мірдің оғындай», «...жарқыл ұшқыны өңменнен тіліп өткендей», «қуатты қолдың шуағы тәңірдің берген сыйындай», «алақанының ыстығы жүрекке барып жеткендей», «қадалған көзі тым өткір, тәңір төккен шуақ қой» деген перифразалармен суреттеген. Нұршуақ – ақынға тосыннан оның қолын алып сәлемдесу сәтінде сезілген жылылық пен мейірімділікті мегзейтін метафора. Ел-жұртын басына көтере бағалап, жеткен жетістіктеріне әділеттілік танытқан елбасын, ақынның адал жүрегінің түкпіріндегі жырды нөсердей жауғызған жанды «ұлы адам» демей, ақын қалай атасын? «Мен сезімді жанмын», «көңілім дүр ақынмын», «...тайсалды жүзім шыдамай», «кеудеме бақыт қонды», «ойламаған жерден басыма бақ қонды», «үйіріп өткен құйындай

қиялда қалдым» деп нұршуақтан туған сезімнің құдыретін сипаттайды. Өлеңдегі бір кемшілік – мазмұнының шұбалаңқылау беріліп, автордың 3–4 шумағының артық кетуі. Мысалы, ақындық шабытпен өзін ұлы адаммен қатарластырып жіберуі, оған өмірдегідей ғашық болуы, қайта жүздесуді аңсауы. Мұны түзету кеш емес. Соңғы екі тармақты поэзияға өзі сияқты еліткіш сіңлісі «Шығарған елін төріне, тағыңа тағы таңдар ем!» деп аяқтар еді.

«Киём менің» атты өлеңінде поэзия құдіреті бойды жайлаған сәттегі сезімді де Шопекем әсерлі жырлаған.

*Көңілім нұрға бір толып,  
Егіздей емер жыр төсін.  
Жасаған ием жар болып,  
Аламан алғыр күш берсін.  
Қысылған жырлар кеудемнен  
Шығады жалын атылып.  
Құдыреті күшті періште  
Шабытты бойға шақырып.*

Бұл өлеңнен байқайтынымыз: ақындық кез келген жанға қона бермейді, өлеңді дүниеге әкелетін киелі күш бар да ол күштің тегеурініне шыдас беретін ақындық «мен» болуы керек. Ол «меннің» атынан:

*Өлеңі менің өзегім,  
Бәріне өзім төземін.  
Аппақ менің тілегім,  
Аман болсын ұлы елім*

*Сүрінсем өмір жолында,  
Киесі сақтар халықтың,  
Алланың бәрі қолында,*

*Жазылар бүгін тарихпын»* деп, ақын сезімдері бұлайша неге тулайды, өйткені біз өмір сүріп жатқан кезеңдер түрлі қиындықтарға толы [8, 59].

Ғұмырнамасында Байғалықызының өтпеген соқпақтары жоқ. Ақын өлеңдерінен қос тұлымшағы желбіреген, «балалықтың бақытын басынан өткізбеген», «қайтпас қайсар мінезді», «сыршыл қара көзді» балаң қызды («Тұлымшақ»); «жұдырықтай жүрегімен», «дауыл күйді басынан өткізіп жатса да», «сыйға тартқан орамалдан сыр ұққан», «баяғының ханшасындай», «қанға

сіңген тәкаппар мінезі бар» бойжеткенді («Орамал»); «көкірегі от, жаны жалын, қызыл шоқ» көлеңкесінен қорқар жайы жоқ», тіршіліктің қызықтарын «салмақтап көп ойлайтын» күрескер азаматшаны («Тайталас»); «айға ұшып кеткен перішtesін» іздеген, «көзінің жасы жанын сабалаған, жүрегін өкініш жаралаған» тағдырының жазуына көнген ананы («Тағдыр») көреміз [6, 11, 193].

*«Адамның күні бар ма сыналмаған,*

*Бақ тайса, мал менен бас құралмаған.*

*Күніне тоқсан түрлі көрсең пәле*

*Сонда да күдер үзбе бір алладан»* деп адамзатқа үміт отын ұсынған

Майлықожа бабаның сөзі ақынға да, заманауи оқырмандар көңіліне де медет.

Өмір – тартыс, өмір – күрес, өмір – тағдыр салған жол екендігін талай шығармашылардан оқып-біліп өстік. «Мыңмен жалғыз күрескен» Абай, «Тар жол тайғақ кешуден» өткен Сәкен Сейфуллин, таршылықтың, жетімдіктің кермек дәмін татқан Шолпан Иманбаевалар феодалдық және кеңестік заманның күйін кешіп, теңдікке жету жырларын жырлады Ал, кешегі күні ғана ана тіліне, еліне, ұрпағына депутаттық мінберден мәнді сөздері мен жырларын төгіп-төгіп кеткен Фариза Оңғарсынова сияқты Шолпан Байғалы екі заманға бірдей қызмет етіп келеді. «Нұршуақты» байқады, ұлы адамға табынды, халық киесі жамандықтан қорғайтынын айтты, ұлы елге айналатынымыздан үміткер. 2018-жылдың 20-шы тамызында жерлес ақынымыз жетпіс жасқа толды. Ол қайтпас қайсар тілегімен өткен жолына салауат айтады, ешкімнен ештеңе сұрамайды, өйткені ол туған жеріне қаламымен қызмет етуді міндетім деп есептейді.

*«Жоқ, мен өткеніме жыламаймын,*

*Бармын деп мына өмірде қуанайын.*

*Жұдырықтай жүрегім ауырмасын,*

*Ешкімнен ештеңеде сұрамаймын»* деп жазуы Байғалықызының елін,

жерін сүйетін заманауи тұлғасын танытып тұр. «Жарық дүние» деген жырында ақын ішкі ділімен ана тілін қорғаштай отырып, өзі емес, «пенделіктің жүрегін» сөйлетеді:

*Жарық дүние! Жалғансың-ау, жалғансың!*

*Бәрі деймін өтірік,*

*Сөз сөйлейді кейбіреулер*

*Көбік шашып көпіріп.*

*Салмағына ауырлықтың шыдамай,*

*Кетер ме екен жардың шеті кетіліп.*

*Жарық дүние,*

*қара бұлт боп неге тұрсың түйіліп?*

*Сөз сүйектен өткен кезде  
жүрек сыздар күйініп.  
Тіл тағдыры – тағдырым-ау, тағдырым,  
Демеймін бұл ірілік –  
Сұқ саусақтың ұшында тұр ілініп [8, 7].*

### ҚОРЫТЫНДЫ

Бір тақырыпта, бір мезгілде жазылған өлеңдерінде бірнеше авторлық қолданыстарды өз қызметінде жұмсауы Шолпан Байғалының қаламына тән екендігі, ақынның дүниетанымы мен ақындық табиғаты оқырманды ғасырлар қойнауына апаратындығы дәлелденген. Ш.Байғалы-өз елінің патриот ақыны, табиғаты өмір сүріп келе жатқан заманымен тағдырлас ақын. Біз зерттеушінің ақындық табиғатты дәл танып, өзіндік лабораториясын ашуын қолдап, талдап шыққан поэтикалық тілінің ерекшеліктерімен келісеміз.

Ел қамын ойлаған жанашыр жанның бойында тулаған ақындық, сыршыл сезім әлі де басылмақ емес. Заманының аумалы-төкпелі өзгерістеріне кейде қынжылады, кейде мәңгілік елге айналатынына шаттанады. Сезім барда діл басылмайды, тіл тартынбай тұрғанда, өлең-жырлары жібек жіппен өріліп, туған елінің алдында ақын рухы биіктей бермек. Осы мақаламды жазу барысында мен көрші ауылдан шыққан кешегі журналист, бүгінгі турашыл, ойшыл Шолпан Байғалықызын біраз таныдым деп ойлаймын және бала кезімнен ақ армандарымен қанаттанып, «халқымның қажымас қайрат тағдыры-ділі мен тілін» дамытуға атсалысқан апайымыз сияқты осы өңірдің перзенті екендігіме қуанамын. Заманға әрдайым тілін қорғап, айналасындағыларды ділімен рухтандырып тұратын осындай ақындар керек-ақ. Қара Ертістің бойында мына жалған дүниеге еніп, еліне адал қызмет етіп келе жатқан Шолпан ақынның туған жерге руханият тұғырын нық тұрғызуына әлі де күш-жігері жететініне сенімім мол. Өйткені ол өз мекенінің аппақ сезімді, ерке де адал ақыны.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. – 232 б.
- 2 Ислам Д. Қазақ лирикасы. – Алматы. Арман. «Ақ Арыс». – 180 б.
- 3 Адам. Шолпан Байғалы // «Қазақстан әйелдері» журналы. – 25.02.1964.

- 4 Шолпан Байғалы. Көктем тынысы. Өлеңдержинағы. – Алматы: Жалын, 1976.
- 5 Туған жер. Шолпан Байғалы // «Қазақстан әйелдері» журналы. – 1981. – 08.03.
- 6 Шолпан Байғалы. Ай-Нұрым менің. – Павлодар: ЭКО, 2000.
- 7 Шолпан Байғалы: Еркелеймін Ертіске. – Павлодар: ЭКО, 2003.
- 8 Шолпан Байғалы. Сезімді қайтем тулаған. – Павлодар: ЭКО, 2006. – 116 б.
- 9 Шолпан Байғалы. Сыр сандық. – Павлодар: Poiant, 2009.
- 10 Шолпан Байғалы. Сағым уақыт. – Павлодар: Poiant, 2013.
- 11 Қызыл таң – алтын бесігім. Шолпан Байғалы. Естелік әңгімелер. – Екібастұз: Primalux, 2016. – 279 б.

А.Б. Бакраденова<sup>1</sup>

**Эпохально судьбою преобразованный акын**

<sup>1</sup> Педагогический факультет  
Павлодарский государственный педагогический университет  
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

A.B. Bakradenova<sup>1</sup>

**Epochal-modified poet**

<sup>1</sup> Faculty of Pedagogy,  
Pavlodar State Pedagogical University,  
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

#### Аннотация

Автором поставлена цель ознакомить молодую читающую среду с деятельностью и творчеством акына-импровизатора, журналиста Шолпан Байғабыловой, как патриота, раскрывшего в своих сочинениях историю и культурное достояние родного края. В содержании статьи подняты проблемы, поставленные в программе «Рухани жаңғыру», сделан лингво-стилистический анализ своеобразной стили местного поэта. В статье рассматривается миропонимание и творческий порыв акына. Иногда в одном лишь стихотворении отражается образная система, присущая интеллектуальной поэзии. Описываются аспекты мировоззрения метафор в произведении. Автор лингво-стилистическим методом раскрывает многогранный поэтический стиль: выразительность речи лирических героев, так же своеобразное авторское мастерство, примененное в процессе творения. В статье рассматривается мировоззрение и творческий путь акына.

Ключевые слова: журналист, родной край, местный акын, победитель айтыса, патриот родины, оладает духовной силой, жизнь,

## Summary

The author's goal is to acquaint the young reading medium with the activities and creative work of the poet-improviser, journalist Sholpan Baygabylova, as a patriot who revealed the history and cultural heritage of her country in her writings. In the content of the article, the problems, set up in the programme "Rýham Jańgyry", are raised; lingo-stylistical analysis of poet's original style is done... Varticle creative impulses akuns in the process of creating a historical poems. Autor disclos the method Lingvostilistichesky mnogranny poetic style them: the expressiveness of lyrical speech, as a kind of autor's skill primeneno ev process of creation.

Key words: journalist, country, local poet, aytys winner, patriot akuns spiritual strength, life, discussion, fate



МРНТИ 14.23.04

**Т. Шайза<sup>1</sup>**

*<sup>1</sup>Өнер және спорт факультеті,  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы  
e-mail: Tamara11-81@mail.ru*

## МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ АРҚЫЛЫ ӨНЕРГЕ БАУЛУ

### *Аңдатпа*

*Мақалада ұлттық тағылым арқылы музыка сабағына оқушыларды баулу туралы негізделеді. Жас баланың жан дүниесіне музыканың құдіретті сазымен әсер етіп, музыкалық қабілет тәсілдері арқылы парасаттылық, жоғары талғампаздық, адамгершілік, патриоттық сияқты ұлы сезімдерге тәрбиелейді. Оқушылардың музыка өнеріне қызығушылығын ояту, дамыту, олардың музыканы қабылдау қабілетін дамытуды жүйелі түрде ұйымдастыру және халықтық мұра – орындаушылықты насихаттау. Өз білімін табандылықпен жетілдіріп, тапсырылған іске адалдықпен, сүйіспеншілікпен қараған жоғары моральдық қасиеттері болған жағдайда ғана мұғалім бұған лайықты бола алады. Қайта мұғалімнің кәсіптік шеберлігін арттыруда, мәдени және саяси ой-өрісін кеңейту жөніндегі табанды және күнделікті жұмісінің нәтижесі болып табылады. Қазіргі кезде оқу-тәрбие процесін ізгілендіруде, оқытудың тәрбиелік сипатының басымдылығына, сондай-ақ тұлғалық бағдарына назар аударыла қолданылады. Олардың қай-қайсысының бойынан дарындылықты табуға дамытады.*

*Тірек сөздер: музыкалық ұлттық тағылым, шығармашылық қаблет, рухани-адамгершілік тәрбие, халықтық дәстүр.*

### КІРІСПЕ

Мектептегі музыка сабағын оқушылардың танымдық белсенділігін дамытудағы мүмкіндіктері кең. Музыка мұғалімі өз сабағында шығармашылықпен ұйымдастыра отырып, әрбір сабақтың оқу-тәрбиелік міндетін, оның мақсатын алдын-ала бағдарлай біліп, қажетті әдіс-тәсілдерді таба білу, оқушының белсенділігін арттыру үшін өз сабағында баланың музыкалық музыкалық шығармашылық қабілетін қалыптастыратын рухани байытатын құрал ретінде қарау мәселесін сезіне білуге дағдылануын береді. Ол педагогикалық маманды-

ғын арттыру жөніндегі мәдени және саяси ой-өрісін кеңейту жөніндегі табанды да күнделікті жұмысының нәтижесі болып табылады. «Мұғалімнің мәдениеті» тақырыбында: Адамның кісілік қабілеті, соған лайықты бола білу, адамның табиғатпен, әлеммен үйлесімділігіне оқу-тәрбие процесінің халықтық дәстүрмен сабақтасып жатуына, рухани мәдениет негізінде болашақ ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесін жаңа сатыға көтеруге негізделген.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мектептегі музыка сабағының пән ретінде музыка мұғалімі тағдырын шешетін негізгі тұлға деп айтуға хақылымыз. Музыка мұғалімі өз сабағында шығармашылықпен ұйымдастыра отырып, әрбір сабақтың оқу-тәрбиелік міндетін, оның мақсатын алдын-ала бағдарлай біліп, қажетті әдіс-тәсілдерді таба білу, оқушының белсенділігін арттыру үшін өз сабағында баланың музыкалық музыкалық шығармашылық қабілетін қалыптастыратын рухани байытатын құрал ретінде қарау мәселесін сезіне білуге дағдылануы тиіс. Дауысымен, аспаппен жақсы меңгеру, дирижерлық шеберлікті жетілдіре отыра, музыканың теориялық дайындығы, халықтың мәдениетін, тарихын, музыка тілінің заңдылықтарын, ерекшеліктерін білу қажет. Мұғалім жұмысында ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рөл атқарады. Музыканың іс-әрекетінің барлық түріне балаларды еліктіріп әкету үшін мұғалім төзе отырып, жігерлі болуы тиіс. Мұғалім туралы қазақтың аса көрнекті қайраткері, ақын, аудармашы-ғалым Ахмет Байтұрсыновтың «Ең әуелі мектепке керек білімді, әрі педагогика, әдістемеден хабардар, оқытып білетін мұғалім» – деп баға бергені бүгінгі күнде де өз мәнін жойған жоқ. Жас ұрпақ тәрбиесінің бір саласы – музыкалық-эстетикалық тәрбие болып саналады. Жас баланың жан дүниесіне музыканың құдіретті сазымен әсер етіп, музыкалық қабілет тәсілдері арқылы парасаттылық, жоғары талғампаздық, адамгершілік, патриоттық сияқты ұлы сезімдерге тәрбиелейді. Музыка пәні мұғалімі үшін бірнеше кезеңнен тұратын ұзақ оқыту процесінде мынадай міндет қойылады: оқушылардың музыка өнеріне қызығушылығын ояту, дамыту, олардың музыканы қабылдау қабілетін дамытуды жүйелі түрде ұйымдастыру және халықтық мұра – орындаушылықты насихаттау. Өз білімін табандылықпен жетілдіріп, тапсырылған іске адалдықпен, сүйіспеншілікпен қараған жоғары моральдық қасиеттері болған жағдайда ғана мұғалім бұған лайықты бола алады. Мұғалімнің оқу-тәрбие қызметіндегі табыстары көбінесе оның шеберлігіне байланысты. Ол өздігінен келмейді. Қайта мұғалімнің кәсіптік шеберлігін арттыруда, мәдени және саяси ой-өрісін кеңейту жөніндегі табанды және күнделікті жұмісінің нәтижесі болып табы-

лады. Қазіргі кезде оқу-тәрбие процесін ізгілендіруде, оқытудың тәрбиелік сипатының басымдылығына, сондай-ақ тұлғалық бағдарына назар аударыла бастады. Бір қуарлығы қазіргі балалар өте алғыр. Олардың қай-қайсысының бойынан дарындылықты табуға болады. Тек тұтанып тұрған отты мезгілінде үрлеп, дұрыс бағыт-бағдар беру талабын қанағаттандырып отыруда мұғалімнің асқан шеберлігі қажет: кәсіптік шеберлік өздігінен келмейді. Ол педагогикалық мамандығын арттыру жөніндегі мәдени және саяси ой-өрісін кеңейту жөніндегі табанды да күнделікті жұмысының нәтижесі болып табылады. Кәсіптік шеберлік өз пәнін терең білуді, тәрбие мен оқытудың жаңа заңдылықтарын білуді жүргізу шеберлігін көздейді. Кәсіби шеберліктің маңызды көрсеткіші оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу шеберлігі мен дағдысының болуы. Ол оқушылардың мінез-құлқын бақылау, зерттеу және олардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруына көмектеседі. Ал сөздігі, жұмысқа әрдайым әзір тұруды, кейбір кездескен қиыншылықтарды жеңуі, тез арада шешім қабылдауы, оқушылардың ыңғайын табуы, ортақ тіл табысы араласуы керек. Жеке тұлғаның, мұғалімнің шеберлігі дер кезінде оларға ықпал ету, мінез-құлық жолын көрсетіп, иландыра білу, жаңаша іздестіру жолдарын жүргізу, ғылыми негізін меңгеру, өзінің кәсіби шеберлігін кеңестерде, жиналыстарда, ғылыми-практикалық конференцияларда көрсетуі керек. Қорыта келгенде, күрделі сан қырлы оқу-тәрбие қызметі мамандықта мұғалімдердің білімін арттыруда әрдайым жүйелі жұмыс қажет. Қызметін жаңа бастаған жас мұғалім ғана емес, көп жылдар бойы еңбек еткен ұстаз мұғалімдер әр мамандығын арттыруы қажет. Егер мұғалім бұрын жаттап алған педагогтік ережелер мен әдістемелік тәсілдерге сүйенсе, оқушыларды тәрбиелеуде елеулі табысқа жетуі қиын болады, өмірден артта қалады, өзіне жүктеген міндеттерді орындай алмайды. Мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін, оның мамандығын артыруда әдістемелік бірлестіктің рөлі зор. «Мұғалімнің мәдениеті» тақырыбында: Адамның кісілік қабілеті, соған лайықты бола білу, адамның табиғатпен, әлеммен үйлесімділігіне оқу-тәрбие процесінің халықтық дәстүрмен сабақтасып жатуына, рухани мәдениет негізінде болашақ ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесін жаңа сатыға көтеруге негізделген. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы да осы бағытта жүзеге асады. Бұл үшін оқу жүйесінде, ең алдымен, ұйымшылдық, тәртіп, қалыпты жұмыс қажет, егер бала білмей жатса, ол үшін баланы жазалауға болмайды, кінәні мұғалімнен іздеу керек. Баламен қатынас жасауда төзімді болу керек және әр пәнді түсінікті, ұғымды жеткізе білу де шеберліктің шыңына бастайды. Абай Құнанбаев мұғалім бір орнында тұрып қалмай, үнемі іздену, оқу, өсу үстінде болу керектігін, сол білгенін басқаға үйретуді қажеттігін ескертеді. Ең бастысы мұғалім адамгершілігі мол, үлкен жүректі, әділетті болу шарт. Өз дегеніне жету үшін мұғалімнің мінезі кең, ерік-жігері мол, ішкі жан

дүниесі сұлу, баланы сүйе білетін, рухани жан дүниесі таза адам болмағы ләзім. Абай адам мінезі рухани жан дүниесі мен ерік-жігері арқылы анықталады дегенді айтады. П. Подласыйдың айтуынша, педагогке тәрбиелей және басшылық ете білу, тыңдата және тыңдай білу, оған сенім арту, алға ұмтылуға үйрету, байқампаз болу, қандай жағдайда болсын шешім қабылдай білу қажетті қасиет. Педагогтік мамандық білімділікті қажет етеді. Мұғалім – белгілі бір пәнді жетік меңгерген мамандық иесі. Болашақ мұғалімнің біліктілігі оқу орнында алған білімі арқылы қалыптасады. П. Подласый педагогикалық қабілеттілікке ұйымдастырушылық, дидактикалық, коммуникативтік, зерттеушілік, ғылыми-танымдық тағы басқа жатқызады. Бұл қасиеттер мұғалімнің бойында болуы тиіс. Білім саласында «Мұғалім қалай көрінеді?» деген сұраққа педагогикалық әдебиеттерде тура жауап жоқ. Қазіргі күні тәрбиенің қажеттілігі, қоғам талабы жайлы жетек зерттелмегендігі айтуға болады. Өйткені мұғалім және оның еңбегі, тәрбие жұмысы соңғы орында тұрады. Міне, осы олқылықтардың орнын толтырмаса болмайды. Біз 5-сынып оқушыларынан мұғалімнің қандай қасиетін бағалайтындығын сұрап көрдік. (Бұл жастағы балалар өз ойларын еш бүкпесіз ашық айтатыны белгілі). Олар өздерінің сүйікті мұғалімдерінің мейірімді, көңілді, керек кезінде қатаң талап қоя білетін, айтқан сөзінде тұратын әділетті, балаларды өте сүйетін, бағаны әділ қоятын, сабақты қызықты өткізетін т. б. ерекшеліктерін атап көрсетті. Бұдан оқушылар мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен жеке қасиетін бағалайтындығын көруге болады. Оқушыларымен жүргізген сұрақ-жауабына қарағанда, олар мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен іскерлігінен гөрі жеке қасиетін жоғары бағалайтындығын аңғаруға болады. Жоғары сынып оқушылары адамзат әлеміндегі күрделі қарым-қатынас, өмірдегі өз орны, өзін қоршаған ортаның рөлі жайлы айтады. Сондықтан мұғалім де біз сияқты адам, бізді түсінеді. Онымен ой бөлісуге, ақылдасуға болады дегенді айтады. Жақсы мұғалім болу үшін ең алдымен, жақсы адам болу керектігін көрсетеді. Мұғалім жаза қолданушы емес, адам жанын түсініп, оған көмек беруші, қиын жағдайдан алып шығатын жанашыр адам болуын қалайды. Мұғалім айғайласа, онда ол өзінің әлсіз екендігін көрсеткені, қатаң болу керек, бірақ жөнімен. Әзілдесе білу де мұғалімге қажет. Бір сөзбен айтқанда, жоғары сынып оқушылары мұғалімнің адамды түсінетін, ақыл-кеңес беретін дос адам ретінде болуын қалайды. Бұдан мұғалімнің кәсіби шеберлігімен қоса биік адамгершілік қасиеті болу керектігін байқаймыз. Кәсіби шеберлікке еңбек сүйгіштік, тәртіп, мақсат қоя білу, оны іске асырудың жолдарын білу, ұйымдастыра білу, талап қоя білу, жұмыс сапасын көтеру т.б. жатқызамыз. Сондай-ақ мамандығына деген сүйіспеншілік, педагогтік парыз, жауапкершілік, педагогтік әділеттілік, өзіне-өзі сенімді болу қасиеттері де кіреді. Жас мұғалімдердің жұмысқа оң қатынасы оның еңбегімен, сондай-ақ ұжымының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерімен

тікелей байланысты. Жас маманның бейімделуі кәсіпке айқын қызығуымен, жұмысқа көп қанағаттанғандығымен сипатталады. Жас педагогтердің өздерінің пікірінше, қанағаттанушылық жұмыстың қоғамдық мәнділігіне, оқушылармен тез байланыс жасауға көмектесетін педагогтің коммуникативті қабілеттілігіне, айлық ақыға, адамдармен қарым-қатынасқа және әкімшіліктің қамқорлығына, жүктемеге, жұмыс үрдісінің өзіне, ұжымдық жолдастарымен байланысына, шығармашылық жолдың ашылуына, даму мен өзін-өзі жетілдіру мүмкіндіктеріне т.б. байланысты. Ән бөлімінде балаларды ырғағына келтіре, әдемі ән салуға тәрбиелейміз. Ән салу арқылы өлеңнің мазмұнын, тәрбиелік мәнін саналы түрде меңгеруіне мүмкіндік береміз. Балаларды хормен ән айтқызып жаттықтыру арқылы, оларды ортақ сезімге бөлендіріп, өздерінің әрекеттерін бір әуенге үйлестіруге төселдіреміз, жауапкершілікке, ұйымшылдыққа баулимыз. Бірлесіп жұмыс істеу дағдысын қалыптастырамыз. Жеке дауыста ән айта білуге, әндерді есте сақтай білуге, музыкалық шығармалардың құрылысын түсіне білуге тәрбиелейміз.

Музыка тыңдау бөлімінде жекелеген музыкалық үндерді және тұтастай музыкалық шығармаларды тыңдай білуге, ондағы музыкалық дыбыстарды ажырата білуге жаттықтырамыз. Дыбыстардың биіктігін, ырғағын, музыкалық бояуын және дұрыс тыңдап, қабылдай білу қабілетін дамытамыз. Сонымен бірге тыңдау арқылы оқушылардың эстетикалық сезімдері, талғамдары дамып, эмоциялық сезімдері оянып ләззат алады. Музыкаға деген қызығушылықтары артып, тыңдау қабілеті дамиды. Музыка тыңдату жайында балалар дамуының бірдей дәрежеде еместігін түсіну маңызын музыка мұғалімі білуі керек. Музыка өнері жасөспірімдердің жеке тұлға ретінде дамып, қалыптасуында аса маңызды роль атқарады. Музыка адам саласына, жүйке жүйесіне ықпал ететін ерекше психофизиологиялық құбылыс болып табылатын дыбыстар арқылы бейнеленеді. Ал ол дыбыстар – түрлі биіктік пен күштіліктегі жай дыбыстар емес, адам сезімін бейнелеуші, реттеуші сұлулық заңына сәйкестенген әсерлі әуен өрнектері. Әуен-саздың жеке тұлғаның дамып, қалыптасуындағы әсер-ықпалына адамдар өте ерте кезде-ақ назар аударған. Адамзат қоғамының дамуының ең алғашқы кезеңдерінің өзінде оны идеялық-психологиялық қару ретінде қолдана білген.

Музыка – қоғамдық сананың формасы ретінде адамдардың эмоционалдық сезіміне тікелей ықпал етуші эстетикалық тәрбие құралы. Музыкалық шығармаларды аспаптарда ойнап үйрену, орындау жеке тұлғаның эстетикалық, эмоционалды-сезімдік, құндылықты сана-сезімін дамытып, қалыптастырады, әсемдікті қабылдап, сезінуге талпындырады. Ол эстетикалық тәрбиенің басты мақсаты болып табылатын жеке тұлғаның эстетикалық талғамын, эстетикалық идеалын қалыптастырады, болмыстағы құбылыстар мен өнер туындыларындағы

әсемдікті саналы түрде қабылдай білуге үйретеді және өзіндік шығарымпаздық қабілеттерін дамытады.

Музыкамен шұғылдану барысында еңбек тәрбиесі міндеттері жүзеге асырылып отырады. Бір жағынан, тыңдалатын музыкалық шығармаларды қабылдау, есте сақтау қабілеттері дамытылса, екінші жағынан, ән салған кездегі дауыс аппараттарының іс-қимылы немесе музыкалық-ырғақтық қозғалыстар жасау сияқты еңбек процестері жүріп жатады. Бұндай іс-әрекеттер өз кезегінде оқушылардың ынта-ықыласымен еңбектенуін, тәртіптілігін, іске деген жауапкершілікті қарым-қатынасын талап етеді, әрі тиянақтылықпен еңбек ету іскерліктерін қалыптастырады.

Ән салу, музыкалық шығармаларды түрлі аспаптарда орындау физиологиялық процесс болғандықтан, балалардың дене тәрбиесіне, денсаулығына жағымды ықпал тигізеді. Осындай іс-әрекетпен жүйелі түрде шұғылдану өкпедегі оттегі алмасуын белсендіріп, дауыс аппаратының, дем алу органдарының шымыр да икемді жетілуіне, жалпы денсаулығының жақсы болуын қамтамасыз етеді. Ән салу, музыка тыңдау адамның тонусын, яғни жүйке жүесімен бұлшық еттерінің физиологиялық жағдайдағы күш-қуатын арттырады. Отырып немесе түрегеп ән салу процесінде дене бітімін, басты, қолдарды дұрыс ұстауға дағдыландыру сияқты талаптардың қойлуы балалардың дене қозғалысы мәдениетін қалыптасуына көмектеседі. Музыкалық есту қабілеттерін дамытуға бағытталған жүйелі түрде жүргізілетін жаттығулардың да мәні зор. Ондай жаттығулар жасау барысында оқушылар тек дыбыстардың биіктігі мен ұзақтығын, тембрін, күшін бір мезгілде немесе бірізділікпен сабақтаса естілетін дыбыстар кешендерін ажырату қабілеттерін иеленеді. Сөйтіп, есту рецепторларының қызметі белсендіріледі.

